



**Д. Т. АЙТБАЕВ, Г. Е. АЙТБАЕВА,
Г. Қ. АБДУРАИМОВА**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫ ҮШІН
10-СЫНЫП ОҚУЛЫҒЫ**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

1-басылым

**Чўлпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2017**

УЎК 811.512.122(075)
КБК 81.2Қоз-922
А 32

Пікір жазғандар:

Ақмарал Нисанбаева — Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті доценті;

Раъно Шербаева — Төменгі Шыршық ауданы 31-мектептің қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы

Редакторы:

Ж.Қ. Абдураимова

Шартты белгілер:



Сұрақтар мен тапсырмалар



Үй жұмысы

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржысы
есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-05-984-9

© Д. Т. Айтбаев және басқ., 2017
© Чулпон атындағы БПШҮ, 2017



КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасында жасайтын қазақ мектеп оқушылары үшін қазақ тілі сабақтары өмірді, ондағы адамилық қарым-қатынастарды түсінуге ашылған терезе іспеттес. Мұнда қайырымдылық, адалдық, бір-бірін түсіне білу парыз және басқа да көптеген түсініктердің алғашқы бастамаларының негізі қаланады. Әрине, осындай маңызды ұғымдар оқушы санасында дайын күйінде қалыптаспайтындығы айдан анық. Сондықтан да қазақ тілі пәні мұғалімдері сабақ құрылымын құруда көркем сөздер арқылы тек оқушының санасына әсер етуді көздемей, алдымен, оқушының сезіміне әсер етуге, оларды жақсылыққа қарай бағыттауға жағдай жасап, шығарма арқылы шынайы өмірге көпір салуға ұмтылғаны жөн.

Қазақ тілі — оқушыдан тек білімді терең меңгеруді ғана қажет етіп қоймай, заман талабына сай болуды да қажет етеді. Әсіресе, қазақ тілінің фонетикалық жүйесін, лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын практикалық жақтан әрі тұжырымды, әрі нақты түсінікті етіп баяндап, талдап беруде терең білім мен әдістемелік тәжірибенің орны ерекше екендігін айтып өткен дұрыс-ақ. Сонымен бірге сыныптың жоғары сатысына өткенде оқушылардың сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас жасау, сөздерді дұрыс айту және дұрыс жазу ережелерін терең меңгеру, шешендік және сөз мәдениеті, пікірталас мәдениеті, ресми іс қағаздарымен жұмыс алып бару сияқты мәселелер оқушылардың ой-өрісін дамытып, тіл ұстартуын дамытады.

Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиёевтің «Білім беру мен тәрбиенің барша буындарын заман талабы негізінде қалыптастыру — бірінші орындағы міндетіміз», — дегені оқытушыға да, оқушыға да үлкен міндет жүктейді.

Адам тіл болмаса өз ойын екінші біреуге жеткізе алмайды, айта да алмайды, біреудің ойын түсініп, біле алмайтын да еді. Тіл арқылы оқып, білім аламыз, мамандықты игереміз. Өткен тарихымыз

бен халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, т.б. тіл арқылы жетеді, тіл арқылы кейінгі ұрпаққа мұра болып қалады.

Құрметті оқушы, Сіз осы кезге дейін ана тіліміздің дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем деп аталатын құрылымы, құрылымдық бірліктері жөнінде тиісті білім алдыңыздар. Ендігі жерде осы аталған тілдік бірліктердің күнделікті тіл қолданысымыздың әр түрлі жағдаятына қарай қалай жұмыс істейтіні, қандай қызмет атқаратыны, қайткенде оларды тиімді қолдануға болатыны жөнінде жүйелі білім аса қажет-ақ. Осындай қиын міндетті қолға алу бүгінгі таңда тіл туралы ғылымның, оның ішінде сөз мәдениеті мен стилистика деп аталатын пәндердің еншісіне тиіп отыр.

Тіл — қандай да болмасын ұлттың, халықтың баға жетпес рухани қазынасы, ұлттық санамен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. Сондықтан «тілден тілдің кемдігі жоқ» деген ізгілікті принциптің сөз мәдениетіне арналған оқулықтарында берілуінің ерекше мәні бар. Өйткені мұндай гуманистік ой-пікірді зердесіне ұялата білген жан мәдениетсіздікке бармайды. Өз халқының қадір-қасиетін ұға білген жан ана тілін аяқ асты етпейді, өзге тілді де өзегіне теппейді.

Біздің қоғамға ана тілін ардақтай білетін, оны қызғыштай қорытын жас жеткіншектер керек. Тіл мәдениеті үшін күрес — екінші бір тілді мұқату үшін күрес емес, ана тілінің қызмет өрісін кеңейту, оны білім мен тәрбие, таным-түсініктің мықты құралына айналдыру үшін күрес. Тілдің қоғамдық қызметі өрістегенде ғана, ана тілінің көсегесі көгереді, дүние жүзіндегі дамыған тілдердің қатарынан орын алады. Ал тілдің сан алуан қоғамдық қызметіне тосқауыл қою, өрісін тарылту оның сөздік қоры, грамматикалық құрылымы, дыбыстық жүйесінің жұтандануына әкеп саяды. Бабы келмей, мұқалған, өткірлігінен, ажарынан айрылған мұндай құралдың әсте қарым-қатынас, таным-түсінік, білім-ғылымның құралы болу қызметі әлсірейді. Мұның салдары қоғамдық сананың төмендеуіне әкеліп саяды. Сондықтан да, мәдениетті қоғам тіл үшін қам жеп, өзі пайдаланатын құралдың өткірленіп, ажарлана түсуіне жағдай жасап отырады.

Тіл мәдениеті, сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті стилистикамен тығыз байланыста дамып отырады. Қазақ тілі стилистикасы тіл білімінің өзге — фонетика, лексика, грамматика (морфология, синтаксис) салаларымен тығыз байланысты.

Стилистика — стиль туралы ғылым. Стиль деген сөздің ұғымы өте кең. Ал тілге қатысты стильді тіл білімінің салалары— фонетика, лексика, грамматика (морфология, синтаксис) қарастыратын тіл заңдылықтарымен, оларды қолданысқа түсіру принциптерімен байланыста түсінеміз. Себебі, тілдік заңдылықтарды дұрыс, ережеге сай етіп жұмсай білу бар да, белгілі бір көңілдегі көрікті ойды көркем етіп жеткізу мақсатында тілдің дұрыс қолданудағы әр қилы техникаларының сөйлеу, жазу үлгілерінің ерекшеліктері бар. Бір ұғымды айтып, не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануға болады. Бұл ретте, әсіресе, тіліміздегі синонимдер мен оның варианттары көбірек пайдаланылады.

Тіліміздегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан басқа осындай қосымша реңін эмоционалды-экспрессивті бояу дейді. Оларды, сондай-ақ, тілдің стильдік сапасы немесе мәнерлі тәсілдері деп те атайды. Стильдік сапа немесе мәнерлегіштік сипат тек лексика мен фразеологияға ғана тән құбылыс емес. Стильдік сапа — тілдік единицалардың қай-қайсысына да тән құбылыс. Морфологиялық тұлғалар мен синтаксистік құбылыстардың да мәнерлегіштік сипатын дәлелдейтін көптеген мысалдар келтіруге болады: сөйлегіш, сөйлемпаз, сөзшен, сөзуар, сөз құмар т.б.

Сөйлеуде сөз бен сөйлем құрылысының дұрыс және айқындығының үстіне, дыбыс үйлесімділігі болуы да шарт. Дыбыс үйлесімділігі, біріншіден, біркелкі дыбыстардың бір жерге жиналуынан сақтандырса, екіншіден, сөйлеудің мәнерлілігін арттырады. Сондықтан, дыбыс үйлесімділігі оқуға және тындаушының қабылдауына үлкен жеңілдік туғызады. Бұл фонетикалық тәсілдердің практикалық мәні.

Әр түрлі стильдік сапа, мәнерлегіштік сипат тілдік единицалардың барлығында да болады. Сондықтан стилистиканың зерттеу нысаны — фонетика, лексикология, семасиология және грамматика зерттейтін единицалар. Бірақ тіл білімінің бұл салалары тілдік единицалардың стильдік сапасын қарастырмайды.

Оқулықтың соңғы тарауы күнделікті өмірдегі қазақ тіліне арналады. Қазақ тілінің әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы қызмет ету ерекшелігі сөз мәдениеті тұрғысынан талданады. Сондай-ақ ресми-іскерлік қатынастағы сөз мәдениеті тілдік және тілдік емес ерекшелікпен байланысты қарастырылады.





🌿 БІРІНШІ ҚЫРКҮЙЕК – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ 🌿



ОТАН

Айналайын халық дейтін таңымнан
Ұлылығы Тәңіртау боп танылған.
Бірі Науаи, бірі Абай болғанмен,
Жолдары да, колдары да танылған.

Қансыратып Аралымды, Есілді,
Шын арманың, шынарларың кесілді.
Отан үшін от кешкен соң ұл-қызың,
Уақыт бізге өзі айтты шешімді.
Өз жаныңды жаншып алған мың түйін,
Мың түйіннен бір-ақ түйін шешілді.

Ашық ауыз не демейді сыртыңнан,
Отанымсың жүрегінде сыр тұнған.
Қызғалдақтай, қыр үстінде құлпырған,
Шаттық сыйлап келе жатыр нұр тұлған.

Бойларыңды, ойларыңды дүр ет те,
Сананды мың сілкісе де, дір етпе.
Тәуелсіздік, Егемендік — қос тұлпар,
Шапқылайтын тілек пенен жүректе.

Өзені де бұрды енді арнаны,
Тәуелсіздік — ата-баба арманы.
Қара бастан қара бұлттар көшті ғой,
Елің ел боп, Тәуелсіздік алғалы.

Отаныңа қай жүрек бар бағынбас,
Отаныңда бақытың мен бағыңды аш.
Мың мәртебе кең болғанмен дүние,
Сендей ғазиз Отан бірақ табылмас.

(Мекембай Омарұлы)

Ақыл көркі — тіл,
Тілдің көркі — сөз,
Адам көркі — жүз,
Жүздің көркі — көз...
(Жүсіп Баласағұни.)

Тіл — адамның барлық саналы өмірінің құралы өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрқайсысымыздың борышымыз.

Ана тілін жетік білу, ана тілінде таза сөйлеу — мәдениеттіліктің белгісі.





ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1996), Тіл саясаты туралы тұжырымдамасы (1996) және осыларға негізделген Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңы (1997) Республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тілге – қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарттары бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, Республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тіл мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Міне, осы айтылғандардың барлығы қазақ тілінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне аса қажетті алғы шарттарының жергілікті және қазақ тілінің ішкі әлеуметтік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсетеді.

Мемлекеттік тілдік қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника (ғылыми-зерттеу мекемелерде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, ғылымның саларалық түрлерінде, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу салаларында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен

ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм; денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тармақтандыру салаларында; мәдени мекемелерде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатнаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, республикааралық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындарда, т.б. Сонымен, қазақ тілі — дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпыхалықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

Мемлекеттік тілдің жоғарыда аталған қоғамдық қызметін мінсіз атқаруы үшін оның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі нормаларын қатаң сақтау, жарыспалы қолданыстары ғылыми негізде саралап, тиімді нұсқаларын сөздіктер мен грамматикаларда дер кезінде заңдастырып отыруы аса қажет. Тілдік нормамен байланысты мұндай шаралар мемлекеттік тілдің мәдениетін көтереді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – КӨНЕ ТІЛ

Қазақ тілі — қыпшақ тілдер тобындағы ең бай және көркем тіл. Қазақ тілі — түркі тілдер тобына жататын көне тілдердің бірі. Қазақ тілі түркі тілінің «Қыпшақ-ноғайлы тілдері» деп аталатын тобына жатады.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихы бойында басқа түркі халықтарымен қонысы, саяси-шаруашылық жағдайы жағынан да тығыз байланыста болып келгені сияқты, оның тілі де сол халықтар тілімен өте жақын қарым-қатынаста болды.

Бұл жағдайлар көне замандардан басталатын жазу түрлерінің жазба нұсқалардың түркі халықтарының барлығына да ортақтығын, оларды қалыптастыруға, дамытуға барлығының да, солардың ішінде біздің бабаларымыздың да, шама-шарқынша өз үлестерін қосқандығын байқатады. Сондықтан да олар қазіргі түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының бір кезеңі, көне замандық белгісі ретінде танылады. Осыған орай қазақ тілі туыстық сипаты жағынан да, ұқсастық белгілері жағынан да «түркі тілдері» деп аталатын топқа қосылады. Типологиялық белгілері жағынан басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілі де жалғамалы (агглютинативті) тіл деп есептеледі.

Түркі тілдер тобына енетін тілдер:

- | | |
|------------------|---------------------|
| 1. Қазақ. | 2. Әзербайжан. |
| 3. Қырғыз. | 4. Өзбек. |
| 5. Татар. | 6. Түрікмен. |
| 7. Чуваш. | 8. Қарақалпақ. |
| 9. Түрік. | 10. Башқұрт. |
| 11. Якут (Саха). | 12. Тува. |
| 13. Хакас. | 14. Алтай. |
| 15. Құмық. | 16. Қарашай-балқар. |
| 17. Гагауз. | 18. Ұйғыр. |

Осы тілдердің ішінде бір-біріне жақын көне қыпшақ-ноғайлы тілдері тобындағылар:

- | | |
|----------------|--------------------|
| 1. Қазақ. | 2. Ноғай. |
| 3. Қарақалпақ. | 4. Қарашай-балқар. |
| 5. Қырғыз. | 6. Татар. |
| 7. Башқұрт. | 8. Құмық. |

Түркі тілдерінің туыстастығы олардың лексикалық мағынасынан, дыбыстық жүйесінен грамматикалық құрылысынан нақты байқалады. Сонымен қатар түркі тілдерінің әрқайсысының тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктері де болады. Ондай өзгешеліктерді қазақ тілін басқа туыстас тілдермен салыстыра отырып та байқауға болады.

1. Басқа түркі тілдерінде **б, ғ, г** дыбыстары келетін орындарда қазақтар **у, к, қ** дыбыстарын қолданады. Мысалы: *аба — ауа, тағ — тау, гелді — келді, ғырмызы — қырмызы*, т.б.

2. Басқа түркі тілдерінде **ш** дыбысы келетін біраз сөздерде қазақтар **с** дыбысын қолданады. Мысалы: *баш — бас, таш — тас*, т.б.

3. Басқа түркі тілдерінде сөз басында **и** дыбысы келетін жерде қазақ тілінде **ж** дыбысы айтылады. Мысалы: **йаш — жас, йол — жол, йаз — жаз, йыл — жыл**, т.б.

4. Түркі тілдерінде **-лар** көптік жалғауы дыбыс үндестігіне сәйкес өзгермесе, қазақ тілінде өзгереді. Мысалы: *маллар — малдар, атлар — аттар*, т.б.

5. Кейбір түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың созыңқы түрі болса, қазақ тілінде ондай жоқ.

1-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңдар, тіл туралы айтылған мәліметтерді естеріңе сақтаңдар.

ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БЕЛГІ, ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА, ДҮНИЕТАНЫМ ҚҰРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында: «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзіне болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген.

Тілдің көмегімен өнер-білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз танып қана қоймай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз, әлемді танимыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі – сөз өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» деген аталы сөздің астарында қаншама сыр бар?!

Әрбір елдің қуатты күші, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен де айқындалады. Ал мәдени, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойының көрінісі тілге тікелей тәуелді екені белгілі. Халықтың сақтаулы тіліне байланысты.

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, оралымды да бейнелі тілдердің бірі. Ол – өнеркәсіп пен техниканың, ғылым мен мәдениеттің және қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласын қамтып көрсететін лексикалық байлығымен, қалыптасқан жазу жүйесімен және сараланған стильдік нормаларымен танылған көркем тіл.

Ұлы Абай:

«Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас», – деп таңырқап, тағзым еткен тіл.

(Ж. Дәулетбекова және басқалар. «Қазақ тілі»)

2-жаттығу. Кестені көшіріп жазып, қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен айырмашылықтарын тауып, ауызша баяндандар.

Тілдер	Сөздер					
Қазақ	көл	жұлдыз	төрт	мен	тас	қолдар
Ноғай	көл	юлдыз	дөрт	мен	тас	қолдар
Қарақалпақ	көл	жулдыз	төрт	мен	тас	қоллар
Қырғыз	көл	жылдыз	төрт	мен	таш	қолдар
Татар	кул	йолдыз	дүрт	мин	таш	куллар
Башқұрт	кул	йондуз	дурт	мин	таш	құлдар
Өзбек	кәл	юлдуз	тәрт	мен	тош	кәллар
Ұйғыр	көл	юлдыз	төрт	мән	таш	қалдар
Әзірбайжан	көл	улдуз	дөрт	мән	даш	ғаллар

3-жаттығу. Өлеңді оқи отырып, мазмұнына көңіл бөліңдер. Ақын қолданған жағымды және жағымсыз мәндегі сөздерді теріп жазыңдар. Олардың синонимдерін табыңдар.

Тіл жайында

Ақымақтың тілі — басты дұшпаны,
Қан төгіліп талай бастың ұшқаны.
Көп сөйлеген өкінеді түбінде —
Безей бермей, ақылға сап ұста оны.

Не келсе де тілден келер бір басқа,
Содан — жақсы, жаман атақ бір басқа.
Тыңдашы: адам ерте тұрып күн сайын,
Осы тілге табынбайды құр босқа.

Бақ тілінді, аздап сөйле, мұра — сол,
Сонда аман-сау, тек жүресің, рас — ол.
«Адамды отқа күйдіретін тіл екен,
Өзіңді оттан сақта», — деген Расул.

Екі нәрсе бір адамға келсе егер,
Жақсылық жоқ, жамандыққа жол шегер:

Оның бірі — керексіз сөз, ауан сөз,
Екіншісі — жалған айтқан сөз бекер.

Сөзі өтірік адамдардан алыс жүр,
Жолмен тура, шыншылдықпен өмір сүр.
Тіл мен жақтың нағыз көркі — шын сөзі,
Шынын айтып, бұл сөзіме құлақ түр.

Шын сөзің — бал, жалған сөзің — жуадай,
Жуа сасып бал иісін қуады-ай!
Шын сөз — шипа, өтірік сөз — кесел ғой,
Ескі сөзден осындай ой туады-ай!

Тура айтылса — шындық сөздің баласы,
«Әділ, — десін халық сені, — таза осы!»
Қисық жүрмей, әділдіктің тонын ки,
Сол болады бар киімнің тазасы.

Қатты сақта — сырынды ешкім білмесін,
Өз сөзіңнен өкініш іс келмесін.
Бар құпия ісің болып әшкере,
Көрген адам, естіген жұрт күлмесін.

Айтпа сырды, қара достың түсіне,
Ойлап қара жанашырдың ісіне.
Өз ішіңе сыймаған сыр, шырағым,
Сыя ме екен сол досыңның ішіне?!

(Ахмет Йүгінеки.)

4-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын жазындар.

1. Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің..... .
2. Көре-көре көсем боларсың,
Сөйлей-сөйлей..... .
3. Ағадан — ақыл,
Атадан —
4. Қол жүйрігі — етке,
Тіл жүйрігі —

5. Тауып сөйлесен — күміссін,
Таппай сөйлесен —
6. Көп ішінде сөйлеген белгісі,
Көпке сөзі ұнаған, белгісі.
7. Су ағасы — бұлақ,
Сөз ағасы —
8. Сөзге жарасар,
Иекке сақал жарасар.
9. Мағынасыз сөз болмайды,
..... ел болмайды.
10. Тұз астың дәмін келтірсе,
..... сөздің мәнін келтіреді.



5-жаттығу. Керекті сөздерді, сөз тіркестерін тауып, орнына қойындар, айтылған ойдың мағынасын түсіндіріңдер.

1. қарай кісіні ал, кісіге қарап алма (*Абай.*)
2. Тіл қаруы —, сөз қаруы — Ақылды ой, сөз адамның ең жоғарғы (*Ф. Мұстафин.*)
3. көркі — тіл, тілдің көркі — (*Ж.Баласұни.*)
4. Әр халықтың — білімнің кілті. (*А. Жұбанов.*)
5. Өз тілінді тұрып, — сүйе алмайсың (*К.Г. Паустовский.*)
6. Ана тілін тек ғана менсінбейді, ғана аяққа басады (*Ф.Мүсірепов.*)
7. тек қана өз тіліміз арқылы түсінуге болатындығын ұмытуға болмайды.
8. Тіл — ұлттың Тіл — идеяның, сезімнің, ойдың көрінісі (*А.Н.Толстой.*)
9. Сөз өнері өнер атаулының ең да (*О.Бальзак.*)
10. Өз ойларын көрікті айта алмау — , ал өзінің көкейін тескен ойларының болмауы — одан да асқан (*К.Ушинский.*)
11. Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген толық мәнді интеллигент емес деуге болады. (*М.Әуезов.*)
12. Кей асылды шақпақ тасқа шаққандай боп, әсем сөйлем ішінде ұшқындап, тұратын шағы бар. (*М.Әуезов.*)

Керекті сөздер: кемшілік, қиыны, күрделісі, сөз, бөгде тілді, жаны, жанды, қадір тұтпай, ел-жұртында, сөз, ой, алғыр, қасиеті, өгей ұлдары, адам, от төгіп, сөздердің, ақылдың, сөз, сөзіне.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тілі қашан Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналды?
2. Өзбек тілі қашан Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналды?
3. Түркі тілдер тобына қандай тілдер жатады?
4. Қандай тілдер қыпшақ-ноғайлы тілі тобына енеді?
5. Түркі тілдерінің туыстығы қандай тілдік ерекшеліктерінен байқалады?
6. Сөздерді айтқанда басқа түркі тілдерінен қазақ тіліндегі сөздерде қандай дыбыстық өзгерістер басым болады?
7. Өзің жасап тұрған Отаныңда қандай ұлт өкілдері жасайды? Олардың тілі туралы айтып бер.
8. Тіл — ұлттық белгі, халықтық мұра дегенді қалай түсінесіңдер?
9. Қазақ тілінің қазіргі қолданылу аясы мен өзіндік орны қандай?
10. Қазақ тілі мен өзбек тілдерінің қандай ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар?
11. Тіл, сөз өнері бойынша берілген тақырыптардың қайсысын жоғары бағалайсың?
12. Тіл, сөз өнері туралы мақал-мәтелдердің, ұлы адамдардың қанатты сөздерінің ішінде қайсысы саған ерекше әсер етті? Оның жеке жұмыстарыңа ықпалы болды ма?

Ұлттық тіл мен әдеби тіл

Қазақ тілі — небір күрделі ойды, аса нәзік мағыналық реңктерді дәлме-дәл бере алатындай құрылымы мен жүйесі дамыған, стильдік тармақтары сараланған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілі — Әлемдік тіл кеңістігіне қайталамасы жоқ, ғасырлар бойы гуманизм мен прогреске, қазақтардың ұлттық тұтастығы мен бірлігін нығайтуға қызмет етіп келе жатқан тіл. Қазақ тілінде адамгершілік пен бауырмашылдықты, өнеге мен ізгілікті уағыздайтын небір көркем сөз үлгілері жасалған. Абайдың ойшылдыққа толы ұлы мұрасы, Әуезов сомдаған көркем дүниелер ұлттық шенберден шығып, әлемдік деңгейдегі өркениетке үлес болып қосылуы қазақ тілінің эстетикалық, дүниетанымдық қуатының, басқа да әлеуметтік мүмкіндігінің аса зор екенін танытады.

Жалпы халықтық қазақ тілінің әдеби тілі, қарапайым сөйлеу тілі, жергілікті сөйлеу тілі (диалект) тәрізді түрлері бар. Жалпыхалықтық тілдің жергілікті сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді түрлеріне қарағанда, әдеби тіл өзінің қырнанып, ерекшеленіп, сымбатталғанымен, тіл тұтынушылардың бәріне ортақ нормаларының қалыптасқанымен, функционалдық стильдік тармақтарының саралана түскенімен ерекшеленеді.

Қазақ әдеби тілін жасаушы – халықтың өзі. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуына аса көрнекті сөз зергерлері, мәдениет, ағарту, білім мен ғылым, қоғам қайраткерлері ерекше еңбек сіңіріп, үлес қосты. Әдеби тілдегі көркем сөз, даналық сөз, танымдылық, тәрбиелік сөз үлгілерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Тілдік құралдарды саралап, талғап қолданудың үлгісін көрсете отырып, тілдің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене келіп, өзінің тыңнан жасаған бедерлі сөз өрнектерімен әрдайым әдеби тілдің сапалық дамуына әсер етті. Сөйтіп, әдеби тілдің дәлдік, өткірлік, байлық, икемділік, серпінділік тәрізді ішкі қуатын шындай түсті.

Әдеби тіл ұғымын дұрыс түсіну үшін, алдымен «әдеби» сөзінің терминіне түсінік бере кеткен жөн. Әдебиет сөзінің қазақ тіліне арабшадан ауысқаны белгілі. Орыс тілінде әдебиет (литература), латынша жазу деген сөзден алынған. Ал, әдебиет тілі, әдеби норма деп қолдану орыс тілінің ықпалы екенін аңғару қиын емес.

Әдебиет ұғымына әлеуметтік мәні бар жазу үлгілерінің бәрі енеді, мысалы, саяси әдебиет, ғылыми әдебиет, медициналық әдебиет және көркем әдебиет. Ал, бұлардың барлығы да жалпы халықтық тілдің жазбаша формаларына жатады да әдеби тілде жазылады. Сонымен бірге, сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары бір-бірімен ара қатынасы болады.

Әдеби тілдің нормасы жазба тіл арқылы қалыптасып, шындалып отырады. Ал оның өңделіп жетілуі және халық арасында тарап, жалпыға танылуы ұлттық әдебиеттің дамуымен байланысты болды. Қазақта тұңғыш жазба әдеби тіл үлгісін жасағандар – Абай мен Ыбырай. Олар жалпы халықтық тіл қорының тек түсінікті формаларын ғана шығармаларында қолданған. Фольклорлық бай мұраны шебер пайдалана білген. Сөйтіп, Абай мен Ыбырай шығармалары жалпы халықтық тіл қорының бай қазынасының ең тамаша қасиеттерін бойына сіңірген. Сондықтан да, ол шығармалар көркем сөздің ерекше үлгісі ретінде мәңгі жасамақ.

Әдеби тіл дегеніміз, негізінде, жазба тіл. Оның қалыптасуы жазба тілдің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты. Сөз жоқ, тілдік материалдарды іріктеп, екшеп, өңдеп қолдануға талаптанушылық қай дәуірде болса да және сөйлеу тілінде де бола береді. Жазба тілдің жоқ кезеңдерінде кең етек алған фольклорлық туындаларда тілдік материалдарды екшеп, іріктеп, өңдеп қолдану болмады деу жөн болмас, алайда ауызекі тілдегі өңдеу-екшеулер мен жазба әдеби тілдегі өңдеу, екшеулер бір емес. Мұндағы өңдеу-жөндеулер, ек-



шеп іріктеулер әлдеқайда жетілген, бір ізге түсіп орныққан, бүкіл тілдік ұжым таныған, қабылдаған, барлығына бірдей міндетті үлгіге, нормаға айналған өңдеулер.

Тіл нормасы — тарихи құбылыс. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, адамдардың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, дамып, жетіліп отырады. Соған орай, әр кезде тіл қолдану заңдылықтарын білдіретін ұғымдар да өзгеше болады. Мысалы, белгілі бір тарихи кезең үшін «дәстүр» деп қолдану орынды болса, қазір «тіл нормасы», «әдеби тіл» терминдері қалыптасты.

6-жаттығу. Төмендегі мәтінді оқып шығындар да қандай стильде жазылғанына мән беріндер.

Мұқағали Мақатаев ішкі иірімнің терең түкпірінен шымырлата сүзіп шара толы ойнақы, отты өлең жолын мөлдірете ұсынады. Шумақтағы дыбыс бірін-бірі демей қозғап, жыр табиғатына әдемі әуен, ырғақты үндестік беріп тұр. Ақын сөзі жүрегің арқылы барлық қан тамырыңды қуалап, сұлулық симфониясын шертіп келеді. Ағынды жырының қай-қайсысынан болсын, бір шумағын үзіп алып қазақтың кез келген қара өлеңінің мақамына салып айтсаң да, кідіріп-мүдірмейсің:

*Тысқа шықсам,
Күн шыңылтыр, қар жауған,
Бізғар, аяз атырылып бір маңнан.
Асып анау асқар-асқар таулардан,
Қыс жетіпті тонын теріс аударған.*

Ақын жырының ішкі байланысы құйып қойғандай жарасымды да ажарлы, үйлесімді, тосын да әсерлі бейне кесек оймен келісім тауып жатады...

(«Қазақ әдебиеті» оқулығы.)

7-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар да қарамен жазылған сөздерге мән беріндер.

1. Қолыңнан балға, күрек, **бесақа** түспейді. 2. Балжан өзгеше рай, өзгеше үнмен сөйледі, — **алыпсатарлар, бизнесмен-кооперативтер, ұры-қарылар, басшы-дөкейлер, паракор чиновниктер** гүлдеп, семіріп терілеріне симай кеткен. 3. Ташкениң де бірден тұрғызалмаған шығар?! 4. **Вода-воздарыңды** жер жұтып кетті ме, келмей қалды тағы да. Бензин **жоқ-**

пыш. 5. Ата-бабалырымыз қиын жағдайда жасаған болса, ол кезде мұндай техникалық процесс, **цивилизация** етек алмаған. 6. — Эне, сіріңке, сабын, кант, шекер деген нәрселерге зар болып отырсындар. 7. Шіріп жатырмыз-ау, зәк сасыған үйде.

(С. Бұқарбаев. «Алтын алқа» кітабынан.)

8-жаттығу. Төмендегі суретке қарап жазбаша әңгіме құрап, табиғатқа байланысты атауларды іріктеп жазындар.

АЛТЫН КҮЗ



9-жаттығу. Берілген өлең жолдарындағы қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсініп, оның синонимдерін табындар.

ЕРКІНДІК

Ойым еркін ерке құс қалықтаған,
Таласына тағдырдың тарықпаған.
Еркін қадам — еліктің **лағындай**,
Тауға, тасқа білместен барып қалам.

Сөзім еркін бүкпесіз шығар дәйім,
Тулап, тасып ағады, — бірде **мәйін**.
Әрібін де қалдырмай әкет дейтін,
Ішім ғана сезеді мұның **жәйін**...

Еркін ойдың көп екен ойы, қыры,
Еркін қадам жолынды тандамайды,
Тез арада түседі жанға сыры.
Иір жолын сондықтан **андамайды.**

Еркіндігі жоқтардың **есі кетіп,**
Пайымына бара алмай қалар бірі.

Қаперінде қатері болмағанда,
Тағдыр жолы ешқашан
алдамайды.

(Гүлзада Құбашева.)

Қазақ әдеби тілінің ауызша және жазбаша түрі

Тіл — қоғамдық құбылыс. Тілдің даму тарихы қоғамдық өмірмен тығыз байланысты, сондықтан тіл қоғам өмірімен бірге жасап, бірге дамиды. Қатынас құралы болып саналатын тілдің адам қоғамында алатын орны ерекше зор.

Қоғам мүшелерінің бір-бірімен қатынасы олардың бәріне бірдей түсінікті ортақ тіл арқылы жасалады. Ол ортақ тіл жалпы халықтық тіл деп аталады.

Қолдану ерекшелігіне қарай жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша түрлері болады. Мұнда ескеретін бір жай: «ауызша сөйлеу тілі» мен «жазбаша» және «кітаби» дегендерді бір-бірімен мағыналас деп қарауға болмайды. Сондай-ақ тіл мен сөздің де өз алдына жеке ұғымдар екенін ескерген жөн.

Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің негізінде қалыптасады. Сондай-ақ, жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формалары стильдердің де қалыптасуына негіз болады.

Тіл мен сөз әрқашанда диалектикалық бірлікте қаралады. Тіл мен сөзді бір-бірінен бөліп ажырату үшін, ең алдымен, тілдің кандай элементтерден тұратынына көңіл аударған дұрыс. Тіл құрайтын элементтер: морфема, сөз, сөз тіркесі және сөйлем. Бұларды тіл жүйесі деп те атайды.

Тіл жүйесіз сөйлеу болмайды. Солай болғанымен оның ішкі мазмұны мен сыртқы формасы болады.

Сөз ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Ауызша сөйлеуде әр түрлі сазды үн шығады, яғни адамдар айтайын деген ойын бір-біріне үнді тіл арқылы жеткізеді. Сөйтіп, бірінің айтқанын бірі естиді.

Сөйлеуде есту сезімі қатысады. Ауызша сөйлеу интонациялық құбылмалылыққа өте бейім тұрады. Ол тілге әр түрлі мәнерлік, әуезділік сипат береді. Интонация деген ұғымға сөйлеу темпі, сөйлеу сазы, дауыстың құбылуы, екпін т.б. сияқтылар енеді.

Сөйлеу өзінен-өзі болмайды. Сөйлесу үшін, екі не одан да көп адам қатысуы шарт.

Жазбашада бұл көрсетілген ерекшеліктер болмайды. Өйткені, ондай ой қағазға жазылып жеткізіледі. Яғни жазу тілдің көзге көрінетін белгілері арқылы адам ойын жеткізу тәсілі ғана.

Жазбашада ой тілдің көзге көрінетін белгілері қағазға жазылып болғандықтан, онда ауызша сөйлеудегідей әңгімелесушінің қатысып отыруы шарт емес.

Сонымен жазу — ол белгілі бір мәтін. Бұл түрлі мәтіндер әр жай, күйді білдіріп хабарлайды. Ал, хабар — тіл фактісі. Мысалы, Абайдың шығармасы — жалпы тіл фактісі.

Біріншіден, мұнда Абайдың поэзия тілімен сөйлеуінің нәтижесінде тіл жүйесі белгілі бір қалыпқа түскен.

Екіншіден, Абайдың тілі — ол қазақ тілінің фактісі. Ал сөйлеуде, жазуда да тіл жүйесі пайдаланылады. Оларға дыбыс құрамы, сөз тіркесі және сөйлем жатады. Сондықтан сөйлеу де, жазу да — тіл фактісі болып есептеледі.

Сөйлеуде де, жазуда да сөз қолдану заңдылығына сүйенеді. Жалпы халықтық тілді жұмсаудың дәстүрлі үлгісі болады.

*Сөйлеу білмес жаманның,
Сөзі өтпес бір пышақ:
Сөз білетін адамның,
Әр сөзіне бір тұзақ.*

Осы мақалдың қай кезде, қай ғасырда қалыптасып нақыл сөзге айналғанын білу қиын. Бірақ оның мазмұнын біркелкі түсінеміз. Өйткені мақалда сөз қолдану туралы айтылады.

10-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар да, сөйлеудің қай түрі екенін ажыратындар. Мәтінде қолданылған тілдік элементтерге мән беріндер.

- Ата, ана таудың ар жағында не бар?
- Не болушы еді, біз секілді ел бар, сәулем. Ол жакта қожалық бар, олардың жайылып жүрген малы, жайқалып өскен астығы бар.
- Астық деген, ата, ол бидай ғой, ә?
- Астық деп — арпа, бидай, жүгері, тарының бәрін жалпы атайды.

- Ата, астық қалай өседі? Кинодағыдай болып өсе ме?
- Сарыбай кәрия балаға ұксап рақаттана күлді.
- Сен, шыбыным, әлі күнге дейін астықтың қалай өсетінін көрмеген екенсің ғой.
- Көргем. Кинодан талай көргем.
- Кинодан көрген — көрген бола ма екен?!
- Енді қалада астық жоқ қой.
- Олай болса, шыбыным, мен сені егіс даласына алып барып, көрсетейін бәрін. Күнде жеп жүрген наныңның қайдан шығатынын білмеуің жарамайды ғой?
- Ататай, апаршы. Қашан апарасың, а?
- Жұмыс аз болса, мен бүгін ертерек келейін, содан соң апарамын....

(Б. Соқпақбаев. «Менің атым Қожа» кітабынан.)

11-жаттығу. Айтылуы мен жазылуы сай келмейтін сөздерді теріп жазындар.

1. — Дәурен аға, енді мына нүктені бұрғылайсыз, — дейді геологтар (З.Қабдолов.) 2. Басшысы Бидаш пен Ахмет болып, ауылдың бар адамы жиналып Жүніс пен Балқияның басын қосып, ұлы мереке той қылды (С.Ш.) 3. Генерал қоштасып штабқа жүріп кетті (Т.Ақтанов.) 4. Зауытта кеше митинг болды. Дмитриев тамаша сөйледі (Х.Есенжанов.) 5. Анау шетте қасында бір жас жұмысшы бар. Козлов та жүр (Ф.Мұстафин.) 6. — Өзі ештеңе айтқан жоқ, енді отырма! — деді (С.Сейфуллин.) 7. Бөлім бастығы машинадан түсіп, жаңадан гүлдей бастаған қоза жүйектерімен жоғарыға қарай өрлеп, шетте жүрмей тұрған тракторға қарай беттеді (С.Бұқарбаев.) 8. Әйтеуір, өле-өлгенше бірдеңені тірнектеп жиямыз (Қ.Сейданов.)

12-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құрандар, онда әр сөз кемінде екі түрлі мағынада қолданылатын болсын.

Темір, саңырау, алыс, жол, бұлақ, көз, ащы, тәтті, қол, жал, тырнақ, қабак, жаға, тұнық, жалын, ұшқын, жер, қақпақ, қармақ, қасқыр, түлкі, бұлт, күн, есек, жолбарыс, бет, жүз, қанат.

13-жаттығу. Қалай ойлайсындар, сөйлеу түрлерінің (ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу) қайсысы бұрын шыққан? Өздеріңнің тілді үйрену тәжірибелерінді ескере отырып жауап беріндер.

Мысалы: *Меніңше, ең әуелі, сөз пайда болған да, содан кейін, сөйлеу шыққан. Себебі...*



14-жаттығу. Суретке қарап мәтін құрастырындар. Мәтінге ат қойындар.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұлттық тіл дегеніміз не?
2. Ұлттық тіл қалай пайда болады?
3. Әдеби тіл дегеніміз не?
4. Қазақ әдеби тілі қалай пайда болған?
5. «Әдеби» деген сөзге түсінік бер.
6. Сөйлеудің қандай түрлері бар?
7. Сөйлеудің ауызша түрі қалай жасалады?
8. Сөйлеудің жазбаша түрі ше?
9. Тіл жүйесі дегеніміз не?
10. Тілдік элементтерге нелер жатады?
11. Тіл нормасы дегеніміз не?
12. Сөйлеудің ауызша және жазбаша түріне мысалдар келтіріңдер.





ТІЛ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКА

Тіл және стиль

Стиль ұғымы да сөйлеу және оның формаларымен байланысты қаралады. Стильдердің негізгі арқауы — сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары.

Қоғамдық өмірде қатынастың көптеген түрінің болуына байланысты онда тіл біркелкі пайдаланылмайды. Өйткені адамдардың қатынасы әр түрлі жағдайда жасалады. Әр түрлі жағдайда, әр түрлі сөйленіп, әр түрлі жазылады. Мысалы:

«Тыңдаңыздар, Алматыдан сөйлеп тұрмыз!» бен «Әй, тыңдаңыздаршы!» дегенді салыстырсақ; біріншісі, әдеттегі, күнде радиодан естіп жүрген ресми хабар түрі де, екіншісі — үйреншікті сөйлеу тілі. Формасы жағынан екеуі де — ауызша, бірақ айтылып жеткізілуі әр басқа.

«Ана тілін құрметтей білуді насихаттау — басты міндеттердің бірі болуға тиісті. Ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің табыстарын білу құралы, өмірдің әр саласын тани білу құралы, ой мен пікірді білдіретін қарым-қатынас құралы бола алатын ана тілімізді сүйе білудің айрықша мәнін түсіндіріп отыру қажет» (І. Кеңесбаев).

Ана тілін білмеген —

Ақылы жоқ желікбас.

Ана тілін сүймеген —

Халқын сүйіп жарытпас!

Мысалдың екеуінде де ана тілі туралы сөз болған, екі мысал да сөйлеудің жазбаша түріне жатады. Ал жазылу тәсілі жағынан біріншісі публицистикалық стиль, екіншісі көркем сөз стилі (поэтикалық) екенін аңғару қиын емес.

Тілдік белгілерді сұрыптап қолдану заңдылықтары әдетте айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл сөз арқылы бейнелейді. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады.

Форма — ол тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің сыртқы көрінісі.



Стиль — ол белгілі қатынастың түрінде тілдік бірліктерді сұрыптап пайдалану арқылы, ойды жеткізу мәнерінің көрінісі.

Стильдер қалай қалыптасады? Стильдер жасалатын қатынастың ерекшелігіне қарай тілдік бірліктердің сұрыпталып қолданылу нәтижесінде дамып жетіледі. Демек, сөйлену жағдайына байланысты, әр алуан стильдік бояуы бар тілдік құралдар пайда болады.

Стиль — тілдің бәріне тән құбылыс. Стильдерді таптастыру проблемасы да тіл білімінде әлі тиянақты шешілмеген даулы мәселенің бірі. Стильдерді таптастырудың дәстүрлі, қалыптасқан бұрыннан белгілі принципі жоқ. Тіл стильдері туралы қазірде де әр түрлі көзқарастар бар. Адам тілді қатынас құралы ретінде өздерінің барлық жұмыс салаларында қолданған.

Сөйтіп, стиль дегеніміз — өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құраладардың жүйесі.

15-жаттығу. Мына сөздерден тілдік қолданыста кейіннен қалыптасып, тілдік нормаға еніп келе жатқан сөздерді теріп жазыңдар. Мағыналық түсінік беріп, тілімізде қандай жолдар арқылы қалыптасқанына өзіндік талдау жасандар.

1. Ардагер. 2. Бала. 3. Жұмысшы. 4. Еңбек. 5. Еңбекқор. 6. Егін. 7. Тәлімгер. 8. Тыңгер. 9. Тың жер. 10. Баспа. 11. Баспагер. 12. Жеті қат аспан. 13. Ғарыш. 14. Ғарышкер. 15. Ғаламтор. 16. Ғаламшар. 17. Лездеме. 18. Бағыт. 19. «Ата жұрт» атты айдармен берілді. 20. Теледидар. 21. Ақсақал. 22. Зейнеткер. 23. Хабар. 24. Хабарлама. 25. Жеделхат.

16-тапсырма. Берілген мәтін қандай стильмен жазылғандығына мән беріңдер. Ондағы қарамен жазылған термин сөздерді теріп жазып, қандай ғылым саласына жататындығын айтыңдар.

Әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа түспей, жеке-дара тұрғандығы (статистикалық күйдегі) **нақтылы я негізгі мағынасы**, әдетте, **лексикалық тура мағына деп** аталады.

Тілдің сөздігі осындай әр алуан мағыналары бар сөздерден құралады. Тілдегі сөздерді, олардың жүйесін, даму заңдарын, қоғамдық тұрмыстың сала-салаларымен байланыс-қатысын, сондай-ақ жеке сөздердің лексикалық мағыналарын, сөздердің шығу тарихы мен мағыналарының даму, қолданылу өзгешеліктерін лексикология ғылымы тексереді.

Лексикалық мағыналары басқа-басқа сөздерді әрі қарай топшылай түсіп, топ-топқа бөліп, олардың әр тобына тән жалпы және жалқы си-

паттарын анықтауға болады. Мысалы, *ағаш, тас, топырақ* деген сөздердің мағыналары жоғарыда **лексикалық** тұрғысынан қаралса, енді олардың бәрін де заттың атын білдіретін жалпы белгісіне қарай, бір ғана топқа жатқызып, **зат есімдер** деп, **грамматика** тұрғысынан топшылауымызға әбден болады. Сөздерді **зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау** деген сияқты грамматикалық топтарға бөлу салты — осылайша топшылаудан туған дәстүр. Екінші сөзбен айтқанда, сөздерді грамматикалық топтарға бөлу рәсімі оларға грамматикалық тұрғыдан (**грамматикалық мағыналарын ашып**), соған сәйкес категориялық сыр-сипаттарын анықтаудан туған.

(«Қазақ тілінің морфемикасы» оқу қолданбасынан.)

17-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, бұл мәтін әдеби тілдің қай стилінде жазылғанын ажыратындар.

ТУҒАН ЖЕР

Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?!

Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін?!

Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?!

Туған жердің артығын, жазатайым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айрылған, шеттен дәмі бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген ер білмесе, кім білсін?!

Көзіне мөлтілдеген жас келді. Жасын тыя алмай, ауылдың бәрі бұлдырап көрініп үйіне жетті.

Есік алдында топай ойнап жүрген Кенжетай Қартқожаны көре сала: «Ағатайым, ағатайым!» деп тұра жүгірді. Қартқожа айналып жатыр. Арбадан түсер-түспесте, кеңкілдеп әжесі де бас салды. Тұңғышбайдан айрылып, жалғыздық көріп; сорлы болғанын, құлынын сағынғанын айтып, көп көрісті, мауқы жуырда басылмады. Қатындар айырды. Үйіне кірген соң қаралы жеңгесі де зарланып, сұңқылдап жылады.

«Ағуз» тартылып, аят оқыла бастағанда, Қартқожа солығын басайын деді.

(Жүсіпбек Аймауытов. «Қартқожа».)



18-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңдар да, қандай стильмен жазылғандығына көңіл бөліңдер.

ЗАМАНАЛЫҚ МИНИ-ФУТБОЛ АЛАНДАРЫ

Сырдария облысындағы Ширин қаласында екі жасанды қаптамалы мини-футбол алаңы пайдалануға тапсырылды.

Елімізде тұрғындардың спортпен тұрақты түрде шұғылдануы үшін заманалық қолайлықтар жарату, жаңа спорт ғимараттарын құру, барларын жөндеу, балалар спортын дамыту барысында кең көлемді істер жүзеге асырылуда.

Жоба құны 420 миллион сум болған 22х42 және 25х50 көлемдегі мини-футбол алаңдары қысқа уақыт ішінде құрылды. «Отабек-БС» жауапкершілігі шектеулі қоғамына қарасты осы спорт кешенінде киіну, жуыну бөлмелері де бар. Нысанның пайдалануға тапсырылуы барысында бірнеше жұмыс орны ашылды.

— «Микрокредитбанктің» 167 миллион сумдық несиесі және кәсіпорынның 253 миллион сумдық қаржысы есебінен құрылған мини-футбол алаңдары бизнес жоспарымыздың алғашқы басқышынан орын алды, — дейді «Отабек-БС» жауапкершілігі шектеулі қоғамының басшысы, жас кәсіпкер Бобур Холбоев. — Болашақта тренажер залы, ашық және жабық жүзу бассейндерін, тағы басқа да қызмет көрсету дүңгіршектерін құру жоспарланған.

(«Нұрлы жол» газетінен.)

Стилистика туралы түсінік



Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің негізінде қалыптасады. Сондай-ақ жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формалы стильдердің де қалыптасуына негіз болады. Сондықтан стилистика жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формалары мен оның стильдерінің тілдік белгілері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) қалай қолдану қажет екендігін көрсетеді.

Стилистика тілдің қолдану заңдылықтарын зерттейтін ғылым болғандықтан, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. Тілдік құралдарды дұрыс, ұтымды қолдана білудің қоғамдық үлкен мәні бар.

Стилистика, ең алдымен, стиль туралы ұғым. Стиль деп белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз. Бір ұғымды айттып, не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануға болады. Бұл ретте, әсіресе, тіліміздегі синонимдер мен оның варианттары көбірек пайдаланылады. Мұндай синонимдердің түрі әр алуан: лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер, морфологиялық синонимдер мен синтаксистік синонимдер.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі — стиль. Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі, стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. «Стиль» термині әдебиеттану, бейнелеу өнері, музыка тағы басқа білім салаларында да кеңінен қолданылады.

Стиль — латынша «стилос» (*жазу құралы*) деген сөзінен алынған. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Оның осы мағынасы Еуропа білімпаздарының арасына көп тараған. Орта ғасырларда Грецияда, Римде, стиль — сөзге сендіру, нандыру тәсілі, стилистика — риторика (шешендік) өнері болып саналған. Үнді оқымыстылары стильді мәнерлеп сөйлеу, ал стилистиканы мәнерлеу туралы ғылым деп есептеген. Кейін, ұлттық әдеби тілдің қалыптасу дәуірінде, кейбір елдерде стиль белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құрал деген ұғымда қолданылады.

Тілдік белгілерді сұраптап қолдану заңдылықтары, әдетте, айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл сөз арқылы бейнелейді. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады. Егер ой түсініксіз болса, онда сөз де түсініксіз шығады.

Стилистикада тіл мен әдебиет заңдылықтары түйіседі, сондықтан лингвистикалық заңдылықтар мен әдебиеттану теориясын жетік білу стилистика үшін өте қажет, олай болса стилистика бар жерде стиль деген ұғым бар. Бұлардың қарастыратын мәселелері — тіл мен әдебиет танудағы тіл көркемділігі, тіл икемділігі, оны қолдана білу шеберлігі.



19-жаттығу. Мәтіннен бірыңғай мүшелі сөздерді табындар да, оны көшіріп, қай сөз табынан жасалғандығын анықтандар.

1. Күннің арты қан қызылданып, Іленің батыс жақ алқымын бауыздап жатқандай алқызыл жойқын алау, тұңғиық, тұнық аспанның ажарына жайылып, аумағы кеңіп келе жатты. 2. Ішке тығылып, жасырынып келген ашу-кегін сыртқа тепкендей. 3. Ол да көп тақымнан өтіп, көп қолдың уысындағы сілікпеден қалған сіңір сияқты, арық-тұрақ, кәрі-құтан, індетке шалдыққан шалажансар жануарлар еді. 4. Соның қолға тигеніне де шүкірлішілік қып, талай жылдан бері бит терісінен биялай жасағандай, шыңғырып ішіп, шымшып жеп дегендей, аз ғана малды үлпідетіп үндемегендіктен дәулеті дүр ете түскен. 5. Айтса да дөп басып, тауып айтатын, мақтаншақтығы да, тентектігі де өзіне жарасып тұратын ұрт тілді кісі ғой, — деді Ақтоты әжей сәл ыңғайсызданып. 6. Соның ертеңінде-ақ, Айдынбай, Адуынгер жайлауы қайдасың деп, қайқы бел Қаракеріне мініп, тартып берген.

(Т. Рыскелдиев. «Ұлы көш».)

20-жаттығу. Оқып шығып, мәтіндегі тырнақшамен жазылған сөйлемдерді көшіріп жазындар да, оның мәнін аңғарындар. Неліктен тырнақша қойылғандығын түсіндіріңдер.

1. «Мылжынды шылжың жеңгендей» болды ма, әйтеуір қылышынан қаны сорғалаған, саяси құйыннан жаны қалған. 2. Оны осы заманның әулиесі санап, «Қызайдың Қожанасыры» десіп. Жүргендер де жоқ емес. 3. «Қаз тойғанына емес, орғанына семіреді» деген тәмсілсөз осындайдан қалған. 4. «Шөп шыққан жеріне шығады-ау» десіп қалған айналасы. 5. Жас балаша оп-онай өкпелеп, «ауырдым» деп жатып алатын. 6. Онымен де қоймай: «Қанатымды, балаларымды сағындым, қалаға кетем», — деп мазаларын алатын. 7. «Сұмырай келсе — су құриды» деп, соның бәрін құртып, түбіне жетіп бітіп, енді адамның қасабы қайдан шықты, тәңірім-ай! 8. «Есің барда — елің тап» дегендей, әйтеуір қазақтың елі екен ғой. 9. «Өлгенде көрім кең болсын» дегендей дүниенің де, жердің де тарлығын қай жақсы дейсің?! 10. Осы уақиғадан жарты ай бұрын Серікбай орман арасында дәрі шөптің тамырын қазып жүрген төрт-бес қытай көрген, «жерді жаралайсың» деп оларды қайтып кетуге құзау салған.

(Т. Рыскелдиев. «Ұлы көш».)

21-жаттығу. Мәтіндегі карамен жазылған сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер. Сөздің қалай жасалғандығын анықтандар.

1. Көшпелі елдің **қысқы-жазғы** қатынасы мен **келіп-кетушілердің** жағдайы да қатты ескеріліп, Архат бекеті алғашқы кеңес заманының әділдігін елге алғаш таратушы мекенге тандап алынған себебі де осы еді (*Кәпен Оразалин.*) 2. Бұқаралық өзбек еді, өзі **қап-қара**, келіскен, жіптіктей жігіт еді дерсің. (*Кәміл Яшин.*) 3. Қанат айтқанындай **апақ-сапақта** жетіп келді (*Р.Рыскелдиев.*) 4. Есікке қарай бергенде, көзі **Досмағамбетке** түсіп қадала қалады (*Бейімбет Майлин.*) 5. **Жамбастан** соңғы кішкене бөлімді ұршық дейді (*Халел Досмұхамедұлы.*) 6. Семей-Архат-Алматымен бірдей байланыста болған Боқаш **тамыр-танысы** көбейіп, **ел-елдің тұрғы-тұрғы** адамдарымен де **қарым-қатнасы** молаяды (*Кәпен Оразалин.*) 7. Кішкентай **Ақтотының** жүрегіне салған осы суық ұғымдар, мәңгі өмір бойы ұмытылмастай болып, миына шегелене берді (*Р.Рыскелдиев.*)



22-жаттығу. Лингвистикалық мәтіндегі көпнүктелердің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар. Ол сөздер қандай сөздер екендігін анықтандар.

ФОНЕТИКА

Қазіргі қазақ тілінің саласы тілдің дыбыстық құрамын және оның жүйелі заңдарын тексереді. Қазақша мағынасын аңғартады. Тіл білімінде адам тіліндегі дыбыстық тіл нысанын зерттейді. Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық бірліктерді деп атайды.сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық бірлік. дыбыстардың жасалуын және оның әуезі мен әуенін зерттейді. Физиологиялық фонетиканың нысанын түрлі инструменттер арқылы тексереді. Мұны дейді. Белгілі бір тілдің дыбыс құрылыстарын өзге тілдердің дыбыс жүйесімен салыстырып зерттеуді дейді. Бір тілдің немесе алуан дыбыс құбылыстарының келіп шығу және даму жолдарын тексеретін саланы деп жүргізеді. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады.

Керекті сөздер: фонетика, дыбыс, фонема, физиологиялық фонетика, экспериментальдық фонетика, салыстырмалы фонетика, тарихи фонетика, сипаттама фонетика.

Сөйлеу стильдері мен тілдік құралдар

Сөйлеу стилі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Сондықтан, онда тілдің қарым-қатнастық қызметі баса сезіледі.

Сөйлеу стилі белгілі бір жағдайда тікелей жасалатын қатынас стилі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Яғни үйреншікті жағдайда адамдар қысылмай сөйлейді. Өйткені онда күнделікті өмірге байланысты мәселе сөз болады. Сондықтан сөйлеу тақырыбына сай тұрмыста көп жұмсалатын үйреншікті сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Бұл сөйлеу — сөйлеу стиліне тұрмыстық сипат беріп, оны қарапайымдандырады. Мысалы:

- *Денсаулық қалай, мықты ма?*
- *Жаман емес.*
- *Қайда дем аласың жазда?*
- *Үйде.*

Жоғарыдағы мысалдардың тақырыбы да, сөйлеу жағдайы да әр басқа. Соған орай, олардың лексикалық құрамы да өзгеше болып сұрыпталған (қарапайым және тұрпайы сөздер). Тек лексикасы ғана емес, сонымен бірге, ол сөз үлгілерінің сөйлем құрылысына, ондағы сөздердің орын тәртібіне қарай әрқайсысының өзіне тән әуезділігін және мәнерлік қасиетін аңғару онша қиынға соқпайды.

Сөйтіп, сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігін жасайтын айрықша белгісі — жағдайға байланысты сөйлеу мәнері. Сөйлеу мәнеріне қарай тілдік единицаларды қолдану өзгешелігі болады. Ол ерекшелік, ең алдымен, ондағы лексика — фразеологиядан байқалады.

Өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі кеңінен пайдаланылады, бірақ оның атқаратын қызметі және тілдік жүйенің пайдаланылуы біртекті болып келмейді. Солай болғандықтан сөйлеу тілін зерттегенде оның формасын, түрін және стилін зерттеген жөн.

23-жаттығу. Мәтіннің түрін анықтаңдар. Мәтіннен қандай көңіл күй сезілетіндігін байқаңдар. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

ДИІРМЕН СЫРЫ

Диірменшінің өзі жоқ, әйелі бар екен. Сарыкеңе **инабат** көрсетіп, **жылы** амандасты. Балалармен де жекелеп амандасып, **хал-жай** сұрап жатыр. Аяжанды нұсқап:

— Мына бала кім? — деп сұрады.

— Бұл менің Алматыдан келген **қонағым**. Дәрібайдың қызы ғой, — деді Сарыкен.

— Е, шырағым-ай. Әкесіне аумай тартыпты.

Ораздан: «Апаңның құлағы қалай болды? **Жазылды** ма?», — деп сұрады диірменшінің әйелі.

— Жазылған жоқ. Апам бүгін ауданға келген **профессорға** көрінем деп кетті.

Диірменшінің әйелі **жолаушыларға** үйге кіріңіздер деді.

— Әуелі мына Аяжанға диірменді көрсетейін. Ұнның бұл неден таратылатынын да білмейді екен.

Аяжан диірменді көріп, тағы да көп білім алып шықты.

(Бердібек Соқпақбаев.)

24-жаттығу. Төменде берілген сөз тіркестерін қатыстыра отырып сөйлем құрандар.

1. Жүрек жұтқан. 2. Ауыл шаруашылығы. 3. Қол сағат. 4. Көңіл құсы. 5. Көз жұму. 6. Қас қағым. 7. Төбе шашы тік тұру. 8. Тайға таңба басқандай. 9. Жолбарыстай айбатты. 10. Үйі мәз болу. 11. Өкпесі өшу. 12. Бір тырнаққа зар. 13. Төс қалта. 14. Қос тұлпар. 15. Достық туы. 16. Өкпесі өшу. 17. Жүрек жалғау. 18. Қаны қайнау. 19. Алтын сырға. 20. Ағаш қасық. 21. Педагогика университеті. 22. Фермер қожалығы. 23. Көзді ашып-жұмғанша. 24. Ит өлген жер. 25. Медициналық академия. 26. Жеті өлшеп, бір рет кесу. 27. Аузынан көбігі шашылу.

25-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден тұрақты сөз тіркестерін тауып, қандай мағынада қолданылып тұрғандығын айтып беріндер.

1. Жалдады ондап жалшыны, ұстады алдай малшыны. 2. Кер маралдай керіліп, сары майдай еріліп. 3. Жүрегінде арыстандай аласұрып, Келді биді көрейін деп қарсы тұрып. 4. Елжіреп екі достай бас шұлғады, Хан күрең қарағайлар, сал қайындар. 5. Қош келдіңіз, қуаныштан келгеніңізге, — деп, ескі досынша қолтықтай жөнелді төрге. 6. Құрмет етіп тұрамын тілін сыйлап, өзіңді құрмет етіп жан досымдай. 7. Құрбыдай қош тұттым жасың мен кәріңді. 8. Абайдан жасы үлкен болса да, құрбысынша ашынар еді. 9. Мені өз бауырындай аяп, жан ауыртып жұмсағысы келмейді. 10. Туысқандай ойнап-күліп, Өзіл, достық судай тұнық.

(Тұрақты теңеулер сөздігі.)

26-жаттығу. Суретке қарап мақал-мәтелдерді пайдалана отырып мәтін құрастырындар.

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ



27-жаттығу. Суретке қарап, тіл элементтерін пайдаланып мәтін құрастырындар.

ЖЕР ЖАУҒАРЫ – САМАРҚАН



Сөйлеу стильдерінің негізгі түрлері

Сөйлеу тілінің қарапайым түрінің лексикасының құрамына, көбінесе, қарапайым, тұрпайы сөздер және диалектизмдер мен кәсіби сөздер енеді. Бұлар, әсіресе, алдын ала дайындықсыз, кенеттен сөйлегенде қолданылады.

Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу амалы сөйлеу тіліне мәнерлегіштік әрі бейнелегіштік қасиет береді.

Ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, сол сөз болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды не жағымсыз көзқарасын білдіру құралы болып саналады. Сөйлеу тілінің эмоционалдық қасиеті басым болғандықтан, бұл құралдар сөйлеуде жиі пайдаланылады. Сонымен бірге, сөйлеу стилінде әдетте, олардың көп қайталанып, тұрақталған түрлері жұмсалады.

— *Түү, ит-ай... Сонша ұмытпай жүр бәрін...*

— *Алда көргенсіз ит-ай. Нәрестедей жанымға аузы қалай барды екен. Тұра тұр бәлем, итаяқтан сары су ішкізермін.*

Осы мысалдарда «ит» сөзі біріншіде жағымды эмоцияны (сүйсіну); екіншіде жағымсыз эмоцияны (жек көру) білдіреді. Бұлай қолдану қарапайым сөйлеу түрі үшін орынды.

Сөйлеу тілінде жұмсалатын ауыспалы мағынада сөздер де құрамы жағынан әр түрлі: қарапайым, тұрпайы және жалпылама қолданылатын сөздер болып келеді. Ал жасалуы жағынан метафора, метонимия, синекдоха т.б. жіктеледі.

Тілді бейнелі жасайтын құралдың бірі — фразеологизмдер. Фразеологизмдерге идиом, мақал-мәтел, нақыл сөздер енеді. Бұл тұрақты сөз тіркестері көпшілік жағдайда сөйлеу тілі ыңғайында жұмсалады.

— *Шіркін, үріп ауызға салғандай екен (сөйлеу тілінен)*

— *Ит жанды ит тірілді ғой деп қос қабаттаған қамшы бас-көзімді жауып кетті.*

Осы сөз үлгілеріндегі тұрақты сөз тіркестері эмоционалды бояуы жағынан біртекті болып келмеген. «*Үріп ауызға салғандай*» (сүйкімді, жақсы); «*Ит жанды*» (төзімді) дегендер жағымды эмоцияны білдіреді.

Сөйлеу тілінің фразеологизмдері қолдану ыңғайына қарай қарапайым, тұрпайы, жергілікті ерекшеліктегі және кәсіби болып жіктеледі.

Қарапайым фразеологизмдер: «*ит жанды*», «*өзің білме, білгеннің тілін алма*» т.б.

Тўрпайы фразеологизмдер: «ит жоқта шошқа үреді», «сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды» т.б.

Жергілікті ерекшелік сипатындағы тұрақты тіркестер: жедел беру — нұсқау беру, бүйірін шертіп шығу — тойып шығу, бой қаққан — араласпаған т.б.

Кәсіптік сипаттағы фразеологизмдер: шопан ата таяғы, ашық сабақ, эфирге шығу, құлап қалу, тұрады да деген сияқты қысқа, тұжырымды болып келеді.

Сөйлеу тілінің фонетикасы мен морфологиясының да ерекшелігі бар. Бірақ, ол өз алдына бөлек зерттеу объектісі. Сөйлеу тілі диалогқа құрылады. Диалог репликалар тізбегінен тұрады да, қысқа, тұжырымды болып келеді.

— Бүгін келесің бе?

— Келем.

Мұнда сөйлемге қатысушы екі адам. Бірі — сұрақ қоюшы, екіншісі — жауап қайтарушы. Олар бірінің айтқанын бірі есітіп, тез түсінеді. Тез түсінісу сөйлеудің қандай жағдайда өтуіне, дауыс ырғағы интонацияға және басқа да дене қимылдарымен тікелей байланысты. Әсіресе интонацияның маңызы ерекше.

Сол сияқты, сөйлеу тілінің ерекше бір түрі — монолог. Монолог күрделі ойға құрылып, әр түрлі тәсілмен жеткізіледі. Мұнда кітаби — жазба стильдерге тән ерекшеліктер мен заңдылықтар қатал сақталады. Сондықтан монолог әдеби сөйлеу үлгісіне жатады.

Міне, бұл айтылғандар сөйлеу тілінің жұмсалы аясы күн сайын кеңі түсіп, тұрмысқа әдеби сөйлеу үлгісі де еркін ене бастағандығын дәлелдейді.

28-жаттығу. Берілген мәтіннен диалект сөздерді тауып, олардың әдеби тілдегі аталуын анықтап жазыңдар.

БАЗАРДАН БАЗАРЛЫҚ

Марат азанда ерте баласымен Шыназ базарына аттанды. Олар базарға екі каропка помидор, бір қап бәдірең және жиырма дана дарбыз алып барды. Әкесі базарға алып барған заттарын көтересіне сатпақшы еді, бірақ баласы Батырхан оған разы болмады. Батырхан заттарды кілеләп сатуға әкесін көндірді де, өзі сатуға кірісті. Түске дейін барлық заттарын сатып болды. Базарға алып барған заттары жүдә жақсы пұлға тұрды. Сатқан пұлдарына олар үйлеріне екі кілә гөш, бес кілә макарон,

бір пләк пахта майын сатып алды. Сонымен бірге бес кілә шәкәр мен он дана пәтір нан да қосып алды.

Үйге келсе әйелі Гүлбахар апай жақсы тамақ дайындапты. Дайындаған кеспе көжесі өмір жолдасының ең жақсы көретін тамағы еді. Марат бала-шағасымен әйелі дайындаған ауқатты жеп болып, базарда болған қызық оқиғалар туралы әңгімелесті.

Әкесі ертең және базарға сатуға помидор, бөдірең, баклажан және балгарскийлерді дайындауды айтты да, дем алуға ішкі тамға кіріп кетті.

Анасы Гүлбахар тандыр ағартып, нан жаумақшы болғандығын айтты. Баласы анасына жәрдем берді. Нан піскен соң, қызарып піскен күлшесін алды да, інісі Шерханмен бірге бөлісіп жеді.

29-жаттығу. Берілген мәтінде қандай кәсіп туралы әңгіме айтылған. Кәсіпке байланысты сөздерді тауып жазыңдар.

СЕРГЕК БОЛАЙЫҚ

Өрт халық шаруашылығына үлкен материалдық зиянын тигізеді. Ол санаулы минутта немесе сағатта халықтың үлкен мөлшеріндегі байлығын жандырып, күлге айналдырады. Өрттен бөлініп шығатын түтін, карбонат ангидрид, тағы басқа да зиянды иістер мен газдар көп мөлшерде атмосфераға көтеріліп, тыныс алуға қажетті ауаның құрамын бұзады. Бұдан тыс, өрттен көтерілетін зиянның жаман жағы сол, онда көптеген адам жарақаттанады, тіпті өлуі де мүмкін. Бұлардың бәрі өртке қарсы күресу талаптарын, сол кездегі атқарылатын жұмыстарды қауіпсіз орындау тәсілдерімен және еңбекті қорғаумен бірге үйретуге шақырады.

Қазіргі кезде өндірістік кәсіпорындарда жану қаупінің азаю барысында бірқатар істер атқарылған, өрт шығу қаупі азайтылған және түбегейлі қауіпсіз істейтін электрлі қондырғылар қолданылуда. Өндірістік кәсіпорындары ғимараттар мен құрылыстардың құрамынан жанғыш құрылыс материалдарын шығарып тастауда. Өрт сөндірудің механикаландырылған және автоматтандырылған жүйелері барған сайын кеңінен қолданылуда...

(«Нұрлы жол» газетінен.)

30-тапсырма. Берілген мәтін сөйлеудің қай түріне жататындығын анықтаңдар. Қарамен жазылған сөздердің мағынасына мән беріңдер.

ДӘРМЕННІҢ МОНОЛОГЫ

(«Абай жолы» романынан үзінді)



— Абай аға, қадірлім! Ол **дәндерің** өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен дүм тоғай болмасын. Үлкен **бақ** боп тұрмасын. Бірақ, **ен дала, мол сахараның** бар бойында ол дәндерің өсіп келеді. Көп өсіп, **көктеп өсіп келеді**. Өсе бермек күн санап та жыл санап. Сол үшін де мен өз өмірімде, өле-өлгенше **асыл сөзінді** сақтармын, ата тәрбиенді **актармын**, ағажан!

(Мұқтар Әуезов.)



31-жаттығу. Төменде берілген «жүрек» сөзімен байланысты тіркестердің мән-мағыналарын түсіндіріңдер. Синонимдерін табыңдар.

Ақ жүрек, асау жүрек, жүрегі айныды, жүрегі алып ұшты, жүрегі аузына тығылды, жүрегі бүлік етпеді, жүрегі дүрсілдеді, жүрегі дір етті, жүрегі елжіреді, жүрегі жарылды, жүрегі жібімеді, жүрегі қалтырады, жүрегі қарс айрылды, жүрегі лүпілдеді, жүрегі мұз болды, жүрегін тебірентті, жүрегінің түгі бар, жүрегі орнына түсті, жүрегі суыды, жау жүрек, жүрек жұтқан, жүрек жалғады, жүрекке жара түсті, қоян жүрек, су жүрек, тас жүрек, жүрегі жанды, жүрегіме жұдырықтай боп тұра қалды, жүрегіме инедей қадалды, жүрегінде оты бар, жүрегі тас түйін болды, жүрегіне дақ түсті, жүрегі өрт боп жанды, жүрегі су ете түсті, жүрегі талды, жүрек өзегі талды, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегіне жылы тиді, жүрек қылын шертті.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тілі қандай тіл?
2. Стиль дегеніміз не?
3. Тіл мен стильдің байланысы неде көрінеді?
4. Стилистиканың зерттеу нысаны не?
5. Сөйлеу стиліне түсінік бер.
6. Сөйлеу стилінің қандай түрлері бар?
7. Диалогқа түсінік бер.
8. Монологтың диалогтан қандай ерекшеліктері бар?
9. Тұрақты сөз тіркестерінің сөйлеудегі орны қандай?
10. Диалектизмдер не үшін қажет?
11. Кәсіби сөз дегеніміз не?
12. Тұрпайы сөздерге қандай сөздер кіреді?





ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ СӨЙЛЕУ СТИЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мәндес сөздер стилистикасы

Лексика, лексикология және стилистика — бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Лексика — деп, әдетте, барлық сөз қорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретін ғылым, яғни тіл білімінің сөз мағынасын, оның шығу тегін зерттейтін бір саласы. Ал стилистика әр түрлі стильдерді, мысалы, әдеби тілдің саласы мен стильдерін, сөйлеу және көркем әдебиет стильдерін зерттейді, әр алуан тілдік құралдардың экспрессивтік-эмоционалдық қасиеттерін талдайды.

Мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздерді синоним дейді. Мысалы: *әдемі, сұлу, келбетті* немесе *қысқа, шолақ, келте* немесе *күшті, мықты, берік* тағы басқа сөздердің мағыналары бір-біріне жақын, сондықтан да көбіне-көп оларды бірінің орнына екіншісін қолдана беруге болады; *әдемі қыз — сұлу қыз, келбетті қыз* немесе *күшті жігіт, мықты жігіт, берік жігіт* т.б.

Белгілі бір ұғымды білдіретін мәндес сөздер тобы синонимдік қатар жасайды. Мысалы: *абырой, бедел, қадір* немесе *мықты, берік, күшті, бекем* дегендер синонимдік қатар құрайды. Бірақ жалпы ұғымды білдіретін сөздер мен жеке ұғымды білдіретін сөздер синонимдік қатар жасай алмайды. Мысалы: *киім* деген сөзге *шалбар* немесе *көйлек* бола алмайды, өйткені шалбар да, көйлек те киімнің жеке-жеке түрлері.

Синонимдер қай стильде болса да, бәрінде бірдей дәрежеде қолданылмайды. Ресми-кеңсе, ғылыми стильдерде синонимдердің жеке бір сынарлары кейде ретіне қарай қолданылады. Ал, екі не үш синоним бірдей жұмсалмайды. Бұлай тек публицистикалық және сөйлеу стилінде, көбінесе, көркем әдебиет стилінде жұмсалады. Мысалы: *ағайын* және *қарындас* сөздерінің өз ара синонимдік сипаты бар.

Бірақ, соңғы сөз, көбінесе, көркем Жалпы туыс, ағайын мағынасындағы *қарындас*, негізінен, көркем әдебиет стилінде, шешендік

стильде, ара-тұра сөйлеу тілінде қолданылады. *Серт, уәде, ант* сөздері бір-бірімен мағыналас. Жеке күйінде стиль түрлерінің қай-қайсысында да қолданыла береді. Екеуі не үшеуі қатар келіп, көбінесе, көркем әдебиет стилінде, сондай-ақ публицистикалық стильде кездеседі.

Жазушы да, ғалым да, баскалары да синонимді, әдетте, бір сөзді қайталай бермеу үшін қолданылады. Синонимдер, әсіресе, көркем әдебиет стилінде жиі ұшырасады. Көркем әдебиет стилінде синоним белгілі бір ойды толықтыра түсу, нақтылап, дәлді айту ыңғайында қолданылады.

32-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден қарамен жазылған сөздерді іріктеп алып, оның синонимдерін табындар.

Үлгі: **шақ** — *кез, сәт, кезең* т.б.

1. Тағы бір **сәтте** Әбіш пен Мағыштай достарынан Мәкен екеуі алған ауызша сертін, дос жүрек **көмегін** шын баяндайды. 2. Сонда көңілді күйін **ауыр** мұңымен алмастыра отырып, енді бір шақ сонау қырғын күні Әлмағамбеттің қорқып сасқан **ұсқынын** мысқылына оралтады. 3. Өзінің аузына қарап отырған дос тобына Дәрмен бар **бейілін** беріп, мейірін сарқа сыр толқытты. 4. Әбен **мен** Айша көздерінен жас аққанша күлу үстінде Әлмағамбетке **мүсіркей** қарасады. 5. Кейде бұл оның **жүдеген**, жылап, қиналып, Дәрменді жәрдемге шақырған жүзін көреді екен. 6. Әншейінде үнемі **ашық қабақпен** жарқырай сөйлейтін Дәрменнің қазіргі үнінде ойлы мұң сезіледі. 6. Дәрмен үніне осы күнде қосылған өксік **лебi** сезіледі. 7. Сорлы асық өзінің ынтызарынан айрылу мұңын толасы жоқ **шер** сырын ашқан шаққа кетеді. 8. Домбырасын қоңырлата сөйлетіп отырған, ырғағы **шебер** құлақ күйінің тұсында Дәрмен әуелі азғантай бір **үзіліс** жасады.

(Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» романынан.)

33-жаттығу. Сөйлемдердегі қарамен берілген сөз тіркестерін теріп жазындар да, оның мән-мағыналарын ажыратындар.

1. Құба-мерген куә болған **қанды ұрыстар да емес**, әкесі — сол дүбірге қосылып, **дүрбелең жылдарда** басын жойған ат жалына қолы еркін жетпеген жалғыз ұлын жетім қалдырған қайран көкесі; ол да осындай **қыраулы**

күндердің бірінде осы мойнақтан аттаған, дәл осы түбекте шерік түзесіп, **қараңғы көрге қарай** нық қадам басқан. 2. **Жел өтінен тыс** тымық ұйықта жауын-шашынға ұшырамай, алты ай қыс бойы **соныға бөгеді** де тұрады. 3. Ұзақ-қысқа бір-ақ қонған қойшылар қараша, құрым болса да **қазан-ошағы мол**, жатар орны кең үй тігеді. 4. Бұл — көк теңізді жағалап, **сары даланы көбелеп** жүрген екінші сапары еді. 5. Ойламаған жерден **қалың жаңбыр** жауып қана тірі қалып еді. 6. Кеше, **жер қарада** сұлбасы шалынған ну түбектің қайың, теректі, иіле сіресіп, тығыздала түскен қалың қау басқан жіңішке мойнағынан **жүрегі лүпілдей аттады**.

(Мұхтар Мағауин.)

34-жаттығу. Берілген синоним сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрандар. Синоним сөздерге мән беріңдер.

1. Әдемі, сұлу, көрікті, келбетті....
2. Күшті, мықты, берік.....
3. Жақын, таман, жуық....
4. Жүз, бет, әлпет....
5. Жақын, ағайын, туыс.....
6. Қас пен көздің арасында, қас қаққанша, көзді ашып-жұмғанша....
7. Ашулану, төбе шашы тік тұру, қаны қайнау, көзінде от ойнайды....
8. Шаршау, шалдығу, дәрмені құру, әлі кету, қуатынан айрылу...

35-жаттығу. Төменде берілген синоним сөздерге ауызша мысалдар тауып, сөйлем құрастырыңдар.

1. Ақ көңіл, ақ көйлек, ақжарқын, аңқылдақ, көңілшек, ақ шелек;
2. Ақылгөй, ақылшы, данагөй, дана, данышпан, кеменгер, ойшыл.
3. Ақымақ, ақылсыз, бассыз, ойсыз, есер, дәлду, дәлдір, қауқабас.
4. Алайда, бірақ, дегенмен, сонда да, әйткенмен, әйтсе де, сөйткенмен, ләкін.
5. Аласа, тапал, тәлпелтек, тайпақ, талпақ, мыртық, пәс, қортық, тырбық, мақар, бәкене, мыртесе, бақалтақ, жатаған, мәстек, быртық, тәштеқ, шәлтік, мықыр, шарғы, мыртыйған, тәпене, мырық.



36-жаттығу. Суретке қарап өзара мәндес қос сөздерді қатыстыра отырып, әңгіме жазыңдар. Содан соң синоним сөздерді іріктеп жазыңдар.

Үлгі: *Ташкент қаласында әдемі әрі көрікті тамаша мұражайлар көп. Біз туған-туысқандарымызбен мұражайды тамашалауға келдік.*

ӘМІР-ТЕМІР МҰРАЖАЙЫ



Омоним сөздер стилистикасы

Айтылуы бірдей болғанмен, мағыналары басқа-басқа сөздерді омоним дейді. Омонимдер жеке тұрған қалпында стиль түрлерінің жалпы қайсысында да қолданылады. Омонимдердің қатар алып, қабаттастыра қолдануға келгенде, стиль түрлерінің бәрінен мұндай ерекшелік байқалмайды. Оларды бір контексте, не бір сөйлемнің өзінде дәл осылай өз ара жарыстыра пайдалану, көбінесе, публицистикалық стиль мен сөйлеу, көркем әдебиет стильдерінен айқын көрінеді.

Омонимдердің әдеби шығарма стиліндегі көркемдік қызметі әр түрлі. Бұл — әрбір жазушының шеберлігімен байланысты құбылыс. Бірақ көркем әдебиет стиліндегі омонимдер мен сөйлеу стиліндегі омонимдерді бір-бірінен ажыратуда біраз қиындық бар. Себебі, көркем әдебиет стилінде қолданылатын омонимдердің көпшілігі — күнделікті сөйлеу стилінде әдеби қалыптасқан, жалпыхалықтық сипат алып кеткен сөздер. Ал, бұлардан басқа, көркем әдебиет стиліне бейім тұратын омонимдердің қашан да контекстік сипаты басым болып келеді. Сырт тұлғасы бірдей, екі сөздің өз ара омонимдік қатынасы белгілі бір контекст ішінде ғана байқалады. Мысалы: **Қара**



түнде **қара** баспасы, *Ертісті арлы-берлі кезген қайықшыны қашан көрдің.* Мысалдағы **түс** мәніндегі **қара** сын есімі әдебиеттегі *албасты* мағынасындағы **қара** сөзімен омонимдік сипат алып тұр. Бірақ **қара** сөзі осы контексте ғана омоним бола алады. *Қара қасқа кедей болсам да, қара ниет болмасын деуші ең. Жамандық сенің датың еді.* Қасиетің сол еді. Мұндай контекстік омонимдер ақын, жазушыларда біркелкі бола бермейді. Өйткені, жоғарыдағыдай контекстік омонимдердің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы автордың сөз қолдану шеберлігімен байланысты.

Омонимдерді көпмағыналы сөздермен шатастырмау қажет.

37-жаттығу. Төменде берілген омоним сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрастырындар. Омонимдердің мағыналарын ажыратындар.

Үлгі: 1. *Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын.* 2. *Ол Ұлы жүзден болса, мен Орта жүз өкілімін.* 3. *Бұдан кейін ол оның жүзіне еш қарамайтын болды.* 4. *Ол бассейінде жүзе алмайтынын білді.*

- | | | |
|---------|----------|-------------|
| 1. Жүз. | 6. Ас. | 11. Жалын. |
| 2. Қой. | 7. Ат. | 12. Тартпа. |
| 3. Сан. | 8. Шаш. | 13. Бел. |
| 4. Төс. | 9. Без. | 14. Сыр. |
| 5. Қас. | 10. Кез. | 15. Түс. |

38-жаттығу. Өлең жолдарын оқып шығындар да мазмұнын ұғындар. Қарамен жазылған сөздердің мәнін түсіндіріңдер. Омоним сөздер мен көпмағыналы сөздердің ерекшеліктерін байқандар.

ТІЛЕКТЕСКЕ

Ей, Бауырым!
 Көтерсеңші, көтерсеңші **басыңды**,
 Алатаудың **асқарына** күннің нұры **шашылды**.
 Қыз — тіршілік, міне, тағы мойынына асылды,
 Асылды да саусағымен сипағандай **шашыңды**.

Көтер **басты**,
 Тұр орныңнан!
 Терезеге **қарашы**.
 Неткен **тұнық**, неткен **қымбат** жер мен көктің арасы!

Неткен жақын бұл **ғаламда** адамзаттың баласы!
Бауырым-ау, жи **күшінді**, терезеге қарашы.

Жата берме ауыр дертке, ауыр дертке **бас** ұрып,
...Әне біреу бара жатыр жұмысына асығып.
Автобустан қалып қойған және **біреу**, ашынып,
Әттен, әттен, айналайын көңілі қалды-ау **басылып...**

Қарашы, әне, андап басып барады өтіп қарт адам,
Ажары да, назары да, **базары** да тарқаған.
Қарт адамға **қарсы** келіп, сәлем бере қарт Ана,
Ұзын-сонар бірдеңені айтып жатыр **қарт** оған.
Мына **жолмен** уайымсыз әлі талай өтерсің,
Шыға алмаған **асуына**, **аман** болсаң жетерсің.
Ей, Бауырым!
Ей, **Бауырым**, басыңды **бір** көтерші,
Мынау қызық **дүниені** қалай **қиып** кетерсің...
(Мұқағали Мақатаев.)

39-жаттығу. Төмендегі суретке қарай омоним сөздерді пайдалана отырып, жазбаша мәтін құрастырыңдар. Омонимдерге мән беріндер.

ТАШКЕНТ ЦИРКИ





40-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерлен пароним сөздерді табындар. Оған лексикалық талдау жасандар.

Үлгі: *Ғұмырлық — өмірлік, ғаламның — әлемнің, өмірлік — ғұмырлық...*

1. Ғұмырлық серігі, айнымас сырласы болған, ғаламның бар қызығына тоймаған, енді, екі көзден айрылғанда көкірегі ашылып, өмірлік мақсаты айқындалған, қиялынан туған еркін елдегі азат қауымның іс-қимылына сүйсінген. 2. Әдебиет, әлемдік тұлғалар туралы келелі әңгіме болады. 3. Бұл көңілде тағы бір сәулелі арман бар. Пенделік. Адам атаулыға тән. Оның ішінде мұраты зор, өзі туралы тым жоғары пікірдегі, менмен бозбалаға тиесілі. 4. Сол бір сәулелі күнен соң арада үш жыл өткенде, әуелде ол да елес еді, өзін емес, суретін көрдім (*Мұқтар Мағауин.*) 5. Смағұл шешеме әрі қайын, әрі келіні есепті. 6. Менің білімге, адамгершілікке тәрбиелейтін түздегі ұстазым Сағатбай болғанда, үйдегі ұстазым Сатылған еді (*Бердібек Соқпақбаев.*)



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Лексикология нені зерттейді?
2. Сөз мағыналары дегеніміз не?
3. Сөздің қандай мағыналары болады?
4. Мәндес сөздер термин есебінде қалай аталады?
5. Синоним дегеніміз не?
6. Синонимдік қатарға мысалдар келтіріңдер.
7. Омоним дегеніміз не?
8. Омоним мен полисемияның қандай өзіндік ерекшеліктері бар?
9. Омоним мен синонимнің айырмашылығы неде?
10. Омофондарға мысалдар келтіріңдер.





ДӨРЕКІ СӨЗДЕР СТИЛИСТИКАСЫ

Диалект сөздер, архаизм және историзмдер

Диалект сөздер, архаизмдер мен историзмдер, былапыт-коқыр-сық сөздер, т.б. стилистика мәселесімен тығыз байланысты. Солай екенін оларды стиль түрлеріне қатысы жағынан алып талдағанда айқын көреміз. Диалектизм ғылыми, ресми-кеңсе стилінде де қолданылады.

Көркем әдебиет стилінде кейбір диалектизм әдеби тілдік баламасы бола тұрса да қолданылады. Бұл — таза стильдік мақсатпен байланысты мәселе. Кейде бір сөйлемде бір сөзді екі рет немесе одан да көбірек қайталап қолдануға тура келеді. Егер ондай әдеби сөздің жергілікті халық тілінде диалектілік сыңары болса да оны жазушылар көркем әдебиет стилінде қолданылады. Бірақ Ташкент облысы тұрғындарының тіліндегі *ашық-машық* сөзі сияқты диалектизм сөз қайталаудан қанша қашқанмен де, көркем әдебиет стилінде, авторлық ремаркада қолданылмайды. Осы **ашық-машық (топса)** тәрізді диалектілік құбылысты автор сөзінде де қолданылудың орынсыздығын былай қойғанда, кейіпкер тілінің өзінде де үнемі ұтымды бола бермейді. Демек, жергілікті тілдік ерекшелікті көркем әдебиет стилінде қолдануда да белгілі бір шек бар.

Диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: Бірі — авторлық ремаркада, екіншісі — диалогта. Авторлық ремаркада кейіпкер тіліндегімен салыстырғанда, диалектизм аз қолданылады.

Тілдің сөздік құрамы баяу болса да үнемі өзгеріп отырады. Себебі халықтың әлеуметтік өміріндегі: өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылым және техникадағы, өнер мен мәдениет саласындағы әркезгі даму, олардағы ертелі-кешкі жаңалықтар лексикаға да үнемі ықпалын тигізіп отырады. Осы ретте кейбір сөздің қолданылу аясы бірте-бірте тари бастайды не кеңі түседі. Ал жеке сөздің қолданудан жалпы шығып қалуы бірден бола қоймайды. Өткен дәуірлерде болған кейбір наным, әр түрлі әдет-ғұрып, күнделікті

пайдаланып келген жекелеген үй мүлкі, шаруашылық бұйымдары халық тұрмысында бірте-бірте азайып, кейін ақыры мүлдем жоғалып кетеді. Соларға қатысты сөздер мен атаулар да ескіре бастайды, өте сирек қолданылатын болады. Мысалы, *би, болыс, старшын, елубасы, онбасы, отарба, қосын, бөйбіше, тоқал, әмеңгер, күндес, сеп, ояз, дулыға, шарайна, дуан, ұя, пері, періште, дию, азан, ысқат, өлара, сәукеле* т.б. Міне бұлар тілде көнерген сөздер деп аталады. Көнерген сөздер архаизм және историзм болып екіге бөлінеді.

Неологизмдер стиль түрлерінің жалпы қай-қайсысында да, тіпті сөйлеу тілінде де азды-көпті қолданылады. Олар, көбінесе, ғылыми стиль мен публицистикалық стильде жиі ұшырасады. Өйткені неологизмдер көбіне-көп сонда қалыптасады. Бірақ көркем әдебиет стиліндегі неологизмдер мен өзге тілдердегі неологизмдер бір емес. Осы екі сала — неологизмдер бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, *оқырман, балмұздақ, аялдама, жасанды жер серігі, Қазақстан сағаты, озаттар тұғыры, ғаламтор, ғаламшар* сияқты жеке сөз не біртұтас тіркес стильде жиі кездеседі. Ғылым мен техника саласындағы неологизмдер өте көп. Олар сол ғылыми стильдің өзінде жиі пайдаланылады. Неологизмнің сондай-ақ тағы бір түрі бар. Ол — контекстік неологизмдер. Бұлар публицистикалық, өте-мөте көркем әдебиет стиліне тән.

Жоқтың барлыққа жіберген келгіні біз дегендей шаттана жайнайды. Шабарман емес, сабарман ғой. т.б.

Неологизмдер қоғам дамуына байланысты стиль түрлерінің бәрінде де жасалады. Бірақ бірінде көп болса, екіншісінде одан азырақ мөлшерде кездеседі. Жана сөздердің тіліміздегі стильдердің қай-қайсысында да қолданыла беретіні, міне, осы себепті. Олар сондай-ақ ресми-кеңсе стилінде де жиі жұмсалады.

41-жаттығу. Берліген мәтіннен диалект сөздерді табындар. Олардың әдеби тілдегі эквивалентін көрсетіндер.

АҚ НАН...

Мен Батырқанның баласы болып тумағаным өкінетін едім. Батырқанның баласы болып тусам ғой — әдемі киім киіп, ақ нан жеймін.

Әлгінде Жанбосын жеген ақ нан сабақта отырғанда да көзіме елестеумен болады.

Тапа-тапа ақ нандар менің түсіме де кіреді. Апам есік алдында көн жағып, көмбеге нан пісіріп жатады. Маған жей ғой деп, үлкен етіп үзіп береді. Мен қаужандап жеп жатам. Ояна кетсем, түсім. Ішім удай боп ашып кетеді. Көзімді тез қайта жұмып, ілгендегі ақ нандарды қайтадан іздеймін.

Бірақ, амал қанша, ақ нандар сол жоғалғаннан ғайып боп жоғалады. Аузымда дәмі, ойымда сырқыраған өкініші ғана қалады.

Ересек жігіттер не естесе, Жанбосын соның бәрін істейді. Мұғалімнен жасырып шылым шегеді. Әкесінің папирасынан ұрлап алатын болуы керек. Түтінді аузынан сақинаша дөңгелентіп, лек-тек етіп шығарып, бізді таң қалдырады.

(Бердібек Соқпақбаев. «Менің атым Қожа»)

42-жаттығу. Төменде берілген көнерген сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар. Көнерген сөздердің мәнін түсіндіріп, жаттығуды көшіріп жазандар.

Бөз, шайы, шекпен, сауын айту, бесік құда, қалың мал, барымта, байғазы, пітір, зікір, підия, ақырет, зекет, ханым, ханзада, ханша, уәзір, бек, бекзада, аға сұлтан, болыс, би, сауыт, қалқан, қосшы, бәйбіше, бикеш, қазы, шабарман.

43-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден архаимздер мен историзмдерді ажыратып жазыңдар.

1. Сыбан, Тобықты, Керей, Уақ болыстары, кандидаттары, долынжы билері қастарына тілмаштарын алыпты (*Мұхтар Әуезов.*) 2. Дуаны бұл болыстардан бөлек болса да, жері көршілес Керей де бар. Жасауыл әр шақырғанға келмейді. Енді бұл қосын өздерінен басқа дүниеден түгел қол үзіп жалғыз қалды (*Ф.Мұстафин.*) 3. Абайдың келісін ұрын келу деп, жыртис сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те атайды (*М.Әуезов.*) 4. Бұл үйді пісіміллә, ол дүние, шарифат, ораза, намаз, пітір, зекет, иман, жаназа, мешіт, мәзін, дозақ деген тәрізді сөздер жағалайды (*Дихан Әбілов.*) 5. Біліңіз, қазірет, бір мен емес, сіз имам болып отырған қазақ қауымы, қазақ қарындастардың сахарадағы және шаһардағы бар халқына қадірлі Абай мырза деп айтады! — дейді (*Мұхтар Әуезов.*)

44-жаттығу. Мына сөздерден жергілікті ерекшеліктерге жататын сөздерді тауып, оларға түсінік беріндер.

Көсіпсіздік айдап қорғанның қақпасына әкелгенде байбатшалар: — Саттасы менікі, нымтасы сенікі, — деген болатын. Бұл Яссауи арығының суындай төгіліп жатқан еңбек сол «нымта» үшін ғана болар еді!

Сол тердің нөсері егін піссе-ақ қызыл алтын, ақ күміс болып бай-батшалардың камбасына құйылады. Нәтижесі: — Әне, ғалла базарға қара, мал базарға қара, «бит» базарға қара, шөп базарға қара, Һамма базарға қара...

Асхана, наубайхана, бозахана, халуахана, басханалар тұр. Қаз қатар қақпағын қайырып, өткен-кеткенге: — Келің, келің! — деп қол бұлған тұрған сатушы.

(Кекілбек Әбішев.)



45-жаттығу. Төмендегі мәтіннен көнерген сөздерді табындар, оларға түсінік беріндер.

... Бар топтың ішінде мешіт махалла бастықтарынан соқыр қари мен Самұрат мәзін бар екен. Сармолла жаңағы Абаймен сөйлесіп шыққан күйде, сәл қызынған, ұялған қалпында болатын. Халықтың қазасы уақытында дін ұстаздарының құлқынан ұялуға тура келетінін айтып, сәл дауыстай түсіп сөйлей жөнелді. Бұған себеп болған Сармолланың қасында отырған сәлделі қара сақал, қартаң шәкірттің сұраған сөзі еді. Ол Сармолладан бүгін неше жаназада болдыңыз деп сұрағанды. Сармолла, әуелі, отырған көпшілікке естіртіп:

— Мен бүгін ешбір жаназаға барғаным жоқ және бұдан былай, мүмкін қадарымша, бармасқа тырысамын! — деген-ді.

Бұл сөзді естіп қалған соқыр қари мен Самұрат мәзін қатарынан үн қатты:

— Астағфиралла, астағфиралла!

— Сіз күпірлік етесіз, дамолла!

— Исламиятқа хилаф сөз! Қайтыңыз райдан! Қайтып алыңыз ғайыпты сөзіңізді! — десті.

(Мұхтар Әуезов. «Абай жолы».)

Қоқырсық және былапыт сөздер

«Іріген ауыздан, шіріген сөз шығады».

(Мақал)



Бірқатар шешендердің сөзін тыңдағанда, құлағыңның құрышы қанады... Таза, дәл, ойлы, сөзді сүйсіне тыңдайсың. Кейбіреулердің «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрады», барынша ынжық әрі

көмескі етіп сөйлейді. Сондай тартымсыз, берекесіз сөйлеушілердің тілінде, егін арасына шыққан арам шөп тәрізді, өздеріне әбден үйреншікті болған «бұралқы» сөздері де болады. Мысалы: «Ол кеше нені нетіп келді», «Жазушы Майлин, жаңағы, әйел тендігін жырлады», «Олар жаңағы, енді, тап-тартысын, жаңағы, күшейтті».

Осындай, «нені», «нетіп», «жаңағы», «мысалы», «ия», «яки», «сонымен», «ал енді», «тағы» тәрізді бұралқы сөздерді жиі қолданатын кісілер бара-бара сөз ауруына шалдығатынын байқамай қалады.

Бір сөзді қайта-қайта айта беретін үгітшінің сөзі қаншама мазмұнды болғанымен, тындаушысын жалықтырады, тартымсыз болады. Әсіресе сөйлегенде мағынасыз бұралқы сөздерді қатыстырып, қайталақтай беретін кісіні жұрт жөнді тыңдамайды.

Сондықтан өз сөзіңе өзін бақылаушы болып, байқап сөйле. Баяндамада, әңгімеде бұралқы, коқырсық сөздерді қолданбауға тырыс.

Сондай-ақ ұсқынсыз жаргон сөзден аулақ бол. Қазақша сөйлеушілердің аузынан кейде «көкмойын», «ақпамбет», «шорт-морт», «шүрум-бүрум» тәрізді сөздерді есітеміз. Әрине, бұл да — мәдениеттіліктің белгісі емес, керісінше, мәдениетсіздіктің белгісі.

Сөз қадірін білген кісі аузына ие бола сөйлеуге тиіс. Олар жайдары, жайсаң қалпында да, ашу үстінде де, үйде де, түзде де сыпайыгершілік, ізет дегенді естен екі елі шығармауға тиіс. «Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығатындар» — моральдық бейнесі жүдеу, эстетикалық тартымдылықтан жұрдай болғандар. Ондайлар, амал не, біздің арамызда жоқ емес. Жұрт оларды «боғауыз сөзді жексұрын» деп сөгеді.

Сыйдаң борбай бір жігіт Алматының халық көп жүретін көшелерінің бірімен келе жатты. Қасында бір әйел бар. Әлгі жігіт ызалана сөйлеп келеді. Ол қызмет бабында өзімен істес болған біреуді жерден алып, жерге салып сөге-жамандап келеді. Ызалы сөзінің ара-арасында небір «сүр болған» ұят сөздер де кетіп жатты. Қасындағы әйелден, айналасындағы жұрттан ұялу оның ойына кіріп те шығатын емес. Маған ол жігіт маңайын ластап бара жатқандай көрінді.

Былапыт сөздер әсем өміріміздің таза ауасын кірлейді, мәдениетті, сыпайы, тәрбиелі кісілердің көңілін қобалжытады.

Былапыт сөзді сілімтіктердің аузына қақпақ болу қиын, бірақ өткір көз, қатал қол ондай көргенсіздерді бетімен жібермес те. Көкірегіне нан пісіріп мен-менсіген кейбіреулер үйде де, ұжымда



да не болса соған ашу шақырып, маңындағылардың бірі болмаса біріне тиісіп, жамандауға сөз таппағанда, оның бойынан табиғи кемшілік тауып, тілінің зәрін соған шашады: бүкір, пұшық, таз дегендерді оның бетіне таңба етіп басуға дайын тұрады. Бұл барып тұған мәдениетсіздік! Адамға тіл сол үшін беріліп пе? Біреудің табиғи кемшілігі жаратылыстың оған берген сыйы емес, соры ғой. Сол үшін ол сорлыны кінәлауға, кемсітіп, көз алартуға бола ма? Мұндайда сорлы пұшық таз да, ақсақ-тоқсақ та емес, сондайды «көргіш» қотыр тілді надандар, құрбы-құрдастар. Сөйлеу қабілеті тірі жанның бөрі де өзімен қарым-қатынас жасайтын кісілерге, тым болмаса, тіл тигізбей, жүрегіне зіл түсірмей өмір сүруге тырысса, өзінің де, өзгелердің де шаттық еңбегінің, сәтті күнінің жарық жұлдызы бола алады.

46-жатығу. Қазақ еркелетіп атағанда қыз бала мен ұл балаға айтылатын сөздерді бөліп жазыңдар. Не үшін аттардың осылай аталғандығына мән беріңдер.

1. Еркежан. 2. Кекілдім. 3. Шырақ. 4. Қара көз. 5. Айдарлым. 6. Шырайлым. 7. Еркем. 8. Тетелес. 9. Ботам. 10. Төрем. 11. Төре жігіт. 12. Бикеш. 13. Мырза жігіт. 14. Жарығым. 15. Сәулем. 16. Қозым. 17. Лағым. 18. Құралайым. 19. Сұлуым. 20. Көгершінім. 21. Тауым. 22. Тірегім.

47-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден былапыт-қоқырсық сөздерді тауып, оны талдандар.

1. ...Егескенге егесетін менде де бір сайтан бар. «Қап, пышаққа ілінгір, иттің ғана малы. Ызаң ба сенің. Тақымыма бір тисең, тарттырар ем-ау, сазайынды» деп, оны қалай еткенде де мінбей тынбауға бел байладым. Әттең, жалына қолым бір ілессе! 2. Мына оң жақ саныма сақ ете түсті тұяғы. Шоқ басқан күшіктей қаңсылап, дөңгеледім де қалдым. (Құдай сақтағанда, қаға тиіпті. Егер дөп тигенде, жілігімнің құлпаршасын шығарар ма еді, қайтер еді?) 3. — Әкем-ау, мыналары несі... — деді әжем қолымен көзін көлегелей тандана қарап. — Әй, көгермей кеткір, қу сұлтан, сен ғой осыны шығарып жүрген. 4. Тыпыр-тыпыр етіп, тұра алмай жатыр. Аяғын серейте қарыстырып бір ышқынды да, қаз өліп қалды. — О, құдай атсын! Пәле болды ғой. Енді қайттік? — Ешкім көрген жоқ. Күркеге апарып, пісіріп жейміз. 5. Атының басын бұрып, кете беріп, шал: — Сұмпайылар, әлдекімді сорлатқан екенсіңдер. Мыналарың атып алған жабайы қазы емес.

(Бердібек Соқпақбаев. «Менің атым Қожа»)

48-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Онда қолданылған ақын лексикасына тоқталындар. Сөз саптауына мән беріндер.

МАХАМБЕТТЕР, АБАЙЛАР-АЙ

Өмірдің қысы, жазы, көктемдері,
Қысылтаяң шақтары, өткелдері.
Адамның аққан қаны, төккен тері,
Мұратқа жетпегені, жеткендері —
Жанымды жеп жүр менің көптен бері.

Атысу, андысу мен таласудың,
Санасу, табысу мен жарасудың.
Мінезін мынау адам баласының,
Білсем деп құпиясын аласұрдым.

Алдында алуан-алуан мінездердің,
Амалсыздан келеді мың өзгергін.
Әркім өзін балайды данышпанға,
Бір-бір құдай санайды бір өздерін.

Білмейді екем...
Қолымнан келмейді екен,
Жоқты аңсап, жоқ сусынға шөлдейді екем.
Қой енді, тыйылайын, бұғынайын,
Ойымды орасанға бөлмей бөтен.

Жасырмай ойымды айттым талай,
Қайтейін кетті бәрі қарай алмай.
... Айтарын ашып айтқан абайламай,
Дариға-ай,
Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

(Мұқағали Мақатаев.)



49-жаттығу. Мына сөздердің баламасын табындар. Бұл сөзді сөйлемде осылай жұмсартып, сыпайылап қолдануды рендік мәніне және сөйлеу әдебіне байланысты түсіндіріңдер.

1. Аузы жеңіл — 2. Ұлды ұяға қондыру — 3. Құлағы тосаң — 4. Қолының жымысқысы бар — 5. Қосып айтады —

6. Ауыз бастыру – 7. Сөзге келу – 8. Бет жырттыспау – 9. Жасы ұлғаю – 10. Қалтасы тесік – 11. Сымсыз телефон – 12. Аузының желі бар – 13. Ұзын құлақ – 14. Ішінде бүкпесі бар – 15. Қолды болды – 16. Қолы ашық –

Терминдер мен кәсіби сөздер лексикасы стилистикасы

Термин сөздер деп ғылым мен техниканың мәдениет пен шаруашылықтардың түрлі салаларында қолданылған арнаулы сөздерді атаймыз. Қазіргі қазақ тілі сөздер құрамында өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің алуан түрлі салаларында қолданылатын көптеген термин сөздер бар. Термин сөздерге байланысты ғылым **-терминалогия** деп аталады. Термин сөздер әр түрлі жолдармен жасалды.

Әдеби тілде бұрынан бар кейбір төл сөздер терминдік мағынаға ие болып, белгілі бір саланың терминологиясына тиімді де, әбден орнығып қалыптасады. Мысалы: қазақ тіліндегі *айналым* (аборот), *нұсқау* (инструкция), *екпін*, *тырнақша* сияқты сөздер ғылымның әр саласында термин сөздерге айналып, қалыптасып кетті.

Кәсіби сөздер жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып дамуымен қалыптасады. Соларға байланысты заттардың, өндіріс еңбек құралдарының процесінің атауларын білдіреді. *Кәсіби сөздер* деп белгілі бір кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылатын лексикалық атауларды айтамыз.

М: Арал, Каспий балықшылар тіліндегі *шола* деген сөз бар. *Шола* балықтың азаюы деген сөз. Мұны балықпен шұғылданбайтындар түсінбейді.

Кәсіби лексика көркем шығармаларда да кезеседі. Кәсіби сөзді қолданушы жергілікті халықтар. Қазақ тілінің төл сөздері мен термин сөздер жасауда кәсіби сөздердің мәні бар.

Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды. Сөйтіп, кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. Мысалы: *бағбан*, дақыл сөздерін басқа сөздермен атауға болмайды. Бұлар белгілі бір ұғымның дәлділігін білдіреді.

50-жаттығу. Берілген терминдерді оларға қатысты пәндер бойынша реттеп жазыңдар.

Биквадрат теңеу, материк, цитоплазма, сутек, Фалес теоремасы, кеңістік, фигура, қылқан жапырақты ағаштар, ілгерінді ықпал, оңтүстік, етістік, коало, септеу, аксиома, катет, жұрнақ, цилиндр, организм, бауырымен жорғалаушылар, гипофез, тартылыс күші, кинетика, субтропиктік белдеу, әріп, атом, реакция, тропиктік белдеу, гипотенуза, дискриминант белдеу, лакмус, электр тогы, кайназой, үстеу, сөз тіркесі, абцисса өсі, логарифм.

Математика (алгебра):

Геометрия:

Өсімдіктану:

Жануартану (зоология):

География:

Тіл:

Физика:

Химия:

51-жаттығу. Төменде берілген термин сөздерді қатыстырып сөйлем құрндар.

Мұражай, әуежай, елтаңба, әнұран, тартылыс күші, электр тогы, терминал, пластик карта.

52-жаттығу. Өзің ұнататын кәсіпке байланысты қандай сөздер бар екенін дәптерлеріңе жазып, оған мәтін құрндар. Мәтінге ат қойындар.



53-жаттығу. Суретте қайсы кәсіп берілген. Сол кәсіп туралы қысқа мәтін құрндар да, оған ат қойындар.



54-жаттығу. Кәсіпке байланысты беріліген сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.

Шербек, үзенгі, атауыз, оқулық, кемпір қауын, шөктірме, кияр, коза, мақта, трактор, кетпен, қайшы, ине, жіп, лекция, бақылау жұмысы, орақ.

Тұрақты сөз тіркестері стилистикасы

Фразеология лексикологияның бір саласы болып тұрақты сөз тіркесінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын, жасалу жолдарын зеттейді.

Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол сөз тіркестерінің екі не онан да көп компоненттері болады, бірақ сөз тіркестері семантикалық бірлікте болып, тұтас бір ұғымды білдіреді. Мысалы: *көз бояу, жүрегiнiң түгi бар, қу бастан қуырдақтың ет алғаны*, т.б. Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы ғасырлар бойы қалыптасып, ел аузында көп айтылып жалпы халыққа түсінікті болып кеткен.

Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды.

Фразеологизмдерге идиом, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Сонымен бірге қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы — қос сөздер. Қазақ тіліндегі қос сөздер форма жағынан да, семантика жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Қос сөздер, әдетте, екі сөзді болады. Үш сөз қос сөздер сирек кездеседі.

Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

- дайын тілдік единица ретінде жұмсалады;
- жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады;
- мағына бірлігі сақталады;
- екі сөзден кем болмайды.

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын бәрі де ең алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер, алдымен, адамдардың ой-сезімін, ара-қатынасын, өмір тануын білдіреді.

Қазақ тілі фразеологизмдерінің біразы өткір сықаққа құрылған. Ол қасиет, әсіресе, жағымсыз образдарды сипаттайтын идиом, мақал-мәтелдерде баса сезіледі. Мысалы: «түйе үстінен сирақ ұйыту», «қу бастан қуырдақтық ет алу», «жұмыртқадан жүн қырыққан», «ит екеш итке де бір сүйек қарыз» т.б.

Тұрақты сөз тіркестері тілімізде екі түрлі қызмет атқарады:

Бірінші, фразеологиялық единицалардың негізгі қызметі — заттың не құбылыстың атын білдіретін және сөйлем түрінде келіп, пікір алысу құралы болатын тілдік элементі.

Екінші, фразеологиялық единицалар тілімізге образды: бейнелі және мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыруда зор мәні бар. Тұрақты сөз тіркестерінің осы қызметінің стилистика үшін мәні ерекше зор.

Фразеологизмдер өздерінің бейнелік құрылысы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты тенеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл үлгілерінің бәрі де бар:

55-жаттығу. Берілген тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрастырындар. Олардың мән-мағыналарын анықтандар.

Тақырға отырып қалу; қой аузынан шөп алмас; ит арқасы қиян; белінен бесік табы кетпеген; қыпша бел, бұраң бел-ай кабак, сүмбіл шаш, ақ сұңқар, алма мойын, ин жанды, жылқы мінезді, айыр тілді; атқан тандай, иненің жауысындай, көздің қарашығындай, шөккен нардай, кордың қызындай, есектің миындай, инемен құдық қазғандай, көзге біткен сүйелдей, тонның ішкі бауындай, сөзі түйеден түскендей; көл-көсір, телегей-теңіз, көп түкірсе көл болар, әлемде теңі жоқ, ай десе аузы, күн десе көзі, көзі шарасынан шығу, жаны мұрнының ұшына келу, тізе бүкпеу, бел жазбау, кірпік қақпау, көз ілінбеу, тірі жан жоқ, бір минутқа немесе дүниені бір уыс қылу, бір тарының қауызына сию; мың асуға бір тосу, бірде бие, бірде түйе, түздегі май ішсе, үйдегі зәр ішеді.

56-жаттығу. Берілген тұрақты сөз тіркестерін түр-түрге ажыратындар.

Көп тыңда, аз сөйле; бетегеден биік, жусаннан аласа; еріншек егіншіден елгезек масақшы озады; тірі өлік; тірі жетім; жаман жақсы көру; уәдеден шығу; жіпсіз байлану; пышақсыз бауыздау; қайырсыз пайдадан, қайырсыз залал; тікеннен гүл, удан бал; түйенің құйрығы

жерге тигенде; оқу — білім бұлағы, білім — өмір шырағы; тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер.

57-жаттығу. Берілген тұрақты сөз тіркестердің арасынан уақытпен байланысты болған тіркестерді ажыратып жазындар да оған сөйлем құраңдар.

Киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер; шай қайнатым; гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі; сүт пісірім; ет асым; сүнгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес; қол-қолды табады; бояушы-бояушы дегенге сакалын бояйды; бие сауым; таяқ тастам; көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады; арқан бойы; қозы көш жер; ат шаптырым; жаз шананды сайла, қыс арбанды сайла; аласаны атқа санама, жақынынды жатқа санама.



58-жаттығу. Төменде берілген тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңдар.

Су сепкендей басылды; күн көру; жаны жай табу; қыздың жиған жүгіндей; аузы ашылып қалу; жағы қарысты; езуі құлағына жетті.

Пысықтау жұмысы

1. Кестедегі стильдерге тән белгілерді «+» таңбасымен, тән емес белгілерді «-» таңбасымен, осы әзіл көрінетіндерін «^» таңбасымен көрсетіп әрбір стильдің ерекшеліктерін анықтаңыз.

Стильдер Белгілер	Ресми іс- қағаздары	Публицис- тикалық стиль	Көркем әдебиет	Сөйлеу стилі	Ғылыми стиль
Үгіттеу мақсатын көздейді					
Бейнелі сөздер қолданылады					
Термин сөздер көп қолданылады					
Диалог түрінде қолданылады					
Ауызша формада ғана кездеседі					
Монолог түрінде құрылады					

Диалект, кәсіби сөздер жиі қолданылады					
Нақты мәліметтер беру мақсатын көздейді					
Сөз формалары дәл, тура мағынасында қолданылады					
Сөз формалары бейнелі ауыспалы мағынада қолданылады					

2. Төменде берілген афоризмдерге мән беріндер. Афоризмдерді қолданып сөйлем құрастырындар.

1. Білім — бактың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ — әлдекімнің азығы. 2. Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле. 3. Талантқа қанат болар — сезім емес, сенім болуы керек. 4. Ақын жүрегінде кек тұрмайды, кек тұрса — қақ тұрғаны, қақ тұрған жүрек — тот басқан асыл. 5. Ақылды адамға ең ауыр жаза — мақтай беру, мақтай беру. 6. Ана сұлулығы жүзіндегі мейірімінен көрінеді. 7. Әдебиет өсімі — ел өсімі. 8. Тазалық — тазалыққа шақырады. 9. Ел үшін — мақтан, елің үшін — қайғыр. 10. Ата — кәрі тәжірибе, бұрнағы күн. Әке — кеше мен бүгін, бала — бүгін мен ертеңгі күн. Немере — қалыс. Тіршілік ешнәрсені ұмытпаған. 11. Ата-ана қадірін білмеген — ел қадірін біле алмас. Ел қадірін білмеген — ата-ана қадірін біле алмас. 12. Сөз жылата да, жұбата да алады.

3. «Менің атым Қожа» фильмі бойынша ауызша және жазбаша мәтін құрастырындар. Сөйлеу түрлерінің ерекшеліктерін біліп алындар.



4. Тест тапсырмаларын оқытушыларыңның көмегімен орындандар.

1. Стилс сөзі қай тілден енген?

- А. Латын.
- В. Орыс.
- С. Араб.
- Д. Қазақ.

2. Стилистика қандай ғылым?

- А. Стилс туралы ғылым.
- В. Жазу мен оқу мәнері туралы ғылым.
- С. Стилдік қателер туралы ғылым.
- Д. Стилистика сөз мағынасын зерттейтін ғылым.

3. Стилс дегеніміз не?

- А. Белгілі бір тілдегі фонетикалық тәсілдің қолданылу принципі.
- В. Белгілі бір тілдегі лексикалық тәсілдің қолданылу принципі.
- С. Белгілі бір тілдегі грамматикалық тәсілдің қолданылу принципі.
- Д. Барлық жауап дұрыс.

4. «Стилс» сөзінің латын тілінен қазақ тіліне болған аудармасы қандай болады?

- А. Жазу құралы
- В. Оқу құралы.
- С. Сөйлеу мәнері.
- Д. Сөз қолдану принципі.

5. Стилистиканың зерттейтін нысаны не?

- А. Тілдің өзіне тән ерекшеліктері, әдеби тілдің стилдерін тегіс камтиды.
- В. Жалпы халық тілінің стилдік жүйелері.
- С. Жалпы халықтық тілдің ауызекі және жазба түрлері.
- Д. Барлық жауап дұрыс.

6. Қолдану ерекшелігіне қарай жалпы халықтық тілдің қандай түрлері бар?

- А. Ауызша және жазбаша.
- В. Сөйлеу тілі және кітаби.
- С. Ішкі мазмұны және сыртқы формасы.
- Д. Диалог.

7. Тіл құрайтын элементтерді ата.

- А. Морфема, сөз, сөз тіркестері және сөйлем.
- В. Тіл жүйесі, интонация
- С. Интонация және оның компоненттері.

Д. Метифора, морфема, сөйлем, екпін.

8. Қазақта тұңғыш жазба әдеби тіл үлгісін жасаған ғалымдар.

А. Абай мен Ыбырай.

В. Шоқан мен Сәкен.

С. Ахмет Байтұрсынұлы.

Д. Сәкен мен Сәбит, Мағжан.

9. Тілді бейнелі жасайтын құралдың бірі не?

А. Фразеологизмдер

В. Неологизм.

С. Архаизмдер.

Д. Терминдер.

10. Монолог дегеніміз не?

А. Бір кісінің сөзі.

В. Екі немесе одан да көп адамның өзара сөйлескен сөзі.

С. Шығарма алдынан айтылатын автор сөзі.

Д. Әдеби шығарма тілі.

11. Публистикалық стильдің ауызша түрі?

А. Шешендік сөз.

В. Шығарма, ситуация.

С. Радио мен теледидардан берілетін хабар.

Д. Мысал, әңгіме, очерк.

12. Зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталуды қажет ететін стиль:

А. Ғылыми стиль.

В. Публистикалық стиль.

С. Ресми, іс қағаздар стилі.

Д. Кітаби-жазба стиль.

13. Ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнерлі стиль түрі қайсы?

А. Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз.

В. Іс-қағаздар стилі.

С. Ғылыми стиль.

Д. Кітаби-жазба стиль.

14. Көркем әдебиет стилі не?

А. Ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер.

В. Зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелденуді қажет етеді.

С. Қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалар.

Д. Әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері.

15. Ғылыми стиль қай қатарда дұрыс берілген?

А. Зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелденуді қажет етеді.

В. Ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер.

С. Қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалар.

Д. Әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері.

16. Іс қағаздар стилі –

А. Әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері.

В. Айлық, апталық басылымдарда жарияланады.

С. Ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер.

Д. Қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалар.

17. Сөйлеу тілінің лексикасына қайсылар жатады?

А. Табу, эфемизм, диалектизмдер, қарапайым сөздер және кәсіби сөздер.

В. Кәсіби сөздер, сөйлеу тілі т.б.

С. Сөйлеу тілі, бейтарап және кітаби лексика.

Д. Диалект сөздер, жаңа сөздер.

18. Қызалақ сәби өзі де дәл көгершін тәрізді, – сөйлемдегі асты сызылған сөз қай сөзге мысал болады?

А. Диалектизм.

В. Кәсіби сөз.

С. Неологизм.

Д. Көнерген сөз.

19. Кітаби лексикаға нелер жатады?

А. Саяси әлуметтік терминдер, әр алуан техникалық атаулар т.б.

В. Ғылым саласындағы арнаулы терминдер мен атаулар.

С. Стильдің негізгі және қосалқы белгілері.

Д. Термин сөздердің жиілігі.

20. Би, болыс, старшын, ояз, дулыға тағы басқа сөздер қандай сөздерге мысал болады?

А. Көнерген сөздер.

В. Неологизмдер.

С. Кәсіби сөздер.

Д. Қаратпа сөздер.

21. Көнерген сөздер қандай топтарға бөлінеді?

А. Архаизм, историзм.

В. Неологизм, архаизм.

С. Историзм, неологизм.

Д. Неологизм, архаизм, историзм.

22. Алтын терек арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің дейді Әйгерім сазы. Осы сөйлемдегі көнерген сөзді тап.

- А. Арсыға.
- В. Ардақты.
- С. Сазы.
- Д. Құлаш.

23. Неологизмге дұрыс келетін мысал қатарын көрсет.

- А. Қызанақ, тікұшақ.
- В. Сапты аяқ, кітапхана, ғалым.
- С. Би, болыс, атарба, желмая.
- Д. Баған, терек, құлаш, ұршық.

24. Жеке сөздерге де, фразеологиялық орамдарға да, сөз формаларына да, синтаксистік конструкциялардың қай-қайсына да тән сипат сөздің қай бояу түріне жатады?

- А. Эксперессивтік бояу.
- В. Сөздің қарапайым бояуы.
- С. Эмоционалдық бояу.
- Д. Неологизм бояу.

25. Сөйлемдегі экспресивтік бояудағы сөзді тап? *Іргелі мекен, өнерлі шаһар жоқ.*

- А. Шаһар.
- В. Мекен.
- С. Іргелі мекен.
- Д. Өнерлі шаһар.





МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ СӨЙЛЕУ **СТИЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Көптік жалғау стилистикасы

Стилистика сөзге қосымша жалғаудың тілімізде қалыптасқан нормаларын айқындау мәселелерін де қарастырады. Сөз мағынасы қажет етпейтін жағдайда, қандай қосымшаның болсын жалғанып, қолданылуы тілдің қалыптасқан нормасын, сыпатын бұзады. Қазіргі уақытта күнделікті баспасөз тілінде әрдайым жиі ұшырайтын кішіпейілділік мінез, балалар дәрігерлері, өндірістік технологиялық процесс тәрізді тұлғалануды мағыналық қажеттіктен туған деуге болмайды. Қазақтың халық тілінде болсын, әдеби тілінде болсын зат есімнің анықтауышы қызметінде жұмсалған сын есімге тағы басқа бір қосымша жалғамайды. Өйткені мағыналық тұрғыдан ешбір қажеті жоқ. Сондықтан кішіпейілділік мінез емес, кіші пейіл мінез болуға тиіс. Сөз тұлғасын орынсыз күрделендірудің қажеті жоқ. Осы қосымшаның (**-лық**, **-дық**) қолданылуында кейде басқа да ынғай байқалады. Мысалы: *Жеңіл өнеркәсіп орындарында осындай өрескел кемшіліктердің әлі де болса орын алуының басты себебі өндірістік технологиялық процестер тәртібінің бұзылуында болып отыр (газеттен)*. Сөйлем құрамындағы «өндірістік технологиялық процесс» шумағында **-лық** қосымшасының қатарынан екі рет қолданылуы, әрине, орынсыз. Алғашқы сөзге **-лық** қосымшасының қажеті жоқ. **-лық** — сөз бен сөзді байланыстырушы емес, сөзге жаңа мән береді, сын есімге қосылып, зат есім туғызады, зат есімге жалғанып, сын есім жасайды. Бұл жерде **-лық** емес, ілік септіктің қолданылуы қажет еді.

Кейде әдеби тілде қалыптасқан формалардың орнына диалектілік ерекшеліктерді қолдану да ұшырасады. Мысалы: Республикадағы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кейбір түрлері, суармалы жерлердің кейбір бөлегі осында шоғырланулы (*газеттен*). Сірә, мақала авторы батыс облыстардың бірінен болса керек, сол аймаққа тән ерекшелікті қолданған. Әдеби тілде бұл ретте **-ған** (шоғырланған) тұлғасы айтылған. Мұндай тұлғалардың әдеби нормаға жатпайты-



ны, әдетте, нормативтік грамматикада баяндалады. Сол себептен мұндай ауытқулар стилистиканың объектісі бола алмайды.

Стилистиканың айрықша көңіл аударатын мәселелерінің бірі — грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік шумақтардың белгілі бір мағына беруде синонимдес қолданылуы. Мұндай синонимдік топтар — сөз қайталамаудың, жинақы да жатық болудың аса таптырмас құралы, тілімізде икемділігінің дәлелі. Қазақ тілінің морфологиялық категорияларының ішінде де, сирек болса да, бір-бірімен синонимдес мәнде қолданылу фактілері кездеседі. Мысалы, сын есімнің шырай түрлерін жасайтын **-рақ** және **-лау** аффикстерін алайық. Сөйлем ішінде *күштірек*, *күштілеу* тәрізді сын есімдік тұлғалар бір-біріне балама есебінде қолданыла береді. Кейде олар мағынасы жағынан синонимдес болғанымен, әр түрлі мәнде қолдануға икем келеді.

59-жаттығу. Сингармонизм заңы бойынша төменде келтірілген сөздерге көптік жалғауын жалғап сөйлем құрандар да, дәптерлеріне көшіріп жазындар.

Гүл, жидек, кітап, қалам, оқулық, ата-ана, әже, туған-туысқан, қала, бау-бақша, оқытушы, сақина, орындық, орақ, қалам, Әсет, сынып, Бауыржан, мектеп, мұғалім, әлем, канат, құшақ.

60-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті тиісті жалғауларды жалғап, сөйлемдерді дәптерлеріне көшіріңдер.

1. Осылайша күн... өте берді, өте берді. Ай артынан ай... ұрлана өтіп, екінші жылға аяқ басты.

Маусым айының нақ ортасы. Күннің ыстықтығы сонша, ерсілі қарсы жүрген адам... да берекесіздене түсіп, көлеңкелі жерге қарай ығыса беретін болды. Әйел... де қол шатырын ұстап, қара түсті көзілдірік... ін таға түсіп, саялау жерді іздестіре бастады. Зейнештің де мемлекеттік емтихан...ды тапсырып жүрген кезі (*Қалдыбек Сейданов.*)

2. Сонымен біз институт инженер...інің жетелеуімен жердің астына сапар шегетін болдық. Бұрын шахта... мен рудник...де талай болғаным бар. Алып ағаш... бірінен соң бірі шартылдап сынып жатады. Мен сіз...дің сұрақ...ыңыздың бәріне бірдей жауап бере алмаймын. Осы аланда алғашқы кенші... келіп жұмыс істей бастағанда тауықтың балапанындай біріне бірі иек артып, жапырласа орналаса қалған шатыр... екен, — деді қарындасымыз.

Жұмысшы...дың қысы — жазы тұратын мекені сол. Бір жағынан кен қазылса, екінші жағынан қаланың алғашқы үй... іргесі қалана бастапты. Біздің қаламыздағы құрылыс...да жіберілген кемшілік сол асығыстықтың салдары. (*Қасым Таукенов.*)

Керекті жалғаулар: -дар, -дер, -лар, -лер, -тар, -тер.

61-жаттығу. Төменде берілген сөйлем ішіндегі қарамен жазылған сөздерге не үшін көптік жалғауы жалғанғандығын түсіндіріңдер.

Осындай шақта қаланың шетіне жаңа ғана кірген **жолаушылар** бірнеше жалпақ төбелі қоңырқай **үйлерден** айналып өтті. Бірауық **олар** шуласып, таласа жарысып үріп кетіседі.

— **Өңі-түстері** танылмаса да **бойлары** көрінген соң амандасу басталды.

— Ей, бұл кім? **Кімсіңдер?** — дегенде, Көшір тез жауап қатты:

— Аш, мен Баймағанбет.

Баймағанбет ашық қақпаның алдында дегбірсізденіп, **ауыздықтарын** шайнап, жер тарпып тұрған **аттарына** және Абайға да сөйлеп тұр.

Шалқадан жатқан қалпында екі қонақтың да **сақалдары** күйектей боп, ерекше көзге түсті.

Бұ қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы **отырсындар** ма? — дегенде, ең алдымен, аппақ, ұзын **тістерін** ақситып ашып, Дәмежан сақылдап күлді.

Абай бұл кезде жаңағы **қонақтармен** тіл қатыса отырған. **Олар** Абайдың **туыстары** болып шықты.

Бұған Жәбікен шүкірлік етіп, Дәмежанға осы **әңгімелер** тұсында өте жылы қарады.



62-жаттығу. Төменде берілген сөйлем ішіндегі көптік жалғауы жалғанған сөздердің мағыналарына мән беріндер. Ол сөздерді теріп жазыңдар.

1. Төрде отырғандардың барлығы Алматыдан келгендер. 2. Ақ киімділер бір қатарда тұрды да, басқаларға көңіл бөлмеді. 3. Оның қырықтарға келген кезі ғой. 4. Профессор кешіккендерді аудиториядан шығарып жіберді. 5. Конференцияға барғандардың ішінде менің көршім де болған. 6. Сағат бестерде «Менің атым Қожа» көркемфильм қойылымы болады. 7. Апамдар ертең Астанаға жол жүріп кетеді. 8. Гүлдердің ішінен ол тек қана қызыл-қызылдарын теріп алды.

Септік жалғау стилистикасы

Қазақ тілінде жеті септік, алты септік жалғауы бар. Атау септігінің көрсеткіштері болмайды. Сондықтан қалған ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінің жалғаулары болады.

Ілік септіктегі сөз конкретті меншікті, тәнділікті білдірмей, абстрактылы немесе ұжымдық қатынасты білдірген жағдайда: фермер малы, товар айналымы, сауда айналымы, мемлекет қаржысы, т.б. Бұл, әсіресе, жазба тілде қалыптасып келе жатқан салт. Дегенмен, логикалық екпін түскенде немесе тәуелдік жалғаулы сөздің білдіретін мағынасының нендей құбылысқа, затқа, кісіге қатыстылығын білдіру ниеті көзделгенде, ілік жалғауы түсірілмей айтылады. Мысалы: *Дүние жүзінің халықтары бейбітшілік пен бақыт жолындағы қозғалысты қолдай алады...* (Газеттен). Бұл сөйлемде **дүние жүзінің халықтары**, яғни ілік жалғауымен келген. Бұл жердегі ілік жалғаулы конструкция нақтылы мақсатпен айтылған.

Барыс жалғауы іс бағытталған, арналған жанама объект мәнінде, кейде жатыс жалғауымен синонимдік қатар құрады. Мысалы: *Терезе алдындағы алма ағашы бөлмеге күн сәулесін түсірмейді.*

Сонымен қатар, сөйлем ішінде іргелес орналасқан сөздердің бәрі бірдей жатыс жалғауында айтылуы әуезділік тұрғысынан да, айқындылық тұрғысынан да пайдасыз болар еді. Мынадай бір мысал келтірейік: Айтқан **уақытта** дәл келу, айтқан **жерде** дәл болу — біздер үшін қатал заң. Осы мысалда қатар тұрған екі сөздің де жатыс тұлғалы болуы ойландыратындық жай. Сірә, дұрысы, алдыңғы сөзді барыс тұлғасында қолданып, «*Айтқан уақытта дәл келу, айтқан жерде дәл болу-біздер үшін қатал заң*» деп айту орынды болмақ. Өйткені, сөйлемнің алдыңғы бөлігіндегі **келу** етістігі қимылды білдіреді, олай болса, барыс септік айтылуы орынды, ал соңғы бөліктегі **болу** — статикалық қалыпты білдіреді, сондықтан бағыныңқы сөздің жатыс тұлғалы болуы дұрыс.

Табыс жалғауының айтылмауы кейде сөзге логикалық екпіннің түспеуімен де байланысты. Мысалы: *Абай мен Ербол Семей қаласының өз ішінен пәтер алды* (М.Әуезов) деген сөйлемдегі пәтер сөзіне табыс жалғаудың қосудың қажеті жоқ. Сөйлемнің мақсаты — Абай мен Ерболдың қаланың ішіне орналасқанын хабарлау ғана. Егер ой мақсаты пәтер алуын хабарлау болса, табыс жалғауын қосу керек болар еді. *Бала кітап оқыды. Бала кітапты оқыды* деген сөйлем-

дер құрамындағы кітап сөзінің табыс жалғаулы және жалғаусыз жұмсалуды да осындай.

Бала кітап оқыды дегенде бала бос отырмады, бір нәрсемен айналысып отырды деген біршама жалпы мән болса, *бала кітап оқыды* дегенде басқаны емес, тек кітапты оқығандығын хабарлау мақсаты бар.

Шығыс жалғауы мынадай мағыналық мәнерлерде қолданылады:

- 1) Заттың неден істелгендігін білдіреді: *тастан үй салды*.
- 2) Нәрсенің шығар көзін білдіреді: *білімді кітаптан алады*.
- 3) Іс-әрекеттің шығатын, таралатын мекенін білдіреді: **Қарағандыдан көмір шығады**.
- 4) Іс-қимылдың пайда болуы, таралу мезгілін, уақытын білдіреді: **жастайынан сүйретке әуес**. Дегенмен халық тілінің практикасында *тастан үй салды, ағаштан ыдыс жасады* тәрізді тіркестерді шығыс септігінсіз-ақ «тас үй салды, ағаш ыдыс жасады» деп айту да бар. Әдеби тілді екеуі де жарыса қолданылады. Бұл екі тәсілдің арасындағы айырмашылық: шығыс септік жалғауы заттың неден істелгендігін білдіріп, сөзге логикалық екпін береді.

Егер мұндай даралап нақтылау қажет болмаса, олар шығыс жалғауынсыз бір күйінде айтыла береді. Мысалы: *Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды (Ыбырай)*. Осы сөйлемдегі ақынның айтайын деген ойының өзі белгілі дәрежеде шығыс септік тұлғасына байланысты. Сол сияқты, ағаштан ыдыс жасады — ағаш ыдыс жасады тәрізді параллелдер мағыналық мәнер тұрғысынан бірдей емес. Алдыңғысында заттың тегін көрсету, басында, соңғысында заттың жасалу фактісі ғана хабарланған.

Көмектес септік, негізі, іс-қимылдың не, кім арқылы жасалғандығын, іс-әрекеттің болу ерекшелігін, себебін, орын-мекенін, мезгілін білдіретіні мәлім. Көмектес жалғауы мекендік мәнде жатыс септік орнына жұмсалады. Мысалы: *Рахмет бір күні Нева проспектісімен келе жатты (Ерубәев)*. Жоғары сөйлемді *Рахмет бір күні Нева проспектісінде келе жатты* деп те айтуға болар еді. Дегенмен бұл жердегі бір ерекшелік көмектес жалғауы істің мекенін сол мекен-орынның ұзына бойына созылған қимылмен байланысты білдіреді.

Жатыс септік тұлғасынан мұндай жіктелген мән байқалмайды. Сол сияқты мезгілдік мән де қолданылғанда көмектес септік тұтас мерзімді білдіреді: *Күнімен күтті, түнімен жүрді*.



Көмектес жалғауы бұл мәнде тек *бойы* көмекші есімді тіркестермен ғана синоним бола алады: *Күні бойы күтті — күнімен күтті*.

Сонымен, зат есімнің септік жалғаулары, олардың кейбір қолдану ерекшеліктері осы тәрізді. Септік жалғауларын дұрыс қолдану, ең алдымен, олардың грамматикалық ерекшеліктерін, мағыналарын білу деген сөз.

63-жаттығу. Төмендегі мысалдарды көшіріп жазып, септеулік жалғаулардың астын сызындар.

Күннің көзі көрінбей түнеріп тұрған. Үздік-создық шұбап, аспанға кезек-кезек қарап, ауылдан ұзай берген бетіміз еді, нөсер құйып берсін. Түйелерімізді жалма-жан кері бұрып, өкпелеріне тепкіледік. Жануарлар бүрсендеп, баспайды. Сыпырылып түсе-түсе қалдық та, бәрін тастай бере, ауылға қарай жаппай жамырай тұра жүгірісті.

Дала ызың-шу, айналамыз көрінбейді. Қараңғылық басып кетті. Лезде үстіміз ап-ауыр тартып, тұла бойымыздан сарылдап су сорғалады. Аяғымыздың асты телегей-теңіз. Көрінген жерден жылғалар пайда болып, сарқырап су аға жөнелді.

(Молдахмет Қаназов. «Ақ тайлағым-ай»)

64-жаттығу. Төменде берілген септеулік жалғауларды қатыстырып сөйлем құрғандар, оны дәптерлеріне көшіріп жазындар.

1) -ның -нің, -тың, -тің, -дың, -дің; 2) -ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не; 3) -ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н; 4) -да, -де, -та, -те, -нда, -нде; 5) -дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен; 6) -мен, -бен, -пен.

65-жаттығу. Төмендегі мысалдардан тек **барыс, табыс** септігіне қатысты жалғауларды табындар.

Сіз енді Семейден шығып, оңтүстікке бет алып келесіз. Абай мұражайы мен қалалық демалыс сабағының екі ортасындағы алаңға Мұхтар ағаның оқып жүрген кездеріндегі бейнесін беруге тырысқан ескерткіш қойылған. Құнанбай мен Абайға Шәкәрімнің аты қосылып, қайран елде қорлау, зорлау көбейді.

— Кім бар, шық бері! — деп дыбыстады. Сыртқа шыққанда жанына ерткен милиционерлері бар мылтық, қылыш асынған Қарасартовты

көрдім. Бұл кездерде жас Мұхтар Әуезовке де қылышын қайрағандар аз болған жоқ еді.

Ташкентте жүрген Мұхтарға елдің сәлемін алып, Абайдың аулында өскен Мамырқаздың Рахымжаны дейтін абырой иесі барып та қайтады. Сонда Мұқан ел ішіндегі беделді адамдардың ауданнан кетпеуін қатты тапсырыпты.

(Катен Оразалин «Абай ауылына саяхат»)

66-жаттығу. Берілген мәтіндегі сөйлемдерден **көмектес септік** жалғаулары жалғанған сөздерді тауып көшіріп жазындар

Апам Бакытжанмен төбелеспе дейді. Әрі көрші, әрі ағайынды балалардың төбелескендері ұят болатын көрінеді.

Ораз ауылға Аяжандармен бірге қайтты.

Нұрдәулетпен араздығы әлі бітпегендей, Майлыаяқ ол бетіне қараса, «ыр — р!» деп айбат шегіп қояды. (*Бердібек Соқпақбаев*)

Сәлден соң жайласып отырысымен Павлов Абайдың бұнда не шаурамен келгенін сұрап қалды. Ең алғашқы кездесу үстінде Абай досының сол сұрауына жауап берумен болды.

Бұл ел өлімді аса зор ықыласпен күтеді екен. Солардың бәрінде де орыс, қазақ, ноғай жұмысшылары үй іштерімен көп-көп қаза көріп жатыр екен.



67-жаттығу. Нақыл сөздердегі көп нүктенің орнына барыс септігі жалғауларының тиістісін қойып жазындар.

Қиянат..... көнбе,
Әділдік.....атса да көн.

Жақсы..... ерсен, жетерсің мұратқа,
Жаман.....ерсен, қаларсың ұятқа

Мұз.....сүйенбе, жау.....сенбе.

Жігіт адам.....жетпіс өнер де аз.

Адам.....ақыл көптік қылмайды.

Өнерлі өр..... жүзеді.

Тәуелдік жалғау стилистикасы

Тәуелдік жалғау да — сөзді қатынасқа түсіретін қосымшаның бір түрі. Бұл бір заттың біреуге не бір нәрсеге тәуелді, меншікті екендігін көрсету үшін қолданылады.

Тәуелдік жалғау дегенде, меншіктенуші (иеленуші) жақ пен меншіктелуші (меншігіне айналған) зат қоса жүреді. Иеленуші (меншіктенуші) жақ, жіктеу есімдіктерінің үш жағының (анайы түрі) мен, сен, ол, біз, сендер, олар; сыпайы түрі: сіз, сіздер) бірімен байланысты болып отырады. Осылардың қай-қайсысы болмасын ілік септігінің жалғауында тұрады.

Жекеше

Менің

Сенің

Сіздің

Оның

Көпше

Біздің

Сендердің

Сіздердің

Олардың

Меншіктенуші жақ зат есім болғанда да, ілік септіктің жалғаулары жалғанады.

Меншіктелуші (меншігіне айналатын) заттың да өзіне тән грамматикалық көрсеткіштері бар. Олар сөздерге үндестік заңының сингармонизм ыңғайына жалғанады.

Жақ	Дауысты дыбыстан соң	Дауыссыз дыбыстан соң
I	-м; -мыз, -міз. Әкем, апамыз, әкеміз.	-ым, -ім; -ымыз, -іміз. Қызым, келінім; қызымыз, келініміз.
II	-ң, -ңыз, -ңіз. Әкең, атан, әкеніз.	-ың, -ің, -ыңыз, -іңіз; қызың, келінің; қызыңыз, келініңіз.
III	-сы, -сі. Әкесі, апасы.	-ы, -і. Қызы, келіні.

Сөздердің тәуелдік жалғауын қабылдауын олардың тәуелденуі дейді. Тәуелдік жалғауының II жағының анайы және сыпайы түрі болады. Мысалы; *атаң, атаңыз.*

Сөз жекеше де, көпше де түрде тәуелденеді. Егер сөз (зат) жекеше түрде тәуелденіп тұрса, бір зат бір ғана адамға не затқа тән екендігін білдіреді. Тәуелдіктің бұл түрі онаша тәуелділік деп аталады. Ал сөз (зат) көпше түрде тәуелденіп тұрса, көп зат я біртектес бірнеше зат бір адамға (я бір затқа) ғана меншікті екендігін білдіреді. Тәуелдіктің бұл түрі ортақ тәуелділік деп аталады.

Зат есімнің тәуелденуі

Тәуелдену- дің түрі	Жақ	Тәуелді заттың несі	Тәуелдік жалғаулы сөздер		Жалғаулар
		Жекеше	Жекеше	Көпше	
Оңаша тәуелдеу	I	Менің	Ел-ім Бала-м	Ел-дер-ім Бала-лар-ым	-м, -ым, -ім
	II анайы сыпайды	Сенің	Ел-ің Бала-ң	Ел-дер-ің Бала-лар-ың	-ң, -ың, -ің
		Сіздің	Ел-іңіз Бала-ңыз	Ел-дер-іңіз Бала-лар-ыңыз	-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз.
	III	Оның	Ел-і Бала-сы	Ел-дер-і Бала-лар-ы	-сы, -сі, -ы, -і.
Ортақ тәуелдеу	I	Біздің, біздердің	Ел-іміз Бала-мыз	Ел-дер-іміз Бала-лар-ымыз	-мыз, -міз, - ымыз, -іміз.
	II анайы сыпайы	Сендердің, сіздердің	Ел-ің Бала-ң Ел-іңіз Бала-ңыз	Ел-дер-ің Бала-ларың Ел-дер-іңіз Бала-лар-ыңыз	-ың, -ің, -ң, -ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз.
	III	олардың	Ел-і Бала-сы	Ел-дер-і Бала-лар-ы	-сы, -сі.

68-жаттығу. Берілген мәтінді көшіріп жазып, сөйлем ішіндегі тәуелді сөздердің астын сызындар.

Ол жылы мен алты жастамын. Өмір бойы жалшылықта жүрген әкем Мұқан, ауыр сырқаттан еңбекке жарамай, ұзатқан қызы Зәуренің аулына көшіп келді.

Сол жылы кездескен адамдардың ішінде, менің сәбилік есімде тоқалдыққа берілген апам да, ортадан жоғары дәулеті бар, апамнан жасы екі есе үлкен жездем де, басқалар да сақталмаған, тек қана сақталған жалғыз адам — саятшы Ораз.

Бұрын мың рет оқылған ұғымсыз құтпаға бүгін қазіреттің қосқан сөзі өте қысқа, мәлім ғана жайлар болды.

Ол обаны «алланың пенделеріне жіберген жазасы» дейді. Әр заман, әр қауымға, сол қауымның құлқы бұзылып күнәсі көбейгенде, күпірлігі асқанда құдіреті күшті иесінің жіберетін осындай жазасы болады.

69-жаттығу. Берілген жұмбақтардан септеулі сөздерді тауып, жауабын табындар.

Білімнің дәнін тереді,
Балаға тәлім береді.
(Жауабы: ...)

Көзге танытқан,
Сөзді дамытқан,
Ойды кеңіткен,
Озықтарға теңейткен.
(Жауабы: ...)

Үстінде есігі
Өзі орындық, әрі үстел
Оқушылар бесігі
(Жауабы: ...)

Таудан түссем тоқтауды
білмейді,
Тауға қарай тартсам
да жүрмейді.
(Жауабы: ...)

Табаныма байладым,
Қос аяқпен айдадым.
(Жауабы: ...)

Қақпан емес, қабады,
Суға басын малады.
(Жауабы: ...)

Асқа бармайды,
Аспаздан қалмайды.
(Жауабы: ...)

Жүзімен жарады,
Шүйдесімен қағады.
(Жауабы: ...)

70-жаттығу. Берілген афоризмдерден тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, қай жақта тұрғандығын анықтаңдар.

1. Сый — жеңгендікі, сөз — тергендікі.
2. Ақыл атасы — ақиқат, ақыл иесі — сөз.
3. Тағдыр — тәңрі ісі.
4. Әділ заң — тірегің.
5. Жақсы жолдас — бауырың.
6. Қайран менің өз үйім — кең сарайдай боз үйім.
7. Алмасың болса, мойным бар....
8. Атасының баласы — адамның дұшпаны; Адамның баласы — бауырың.



71-жаттығу. Берілген сөйлемдерден тәуелдік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар. Олардың нешінші жақта тұрғандығын талдап көрсетіндер.

Үлгі: саудасын — сауда + сы+ н; **-сы** — тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіші.

1. Бұл күнгі саудасын ерте бітірген Бағдар, Қанатты астап, базардың қайнаған ортасына апарды. 2. Араларында шақпақ формалы жіңішке жолдары бар, өңкей темір дүңіршек дүкендер иін тіресіп, алармандарға аузын арандай ашып тұр. 3. — Иә, халің қалай, Сағындық!? Саудан күсет пе? — деп, алаңсыз тұрған Қанат, бағдардың кимылын байқамады. 4. — Әй, осы сенің орның өгейсіп отыр еді. Келдің бе, жазған? Менің ең жанкүйер досымның бірі — осы Тұңғат. 5. Шараптың тостағаны тағы да бір-екі жол айналып кетті де, ереуілдеп, еліріп алған жігіттер бірінің сөзіне бірі қонақ бермей, кейде бәйгеге қосылған аттардай, жарыса сөйлеп, өнештерін соза өкірештеп, қызырақтасып та қалды.

(Тұрсынәлі Рыскелдиев.)

Жіктік жалғау стилистикасы

Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Өйткені жіктік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым баяндауыш қана болады. Солай болса, жіктік жалғау — баяндауышқа ғана тән жалғау.

Жіктеу категориясы — қазіргі қазақ тілінде тек етістікке ғана тән қасиет емес, баяндауыш болып қызмет атқара алатын өзге де сөз таптарына, соның ішінде есімдіктерге де тән қасиет. Олай дейтін себебіміз — бастауышы жіктеу есімдіктерінен болған сөйлемде баяндауыш болатын сөз (қай сөз табынан болуы шарт емес) әрқашан бастауышпен жақтасып, тиісті жіктік жалғауды қабылдайды. Егер сөйлемнің бастауышы есімдіктен емес, басқа бір жалпы я жалқы есімнен болатындай жағдайда, оның баяндауышы, әдетте, үшінші жағында тұрады (мысалы: *ол отыр* — *бала отыр*; *ол келді* — *бала келді*; *ол көрсін* — *бала көрсін*; *ол оқыпты* — *бала жазыпты* т.б.).

Қазақ тіліндегі сөздер төмендегідей төрт топқа бөлініп, төрт түрлі үлгі бойынша жіктеледі:

Бірінші топқа *отыр, тұр, жүр, жатыр* етістіктері, есімшелер, зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, үстеулер жатады.

Екінші топқа *-а, -е, -й* (*бара, келе, сөйлей*) формалы және *-п, -ып, -іп* (*қарап, айтып, келіп*) формалы көсемшелер жатады; олар екінші үлгі бойынша жіктеледі.

Үшінші топқа етістіктің жедел өткен шақ формасы (*бар-ды, келді*) мен шартты рай формасы (*барса, келсе*) жатады; бұлар үшінші үлгі бойынша жіктеледі.

Төртінші топқа етістіктің бұйрық рай формасы (*бар, кел*) жатады да, төртінші үлгі бойынша жіктеледі.

Жіктік жалғау үлгілерінің салыстырма кестесі (үлгі үшін алынған сөз: *тұр*)

Жақтары	Бірінші үлгі	Екінші үлгі	Үшінші үлгі	Төртінші үлгі
Мен	-мын	-мын	-са-м	-йын
Сен	-сын	-сын	-са-ң	-сын
Сіз	-сыз	-сыз	-са-ңыз	-ыңыз
Ол				
Сендер	-сыңдар	-сыңдар	-са-ндар	-ындар
Сіздер	-сыздар	-сыздар	-са-ңыздар	-ыңыздар
Біз (дер)	-мыз	-мыз	-са-қ	-мыз
Олар			-са	

Жіктеу есімдіктері баяндауыш болғанда, оларға жалғанатын жіктік жалғау сол баяндауыштардың плеонастикалық жолмен қоса-қабаттасып келген көрінісі болады. Сол себептен жіктеу есімдігі баяндауыш болғанда, жіктік жалғау бастауыштың жақтық мағынасына үйлеспейді, баяндауыштың жақтық мағынасына орайласып жалғанады. Мысалы: *Ендігі қарыздар адам менмін (Ф.Мүсірепов); Бүгінгі Тобықтыда кісі болса, ол сенсің ғой, Абай (М.Әуезов); Ал бұлардың ісін бітіретіндер де сендерсіңдер (М.Әуезов)* дегендердегі алғашқы сөйлемдегі бастауыш — адам, баяндауыш — менмін, екінші сөйлемдегі бастауыш — ол, баяндауыш — сенсің, үшінші сөйлемдегі бастауыш — бітіретіндер де, баяндауыш — сендерсіңдер. Сөйтіп, баяндауышы есімдіктерден болған осы үш сөйлемде де бастауыштар мен баяндауыштар грамматикалық жақтары жағынан қиыспаған.

Ал, сөйлемдер «Мен — менмін», «Сен — сенсің» тәрізді болып ерекше құрылған жағдайда, әрине, бастауыш пен баяндауыш қиысып тұратыны өз-өзінен түсінікті. Мысалы: *Бәкен бір күні кірісін: сен кімсің? деген. Оған Раушан: мен — менмін, мен сегізіншінің ауыл-найымын, мен кеңестің бастығымын деген (Б.Майлин).*

72-жаттығу. Жіктік жалғаулы зат есімдерді теріп жазыңдар және сол сөздерге сөйлем құрғандар.

Оқимын, оқушымын, келесін, жиенсін, барамыз, доспыз, келдініздер, бишісіздер, құрылысшысыздар, көресін, жүреді, суретшіміз, бауырмын, келеді, жүзесін.

73-жаттығу. Өлеңдерді мәнерлеп оқып, жіктік жалғаулы сөздерді жекеше, көпше түрде жіктеп жазыңдар.

Мен де адаммын жаралған сүйек — еттен,
Арым бар, намысым бар жан тербеткен.
Қазақтың қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен.
(Б. Момышұлы.)

Ана тілі

Мейлі шарлап теңіз өттім, тау бастым,
Мейлі көктің ақ бұлтына жармастым.
Сонда дағы сен қалмассың көкейден,
Сонда дағы сені ұмыта алмаспын.

Бар қазақтың орман, көлі, өзені,
Тау қиясы, жалпақ, жазық, кезеңі.
Сайрап, сөйлеп тұрған жоқ па қазақша,
Қалай тозар сендік асыл сөз кені!....

Ана тілім — күшім менің, қуатым,
Жырым сендік жүрегіммен туатын.
Тауысар ма ырысыңды, қорыңды,
Тізелесіп қатар жазса мың ақын!
(Ғ. Қайырбек.)

74-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

Кезекшісіңдер, көршісің, шәкірт, доспыз, әншімін, ұстазбын.

Жекеше

I жақ.
II жақ.
III жақ.

Көпше

I жақ.
II жақ.
III жақ.



75-жаттығу. Төменде берілген афоризмдерден жіктік жалғауын тауып, нешінші жаққа тиісті екендігін анықтандар.

1. Суатпын деп мактанба: су жаманы суат — басынан соқпақ кетейді; Қазықпын деп мактанба: мүлік жаманы қазық басынан тоқпақ кетпейді.

2. Қарадан хан болсам — халқым қалаған болар; Айырдан нар болсам — атам жараған болар; Жоқтан бар болсам — құдайым қараған болар.

3. Ағаңнан айрылсаң — қанатыңның қайрылғаны; Әкеңнен айрылсаң — асқар тауыңның шағылғаны; Сүйген жарыңнан айрылсаң — жапырағыңның қурағаны; Анаңнан айрылсаң — ағып жатқан бұлағыңның суалғаны.

4. Зор дұшпаннан қандай сактансаң — ұсақ жаудан сондай сактан.

5. Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сейлей шешен боларсың.

(Қазақ афоризмдері)

76-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздердің қай жалғау арқылы жасалғанын айтындар

— Сен осы Орал тауларындағы Мыс тау туралы аңызды **білесің** бе?

— Сендердің **Алматыларың** үлкен қала ма?

— Сен бұрын Баянай жөнінде **естіп пе едің?** — деп сұрады.

— Сен Байкалов жөнінде бұрын **білуші ме ең?** — деді.

— Сіз Жазушылар одағының мүшесі емессіз бе? — деді Қуан аға әңгіме аяқталған соң. *(Қалаубек Тұрсынқұлов «Поляр шеңберінің маңында»)*

Ой **шыбыным**, жалғыз **отырмысың?** — дей берді де, мені көріп:

— Мына бала Қожа ма? — деп сұрады.

— Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып **отырмаз, білесің** бе? — деді Ахметова.

— Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Бұдан былай **оқығың** келмей ме? — деп сұрады Ахметова.

(Бердібек Соқпақбаев.)

Жұрнақтар стилистикасы



Тіліміздегі сөздердің кейбір топтары белгілі бір стильдік салаға тән болып, қалыптасқан жүйеде ғана қолданылатыны тәрізді, кейбір морфологиялық тұлғалардың да бір жүйе де ғана, бірыңғайда ғана қолдануға бейімділігі көзге түседі. Әрине, морфологиялық тұлғаның бір ғана стиль құрамында жиі жұмсалуды оның әдеби тілдің басқа бір саласында кездеспейтіндігін дәлелдемейді. Ол тұлға бас-

қадан гөрі сол стильде жиі қолданылады сол мән-мағына арасында біршама қалыптасқан деп қана түсінілгені мақұл. Сондықтан да әдеби тілдің тек бір ғана саласында морфологиялық тұлғалардың қолданылып, басқа ыңғайда кездеспейтін түрлері аса сирек. Өйткені морфологиялық категориялар, жеке сөздердей емес, сөйлемнің субъективтік мәнеріне тікелей қатысты бола бермейді. Көбіне ойдың, хабардың объективтік мазмұнымен тікелей байланысты болып келеді.

Жұрнақтар дыбыстық құрамы жағынан бір дыбысты да, көп дыбысты да бола береді. Мысалы, *тіле-к, сұра-қ, таны-с, сын-а, мін-е, сөйле-м* дегендердегі **-қ, -к, -с, -а, -е** жұрнақтары жалғыз-жалғыз дыбыстар ғана. Ал, *ор-ақ, түс-ім, шеге-ле, сүз-бе, шап-қы* дегендердегі жұрнақтар екі дыбысты да, *көр-гіш, тырна-уыш, аман-дас, қала-лық* дегендерде үш дыбысты. *Ашпалы, үзінді, ұшқалақ, адамшылық, жергілікті* дегендерде төрт дыбысты (**-палы, -інді**), бес дыбысты (**-қалақ, -шылық**) және жеті дыбысты (**-гілікті**) жұрнақтар бар.

Құрылымы мен құрамы жағынан жұрнақтар жалаң жұрнақтар және құранды жұрнақтар болып екі салаға бөлінеді.

Жалаң жұрнақ деп мағына жағынан да, форма жағынан да, бөлшектенбейтін бір бүтін жұрнақты айтамыз. Мысалы, *білім, кеспе, малыш, ұшқыш, үйшік, әкелік* дегендердегі **-ім, -пе, -шы, -қыш, -шік, -лік** жұрнақтарының әрқайсысы — мағына жағынан да, тұлға жағынан да біртұтас жұрнақ. Мағына жағынан бір бүтін бола тұрса да, құрамы жағынан кемі екі я онан да көп жалаң жұрнақтардан құралып (бірігіп) жасалған жұрнақтар құранды жұрнақтар болады. Мысалы, *жайшылық, басыңқы, тұрғылықты, құранды* дегендердегі **-шылық, -ыңқы, -ғылықты, -ынды** жұрнақтарының әрқайсысы мағына жағынан бір бүтін форма болғанымен, құрамы жағынан әуелгі екі я үш жалаң жұрнақтардан бірігіп жасалған күрделі жұрнақтар. Мұндағы **-шылық** жұрнағы бастапқы **-шы** және **-лық** формаларынан, **-ғылықты** жұрнағы **-ғы — лық — ты** морфемаларынан құралып, біріккендіктері тұлғаларынан көрініп те тұр.

Сол сияқты жұрнақтар сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақ болып екі топқа жіктеледі. Сөз түрлендіруші жұрнақ түбір сөзге жалғанып, сөздің тек қана формасын ғана өзгертіреді. Ал, сөз тудырушы жұрнақтар түбір сөзге жалғанып, сол сөздің лексикалық мағынасын өзгертіретін қосымшаның бір түрі. Жұрнақтар белгілі бір сөз табына тиісті болады.

77-жаттығу. Өздерің оқып жатқан көркем шығармалардан үлгіде көрсетілгендей сөз тудырушы жұрнақтарды бір бағанға, сөз түрлендіруші жұрнақтарды екінші бағанға жазыңдар.

Үлгі:

Сөз тудырушы жұрнақ	Сөз түрлендіруші жұрнақ
1. Күн шағырмақ ашық , Қарқаралы атырабындағы өлке жота жалтырап, аппақ сіреу боп жатыр.	1. Күн шағырмақ ашық, Қарқаралы атырабындағы өлке жота жалтырап , аппақ сіреу боп жатыр.
2. ...	2. ...
3. ...	3. ...
4. ...	4. ...
5. ...	5. ...



78-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден дара жұрнақтардан жасалған туынды сөздерді теріп жазыңдар. Неліктен дара жұрнақ екендігін түсіндіріңдер.

Үлгі: *бөлме* — *бөл* + *ме*; *-ме* — дара жұрнақ.

1. Үлкен жарық бөлменің есігінен төріне шейін қымбат қызыл кілемдер жайылған. 2. Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы Қарқаралы қазағы ғана киеді. 3. Аяғының астында шыныланған қатқыл қар сықыр-сықыр етеді. 4. Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Лашынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділде деген қызын Абайға айттырысқан болатын. 5. Қарқаралыға келгелі, Алшынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп, қонақ болып кеткен. 6. Алшынбай — белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы — Қазыбек би. 7. Толық дөңгелек денелі, қызыл жүз, ақ сақалды Алшынбай, тірсек жең қара камзолдың сыртынан пұшпақ ішінен желбегей жамылып отыр екен. 8. Басында сұрғылт түсті сырма тақиясы бар. 9. Қазақы тақия. 10. Соңғы жылдар бойында Алшынбай, Құнанбай достығы талай сынналған.

(Мұхтар Әуезов.)

Көмекші сөздер стилистикасы



Қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай, ең алдымен, үш үлкен топқа бөлінеді. Олар — атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер.

Атаушы сөздердің өздеріне тән дербес мағыналары болатындықтан, коммуникация негіз болып, контекстен тыс та, контексте де

қажетіне қарай қолданыла береді; олар сөйлемде грамматиканың заңы бойынша түрленіп те, түрленбей де жұмсалып, өз алдына мүше бола алады; ол сөздерден қалыптасқан белгілі тәсілдер бойынша жаңа сөздер тудыруға болады.

Көмекші сөздердің мағыналық дербестігі болмайтындықтан, тек контексте атаушы сөздермен селбесіп қана жұмсалады да, өз алдына дербес сөз ретінде қолданылмайды. Осыған сәйкес, олар сөйлемде өз алдына мүше бола алмайды, тек атаушы сөз арқылы жасалған мүшенің құрамына енеді де, сол мүшелерді өзара жалғастыруға дөңкер болады; көмекші сөздерден, негізінде, жаңа сөздер жасалмайды. Сонымен, көмекші сөздер дегеніміз — өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған, лексикалық мағыналарынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болу себебінен, көбінесе, әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіріп, әр қилы грамматикалық қызмет атқаратын жәрдемші сөздер.

Көмекші сөздер де, ерекшеліктеріне қарай, іштей жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер деп аталатын топтарға бөлінеді.

Жалғаулықтар — дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер. Жалғаулықтардың мағыналары мен қызметтері де өмірмен байланысты алуан түрлі заттар мен құбылыстардың аралықтарындағы неше қилы қатынастардың негізінде туып қалыптасқан да, сол негізінде сөйлеу тілінде жарыққа шығып, үнемі көрініп отырады.

Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасында түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз.

Демеуліктер деп өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер (мағыналар) жамайтын сөздерді айтамыз. Лексика-грамматикалық мағыналары жағынан демеушілік шылаулар сұраулық, шектік, нақтылық, күшейткіш, болжалдық, болымсыздық демеуліктері болып бөлінеді.

79-жатығу. Төмендегі сөйлемдерден жалғаулықтарды табындар.

1. Ғалымдар жұлдыздарды бақылау және зерттеу жұмысын обсерватория деп аталатын, ерекше жабдықталған астраномиялық ғимараттарда жүргізді. 2. Келесі күні Абайдан бұрын тағы да куәлік айтатын бірер

кісі өтті де, түске тақай берген шақта ояз бен қалың топ билердің жиыны Самалбек үйінен Абайды шақыртты. 3. Енді біразда Абай үйдегі ұлықтар мен қазақтың әр тараптан келген, әр үлгілі киім киген әкімдерімен амандасып тұр еді, бірақ осы кезде үйге тоқтаусыз ағыла кіріп жатқан жұрттың дабыры мен шуы амандық сөздерді де естіртпеді. 4. Қаншалық ащы болса да, әлдекімге ауыр тисе де, жұрт жарасын емдейтін дәрі сол — әділет қана, ал дәрі ащы болса да, дертті жазады. 5. Бұл екеуінен соңғы кезде сәл оқшауырақ отырған Есентай да, енді келіп үшеу болып қатар қосты. Бірақ аяқ сүйесіп «қасындамын, біргемін, не жамантқа болса ортақпын» дегендей белгі білдіргені болмаса, Есентай бұл шақта тіл қатқан жоқ, әзір қатпақ та емес.

(Мұхтар Әуезов.)

80-жаттығу. Берілген сөйлемдерден көмекші сөздерді табындар да, олардың түрлерін ажыратындар.

1. Содан кейін Абылғазы мен орыстарды ауылға қайырып, өзі желе жортып, сол ылқыға барған. 2. Сол егіннің ішінде Базаралы, Абылғазының еккені де бар. 3. Өзге шөптен сызаты көп, түн шағында әрі салқын, әрі қалың көкшіл бидай, мол жылқының ту биелерін де, тайқұлыны, байталын да түгел қызықтыра тартты. 4. Осыны ұстап отырып айтысамын және қазір бұл істің арты жанжал ма, төбелес пе, келеді ғой бар пәлесі. 5. Тек қана тыстағы аналар мен балалардың, қамырыққан әкелердің зарын ғана тындап, жер төсегінде жүз төңкерілген. 6. Ол өзінің атасы үшін шошынып жан дәрменімен жүгірген-ді. 7. Қалай да мырзаларды адырға шейін жосытып, шошытып қуып тастап, адыр мен Абылғазы ауылға жайланып қайтты. 8. Осыдан соң талаушы жай шабуыл жасаған жыртқыштық, зорлық түгел сипатталады.

(Мұхтар Әуезов.)

81-жаттығу. Берілген көмекші сөздерден сөйлем жасандар. Көмекші сөздердің қайсысына жататындығын анықтаңдар.

Үшін, сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы, бойымен, шамалы, шақты, қаралы, ғұрлы (ғұрлым), шейін (дейін), қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу, гөрі, бері, кейін, соң, бұрын, бетер, қатар, бірге.

82-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден септеуліктерді тауып, не үшін септеулік екендігін ұғып алыңдар.

1. Қанша рет қыс бойы директордың алдына сүйреп алып барады.
 2. Осы арада тілі құрғыр өтірікті менің еркімнен тыс айтып салды.
 3. Өйткені дүкеннің арғы азық-түлік сататын бөліміне қарай адамдар еркін өтіп жатыр. 4. Жағал мотоциклдің әр жексенбі сайын біздің босағаны иіскеп, қаңтарылып тұруындағы гәп, міне, осы. 5. Осы бойы бұрыштағы кітап шкафыма қарай өтіп бара жатыр едім. (*Бердібек Соқпақбаев.*) 6. Екінші сапарға мұрындық болған нақ осы Якутия туралы жазған сапарнамларым болды. 7. Қыс бойы аяздан қамығып, бойы бұғып жатқан көк шөп пен дала гүлі көктем шыға сала-ақ жер қойнынан қайта шығып, көкке ұмтылып, бой түзеп қалған. 8. — Аңды мен Қарағыз туралы мына жерлес жазушыларымыздың кітабынан оқығаным бар еді. 9. Экспедиция мүшелерінің көпшілігі үш ай бойы көрінбей кеткен күннің енді қайтіп шығатынына сенбесе керек. 10. Жатай дейтін жерде құрастырылып жатқан кемелердің суға түсірілуін асыға күткені сонша — күн сайын барып, бір хабар алып жүріпті.

(Қалаубек Тұрсынқұлов.)

83-жаттығу. *Сұраулық, күшейткіш, нақтылық, шектік, болжалдық, қомсыну және болымсыздық* демеуліктерін пайдалана отырып көркем шығармалардан мысалдар жазып келіндер.

Үлгі: *Сен үйіңе барасың ба?* — *сұраулық демеулік; Тек сенің ғана баруыңа болады* — *шектік демеулік.*



84-жаттығу. Беріген сөйлемдерден көмекші сөздерді табыңдар да, оларды түр-түрлеріне ажыратыңдар.

1. Бұл арқылы қаранғы қауым ортасында серінің дұшпандары таратқан «Ақан жынданды, перінің қызына үйленді» деген сияқты лақап әңгімелерге жауап береді. 2. Ақанның әлеуметтік тәртіп пен әделеттілікке наразылығынан орыс қоғамындағы Пушкин мен Лермонтов бастап кеткен шындықты таниды. 3. «Көңілді бірде шымшып, бірде тасып, тас балқытып, тау сілкіндірген» күй ет-жүректі күйдіріп, жалындатып, еркін билейді. 4. Күй күдіреті алдында адам да, аң да, табиғат та әлсіз. 5. Ақынның ойшыл туындылары дарынды да сезімтал әрі нәзік қазақтың ұл-қызының жан тебіренісі, қиын тағдырын елестетеді. 6. Поэмада бір ауыл тілге келмеген жігіт пен қызды арбаған жастықтың көңіл күйі жалпы сурет арқылы жарқырап көрінеді (*Қазақ әдебиеті оқулығы.*)





СИНТАКСИСТІК ҚҰРАЛДАРДЫ СӨЙЛЕУ **СТИЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Синтаксистің стилистикалық қызметі

Мақсатты ойды дәлме-дәл айтуға жарамды тілдік тәсілдер жүйесі стильдер тобын құрайды. Әдеби тілдің ондай жүйелік қасиеті оның қоғамдық қызметі арту нәтижесінде, халық тілінің байлықтарын сұрыптап, талғап пайдалану нәтижесінде қалыптасады.

Тіл байлықтарының жеке стильде бейімделе саралану дәрежесі әрбір стильдің қоғамдық қызметімен, сол құрамды жұмсалу тарихымен байланысты. Жазба әдебиет стильдерінде бәрінен де сөздік қордың жеке стильдерге тиімді болып оқшаулануы айқын болады да, морфологиялық тұлғалардың, оларға қарағанда, стильдік мүмкіншілігі солғын болады, ал синтаксистік формалар мен синтаксистік тәсілдердің соңғылардан гөрі стильдік орайда жұмсалу мүмкіншілігі мол. Соның өзінде тілдің синтаксистік құрылысы, біріншіден, стильге ортақтық қасиетінің күштілігінен оның бір-бір қазыққа арқандалған, басы байлы бөлшектері аз болады, екіншіден, дамыған стильдер жүйелерінің қарым-қатынасы күшейген сайын, бірінен-бірі нәр алып, ауыс-түйіс орайда дамиды.

Жақсы стилистер, осылайша, ана тілінің жалпы синтаксистік нормалары мен басқа да мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, сөз тіркестерін, сөйлемдерді өздерінше ерекше нақыш, әуен, екпінмен айтуға лайықтап та құрастырады. Көркем сөз шеберлері «ой толқыны, сезім ырғағын, психологиялық тартыспен тайталасты, тың-тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келеді», — дейді. М.О. Әуезов. Сол үшін сөз зергерлері тілде жоқты емес, әдеби тілде халық тілінде барды «қиыннан қиыстырған» «тың-тілмен» ой өрнегін құрастырады. Сондайдан әр сөз шеберінің өзіндік стиль ерешеліктері жасалады.

Әдеби тілдің барлық стильдеріне қойылатын синтаксистік стиль талаптары тұрғысынан қарағанда, сөз тіркестері мен сөйлемдер құраудың нысанасы — ой айқындылығы екенін жоғарыда айттық.

Сол үшін сөйлемдегі сөздер сымға тізілген маржандай тандамалы, талғаулы, сөздердің, сөйлемдердің мағыналық және синтаксистік байланыстары мүлтіксіз болуға тиіс. Синтаксистік құрылыстың осындай сымбаттылық қасиеті ана тілінің ғасырлар бойына қалыптасқан заңды жүйелеріне негізделеді.

Синтаксистік категориялардың бірі ол стильге, бірі бұл стильге ойысады деуге болмайды. Солардың әрқайсысының ішінара жеке түрлерінің, тәсілдерінің белгілі стиль аумағында көбірек қызмет атқаруы мүмкін.

Әрбір сөйлемнің, тұтас сөйлеудің мазмұнына, стильдік қызметіне лайық айтылу сазы болады. Оларды өздеріне лайықты үнмен, тиісті екпінмен, өз әуенімен дұрыс оқып, дұрыс айтқанда мәтін мен оның жеке сөйлемдеріне жан біткендей болады. Солар арқылы синтаксистік орамдар мен синтаксистік тұлғалардың, әсіресе, стильдік қызметтері өз орнында дұрыс танылады.

85-жаттығу. Төменде берілген мәтіндегі сөйлемдерге мән беріндер. Сөйлемнің синтаксистік қызметін аңғарындар.

1. Күн батып бара жатқан кезде, күйеулер отырған үйден үш-төрт жігіт шығып, қыз-келіншек отырған үйге қарай жүрді. Төрт жігіттің біреуі батсайымен тыстағы ақ елтірі тымағын көзіне таман киіп, на-сыбай атқан ернін томпитып шырт түкіріп қойып, қолындағы кішкене ақ дорбасымен сыңқылдатып шертіп келе жатты (*Сәкен Сейфуллин.*)

2. Оның әйелге тән тартымды рең-басына маңғаз келбеті жасырып-ақ тұр. Бірақ оған қарамастан Ольга Всеволодина ағынан жарылып аңқылдап, біздің сұрақтарымызға барынша зейін қойып, зердемізге толық жеткізгенше түсініруге тырысып, бәйге болып-ақ отыр (*Адам және химия.*) 3. Біз жоғарыда Орхон ескерткіштеріне жататын То-ныкөкке арналған ескерткіштің тіліне біркелкі шолу жасадық. Осы-ған байланысты Тоныкөк ескерткішін тек қазақ тілі материалы тұрғы-сынан қарауға болмайды (*Қазақ тілі стилистикасы.*)



86-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі қарамен жазылған сөз тіркестеріне мән беріндер де, олардың тура мағынасын анықтандар.

Үлгі: Қадалса да түк бітіре алмайды.... талайы жоғары, босағасы берік, жүрек сүйеніш не қылады! Айтқаның келсін. Енді өзіміздің мырзаға тарт. — босағасы **берік** — мықты, мызғымайды деген мағынада.

1. Диірмен де жеті қазынаның бірі ғой, соған барғалы қоң жинап алды. 2. Я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім, білгенім» деп елге жайып жүріп, айтып ырбандауға пысық.... 3. Біз де осындай басы артық пенделер бар. 4. Қарауындағы адамдарын он сау-сағындай білетін Назаренко көп ойлаған жоқ. – Қазір бізде басы артық кісі жоқ. Қырман күзетіндегі өзіңнің әкеңе барып айт, бір-екі күн сендерге көмектессін, деді. 5. Дәмелі қаршыға да, қара құс та; Боп тұрсын сен бір үйрек көлден ұшқан; Аршын төс, алма мойын, қиғаш қастан; Ешбір жан көре алмайды сенен асқан. 6. Сонда да інім мін тақты; Менен көріп барлығын. 7. Бүйте берсең бесіктен әлі белі шықпаған жалғыз балаң Кеңесбектің бетіне салық етерсін.

(Фразеологиялық сөздік)

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай стилистикалық түрлері

Кісінің басқаға айтатын ойы әр уақытта мақсатты болады: кейде бір істің, бірдененің жайын хабарлауды мақсат етсек, кейде басқадан бірденені сұрап білуді мақсат етеміз. Немесе біреуге бірдеңе істеуді көздесек, кейде айтылған ойға айтушының көңіл күйін білдіруді көздеп сөйлейміз. Сол мақсаттарға лайық сөйлемдер түрі, құрылысы, негізінде, төрт түрлі болатыны белгілі: **хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті.**

Сөйлемнің осы түрлері жұмсалуды мен мағыналық жақындығы не алшақтығы жағынан ерекше стильдік қызмет атқарады.

Бірдененің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем **хабарлы** болады.

Хабарлы сөйлем – адамның ойын, көрген-білгенін басқаға айтудың формасы. Хабарлы сөйлем арқылы шындық өмірдегі әр түрлі құбылыстардың жайын бар (болған) не болмаған қалпында баяндаймыз. Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әр алуан болатынын ескеріп, алдымен олардың *болымды* және *болымсыз* түрлерін стилистика талғамдары тұрғысынан екі бөліп қараймыз.

Болымды сөйлем арқылы өмір құбылыстары шындық байланыс күйінде, бір қалпында, оған сөйлеушінің субъективті көзқарасы қоса баяндалады. Мысалы: *Күн қызыл арай шатырынан жаңа ғана шыққан (Ғ.Мустафин). Ораз терезеден басын сұғып тұр екен (З.Шашкин).*

Осындай сөйлемде айтылған ойға айтушының субъективті көзқарасын да білдіруін **сөйлемнің модальдігі** дейміз.

Болымды сөйлемнің модальды мағынасы, көбінесе, баяндауыштар құрамын түрлендіру арқылы құбылып отырады.

Қазақ тілінде болымды сөйлемді күмәнды, болжалды етіп айтудың бірнеше тәсілдері бар:

Күмәнды

1. *Жолаушылар жүріп кетіпті.*
2. *Жолаушылар жүріп кеткен көрінеді.*
3. *Жолаушылар жүріп кетсе керек.*
4. *Жолаушылар жүріп кеткен сияқты.*
5. *Жолаушылар жүріп кеткенге ұқсайды.*

Болжалды

1. *Жолаушылар жүріп кеткен шығар.*
2. *Жолаушылар жүріп кеткен болар.*
3. *Жолаушылар жүріп кеткен білем.*
4. *Жолаушылар жүріп кеткен болса керек.*
5. *Жолаушылар жүріп кеткен ғой деймін.*

Болымсыз сөйлем ұғым арасында байланыстың жоқтығын көрсетеді. Қазақ тілінде болымсыз сөйлем жасаудың бірнеше амалы болатындықтан, оларды талғап жұмсай алудың стильдік мәні бар. Мысалы: Ол бүгін келмеді — *Ол бүгін келген жоқ. Таудың қары әлі ерімеді — таудың қары әлі еріген жоқ. Аспан ашылмас — Аспан ашылатын емес — Аспанның ашылатын түрі жоқ.*

Бұйрықты сөйлем біреуді іс істетуге жұмсау мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышын т.б. білдіреді.

Бұйрықты сөйлем, негізінде, ауызекі тілге тән. Көркем әдебиетте ондай сөйлем диалогта жиі ұшырайды.

Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады. Олар сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады да, сөйлем түгелімен асқақ әуенмен айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің айтылу әуені оларды қандай мазмұнда жұмсалыуына қарай түрліше болады. Егер бұйрықты сөйлем бұйыру, қатал талап мағынасында жұмсалса, ол көтеріңкі дауыс екпінімен айтылады; егер кеңес, жалыныш, тілек мағыналарында жұмсалса, олар бәсең дауыспен айтылады. Алдыңғы жағдайда баяндауыш, көбінесе, сөйлемнің басына қойылады, мысалы:

— *Шеген! Тоқта! Қайрыла кет! Еріңдер соңыма! Тарт қолыңды! — Тоқташы балам! — деді Шығанақ өтіп бара жатып. — Тарыңнан титтей берші.*

Бұйрықты сөйлем, көбінесе, толымсыз (бастауышсыз) болады да, оның орнына қаратпа сөз қолданылады. Қаратпа сөздер істі істеуге тиісті кісіні, бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіреді.

Кісінің көңіл-күйін, әр түрлі эмоциялық сезімін білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер **лепті** болады.

Лепті сөйлемдердің мағыналары жай хабар болумен қатар, кісінің қуанышы, таңырқауы, ызасы, аянышы, жалынышы, күмәны, жиреніші сияқты ішкі сезімдерін білдіреді.

Лепті сөйлемдер мұндай мағыналарда айтылу үшін олардың құрамында, көбінесе, одағайлар болады. Кейде одағайлардың өзі лепті болады. Оның үстіне сөйлем асқақтаған көтеріңкі дауыспен, лептілік интонациямен айтылады:

Қап! — деді Ахмет өте шығып.

Пай-пай-пай, бұл неткен жан!

Пай-пай, Ысқақ-ай, осындай адамдарды көре білмейсің!

Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай, модаль сөздермен, сөйлемдердің лептілік әуенімен байланысты болады.

87-жаттығу. Төмендегі жаттығуды оқып, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем екенін табындар. Жаттығуды көшіріп жазындар.

Ақтоты әжей көзіне жас алып кемсендеді де, өксіп жылап жіберді. Осы жолы Ақтоты, оның дауысынан да сәл діріл байқады. Жуықта ғана өзен жағасындағы тас жолдың бойында орманға қарап, жалғыз үй отыратын Серікбай деген жалқы жігіт бар еді. Ақтоты Айдынбайдың мінезін жасынан білетін.

Соның арасынша құйрығы тегенедей, ақсарбас дөнен қойды өңгеріп, Ақтотының жалғыз бауыры Мадияр келе қалды.

Мадияр, апайының ажарына жалт қарап еді, көздері жасаурап, бота-лап келеді екен. Әсіресе соңғы жылдар тым жылауық болып кеткен. Дала өмірін көксеп, өгейсіді ме, жалғыз күндері көбінше Мадиярдікіне келіп алатын. Бірақ ол да ұзаққа бармады. Қыңқыл-сынқыл көбейді. Бір орында отырып, ауруын оншақтыға жеткізеді. Жас балаша оп-оңай өкпелеп, «ауырдым» деп жатып алатын.

Мадияр да, Қанат Қазақстанға бір жолата кететін болғалы, неше түн ұзақ сарылып ұйықтамай жатып көп толғанды.

Ақтоты бауырынан асырып алған Қанатқа сүйеніп, қалған өмірін алдап-сулап өткізгісі келген-ді.

(Тұрсын Рыскелдиев «Ұлы көш»)

88-жаттығу. Берілген мысалдарды көшіріп, бұйрық райлы сөйлемдерді табындар.

Қоста жатқанымда Жұматай келді:

— Жүр, балақай. Мәпи бағана фермаға кеткен. Рацияда ешкім жоқ. Мінекей, өзің ақпар берерсің деп, кілтін маған тастады. Мен бұрын отырайын. Сен ауылдағы апаңмен сөйлес, — деді. Орнымнан атып тұрдым да, қалай ере жөнелгенімді білмей қалдым. Босағадан бейқам аттай бергенім сол еді, қайрылыста андып тұрған Мәпи сап ете түсті... өзім де шошып кеттім.

Сәнім тәтем де, мен де наразы болдық:

— Басқа түйе берсейші, ата.

— Фермадан әкелмедіңіз бе? Ақ тайлақ әле жас қой.

Жас екен, рас. Бірақ өзге амал жоқ.

Үш-төрт күн болды, кешкілік Жұматай жоқ болып шығады. Ертеңіне сұрасам, саусағымен аузын басады.

— Тырс етпе, балақай. Тымпиып жүре бер. Көкеңнің ұшып бара жатқанын бір-ақ білесің әлі.

Ұшқаны қалай? Үш-төрт күн қыр соңынан қалмаған соң, оңаша шығарып, өзіме ғана айтты.

(Молдахмет Қаназов «Ақ тайлағым-ай»)

89-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдер қандай мақсатта айтылғанын үйреніп, көшіріп жазындар.

— Бар! Әкенді мектепке тездетіп алып кел. Шық тез!

— Қайтыңдар! Қайтыңдар! — деді. Жиналыс аяқталды.

— Шиеттей баланы қырасың ба?! Қырсайшы! Қыр! Оны мен тұтынып жарқырап отырар шыдам қайда?!

— Соншама шошынған несі?!

— «Ой, атаңа нәлет! Бас аяқты!» — деп, Жұмаш тебініп-тебініп жіберді.

— Әй, Жеткерген! Түс шанадан! Қадағалап қалыпсың ғой. Түс деймін! Қатып өлерсің!

— Жылан, бала! Балапандарға жылан бара жатыр!

— Кәне?! Кәне?!

Көзі атыздай болып, апыл-ғұпыл сыртқа атылды.

(Молдахмет Қаназов «Ақ тайлағым-ай»)



90-жаттығу. Қарамен жазылған сөздер айтылу мақсатана қарай қандай сөйлем екендігін анықта.

Бұл қазан айының соңғы күндерінің бірі еді. Қыраулатқан суық күз. Бір күні кешқұрым Садық үйге мылжаланып келді.

Көзінің алды көкпенбек ісік, қасының үсті терісі сыдырылған қанды жара. Соншалықты қажып, еңсесі түсіп кеткен.

— **Әй, не болды саған?** — деп, Токмолда үрейлене сұрады.

— Ештеңе болған жоқ.

— **Көзі — басыңды кім быт-шыт қылған?**

— Жай...

— **Жайы несі? Жайдан-жай көзі — басыңды талқандап саған не көрінді?** — Токмолда қадалып, алқымға ала бастап еді, Садық әңгіменің шындығына көшті;

— Жарыста жеңіліп қалдым, — деді.

— **Қандай жарыста?**

— Бокс жарысында....

— **Ондай жарыс қайда болып еді?**

— Өзіміздің секцияда.

— **Сексияң не? Ол қайдағы сексия?!**

— Секция.....өзіміз ұйымдастырғанбыз.....

— **Сендер баяғы сұмдықтарыңды әлі қоймап па едіңдер?!** — деп ақырды. Токмолда. — **Қайда, қалай ұйымдастырып жүрсіндер? Кім оны ұйымдастырып, басшылық етіп жүрген? Жаның барында айт бәрін?** Садық түгел айтып берді.

(Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа»)

Сұраулы сөйлем және риторикалық сұраулы сөйлемдер стилистикасы

Сөйлеу — тіл жұмсаудың басты тәсілінің бірі жүздесіп және басқа амалдар арқылы өзара сөйлескен адамдар істің, әр нәрсенің мән-жайын білгісі келгенде, сұраулы сөйлемнің сұраулы түрлерін қолданады. Ауызекі сөйлеу стиліне тән пікір алысудың бұл түрі әдебиетте, әсіресе, көркем әдебиет тілінде жиі қолданылады. Мысалы:

— *Әй, тілің бар ма өзіңнің? Неге бұғасың?... Неге жөніңді айтпайсың?* — деді Қыдырбек (С.Сейфуллин.)

— *Сен мұнда қайдан келдің?*

Сен қайдан келдің? — деп екеуі де сасқалақтап қатар сұрасты.

Әуелі өзің айтышы (Ж.Аймауытов.)

Баскадан (кейде өзінен) жауап күту мақсатымен айтылған сөйлемді **сұраулы** сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер көтеріңкі дау-

ыспен айтылады. Сұраулы сөйлемдер интонация арқылы және сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалардың қатысуы арқылы жасалады. Олардың бастылары мыналар:

1. Сұраулы сөйлемдер **ма//ме, па//пе, ба//бе** сұраулық шылаулары арқылы жасалады.

*Жиналыс басталды **ма**? Баяндамашыға сұрақ бар **ма**? Анау келе жатқан Жақып **па**, Әсет **пе**? – Өзі атпен баратын жер **ме**, машинамен баратын жер **ме**? (Ғ. Мүсірепов.)*

Сұраулық шылау қысқарып жіктік жалғаулардан бұрын келу арқылы да сұраулы сөйлем жасайды:

– *Сен немене тоңып қалғанбысың?* – *деді офицер.*

– *Ой сенбісің? Сені де сақал басып кетіпті ғой.*

Сұраулы сөйлемді бұлай құру сөйлеу тіліне тән болатындықтан олар диалогтарда жиі ұшырайды.

2. Сөйлемде **кім?, не?, қашан?, қайдан?, қандай?, кімді?...** сияқты сұрау есімдіктері айтылу арқылы сұраулы сөйлем жасалады:

– *Мұнда **қайдан** жүрсіз?*

*Ой, Бәтес мұның **не**?*

*Сені **кім** шақырды?*

*Жиналыста **қандай** мәселе қаралды?*

3. **Шығар, болар, қайтеді** деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылғанда, сөйлем сұраулы болады:

*Сен осы ауылдың баласы **шығарсың**? Борашты көріп жүретін **шығарсың**? Оның өзін тыңдап көрсек **қайтеді**?*

4. Баяндауыштың құрамында **-ау, ғой** шылаулары мен одағай айтылып та сұраулы сөйлем жасалады:

*Сен кіп-кішкене қуыршақтай едің **-ау, ә**? Егістің дайындық жұмысына қызу кірісіп жатырсыңдар **ғой, ә**?*

5. **Ше** демеулігі баяндауыштардың құрамына ену арқылы да, сұраулы сөйлем жасалады:

– *Ал, Жамал **ше**? Өзің **ше**?*

– *Атым – Қайырғали, өзіңнің атың **ше**?*

6. Кейде (көбінесе диалогтарда) хабарлы сөйлемдерді сұраулық интонация арқылы сұраулы етіп айтуға болады:

Богданов: *Сіздер ертеңнен бастап теңізге шығу жұмысына кірісіңіздер.*

Мәжен: *Ертеңнен бастап?*

Богданов: *Ия!*

— *Мүмкін маған Бәтес қосылар? — деді Нұрбек.*

— *Ал сосын?*

— *Келістік қой?*

— *Мынау — қызыл отаудың бастығы Бектасова Әсия деген әйел.*

Кейде хабарлауға тиісті ой тікелей сұраулы сөйлем түрінде баяндалады. *Оны риторикалық (шешендік) сұрақ дейміз.*

91-жаттығу. *ма, ме, па, пе, ба, бе* сұраулық шылаулары арқылы жасалған сөйлемдерді табындар да, оған талдау жасандар.

Белбеу керек емес пе?

Дәулетпен қабаттасып, өрешеге бірге кіріп кетті. — Мына біреу піскен омыртка ма?

— Жайлауға демалайын деп келдің бе? Мұнда қымыз мол, рахат емес пе, — деді.

— Лагерьге бармадың ба? — деп сұрады мамам менен.

— Піскен тоқаш па, шикі тоқаш па?

— Немене, түрі өзгеріп қалып па? — деді Сабырхан.

92-жаттығу. Сөйлемдерден сұрау есімдіктерін табындар және дәптерлеріне көшіріп жазындар.

— Иә, иә, — деді Қуан аға құлағын түріп, мамық орындыққа жайғасып отырып жатып. — Ол қандай трасса? Кім салып жүр оны? Якутскіге қонып па солар?...

— Сұрағыңыз көбейіп кеткен жоқ па. Қуан аға? — дедік біз.

— Бармай қалсақ не болады? — деген Қуан аға.

— Сонда білгіңіз келіп тұрғаны не?

— Осы алмаз дегеніңіздің өзі не?

— Ассалаумалейкум, — деп қазақша сөйлеп, қарсы келген жігітті көргенде Қуан аға;

— Ей, сен қайдан жүрсің? — деді сәлемін қабыл алуды да ұмытып кетіп.

— Ауылдан.

— Ауылың қайда?.....

(Қалаубек Тұрсынқұлов)

93-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден **ше** демеулігі бар сөйлемдерді табындар.

- Сіз өзіңіз ше? — деді қонақтардың бірі.
- Ал балық ше? Балық бар ма? — деді Савва.
- Балық та бар, — деді Ольга, — Тек жаңағы Қалаубек айтқан «құйтакандай детальді» еске алсақ — біздің өзендегі балықтар сан жағынан аквариумдағы балықтармен шамалас болар.



94-жаттығу. *Шығар, болар, қайтеді, -ау, ғой* сөздерін қатыстыра отырып сөйлем құастырындар. Олардың қандай сөйлем екендігін анықтандар. Өздерін оқыған көркем шығармалардан мысалдар табындар.

Үлгі: *Ертең ол тойға баратын шығар? Ертерек келсе қайтеді?*

Қаратпа, қыстырма, одағайлар стилистикасы

Сөйлем стилін түрлендіруде *қаратпа, қыстырма* сөздердің де қызметі ерекше. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылмағанымен, мағыналық байланысқа жұмсалып, ойды тартымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет атқарады.

Қаратпа сөз, әсіресе, шешендік сөзде, үндеуде, диалогты сөйлемде, кім үшін, кімге қарап, неге арналғанын және сөйлеушінің ішкі сезімін аңғарту үшін жұмсалады. Мысалы, *Шырағым, сен ағаңның тілін ал* — деген сөйлемді кім айтса да, жылы шыраймен айтылып отырғаны бірден аңғарылады, оның орнына Сен, оңбаған, ағаңның тілін ал! — десек біреудің екінші біреуге жек көріп айтқаны аңғарылады. Бұл мағыналық, эмоциялық айырмашылықтың болуы, бір жағынан, сөйлемнің айтылу әуенімен байланысты болса, екінші жағынан, ең бастысы сөйлемде қолданылған қаратпа сөздердің мағынасымен байланысты.

Әдетте, қаратпа сөздер адамды нысанаға алып айтылатын сөз болса, көркем әдебиетте сөйлемде ерекше эмоциялы әр енгізу үшін жансыз затты жанды, адам тәрізді қаратпа етіп те жұмсайды.

*Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын!*

(Абай)

*Тыңда, дала, Жамбылды,
Тыңда Қастек, Қаскелең,
Сөйлесін кәрі бауырың!*

(Жамбыл)

*Еркінді қу қайғыға берме, көңілім.
Күйленіп бұрынғыдай серме, көңілім.*

(С.Сейфуллин.)

— *Е, қызыл гүл, таң атарда шешек атып сыланасың...*

(С.Ерубаев.)

Ей, Аққу, сәлемдеші жолыққанға... (Халық аузынан)

Қыстырма сөз — сөйлемге модальды мағына үстейді. Модальділік — айтылған ойға айтушының көзқарасын қоса білдіру. Әрбір сөйлемге сондай модальділік тән. Мысалы, сөйлеуші, жазушы бірдененің жайынан көзі жетіп не болжап, не күмәндәніп сөйлем құрауы мүмкін: *Балжанай келді. Балжанай келетін шығар. Балжанай келер ме екен?* сөйлемнің осындай мағыналық айырмашылықтарын түрлендіре түсуі үшін оның ішіне оқшау сөз қосып айтуға да болады.

Қыстырма сөздердің бірқатары ойдың айтылу тәсілін, өзара қатынасын, тағы басқа мағыналарды білдіреді. Қысқа сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын да білдіру мақсатымен қыстырма сөздер сөйлем құрамына еніп отырады. Қыстырма сөздер осындай стильдік қызмет атқаруда сөйлемге ерекше эмоциялы — экспрессивті де мағына енгізеді. Бұл жағынан, әсіресе, кісінің көңіл күйін, сезімін білдіретін қыстырма сөздердің орны ерекше.

Одағай дегеніміз кісінің сезімін, көңіл-күйін, еркін білдіретін, дербес грамматикалық тұлғалары жоқ сөздер.

Одағай сөздер не жеке сөйлем ретінде (*Алақай! Пәле! Бәсе!*) не сөйлем құрамындағы оқшау сөз қызметінде жұмсалады:

Уа, қой, деймін, бала! (М.Әуезов).

М-ә-ә, онысы несі? Ей, Сапақ, сен тиіспей жайыңа жүр! (С.Сейфуллин).

Одағайлар мысалдардағыдай, сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланыста болмайды және белгілі сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсалмай, олардан оқшауланып, өзгеше әуенмен айтылып, басқа сөздерден бөлек тұрады. Ондай сөздерге **«одағай»** деп ат қойылуы да осыдан. Сол айтылу ерекшелігіне қарай, жазуда олардан кейін леп белгісі қойылады не болмаса сөйлемдегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.

***Қап!** Тоқтай тұр бәлем!*

***Ой!** Сен мұнда неғып жүрсің?*

***Ойбай-ай,** сен мұнда неғып жүрсің?*

Ойбай-ай, мына жаманды қарай гөр!
Жігіт боп қалдым деп ұяламысың? Мә саған, жігіт болған, мә саған... (Ф.Мүсірепов).

Әй, әй, біреуің ана Мумуды алып келіңдер.

Ә, аты Муму ме еді? Аты да оңды екен!

Апырай, қуанып алған жоқ па? (И. Тургенов).

Одағайлар, осы мысалдардағыдай, оқшау сөздер ретінде, көбінесе, диалогты сөйлемдерде қолданылады.

Одағайлардың мағыналары әр алуан болады. Мысалы, **пай-пай, па, алақай** кісінің жанға жайлы сезімін білдірсе, **ойбай, ту-у, қап** деген одағайлар кісінің қорқыныш-өкінішін білдіреді. Осындай, кісінің түрлі эмоциялық көңіл-күйін білдіретін бір түрлі мағынада жұмсала береді. Мысалы, **Пай-пай-пай, мына аттың аяқ басысын-ай!** дегенде таңырқау, таңдану болса, **Пай-пай-пай, сенен-ақ бәлеге қалдым-ау!** дегенде одағай кіжініп, қынжылғанды білдіреді. **Өй, қайда жүрсің?** дегенде таңдану болса, **Өй, жамандатқыр, бас аяғың-ды!** дегенде одағай **өй** күйініп ұрысуды аңғартады. **Өй, айналайын!** дегенде сол сөз енді кісінің көңілі тасып, риза болып сөйлегенін білдіреді.

95-жаттығу. Мына мәтіндегі қаратпаларды тауып, олардың орнына тағы қандай қаратпа сөздерді қолдануға болатынын ойластырындар

Артекең Сәдір батырмен ерекше сағынышты амандасты.:

— Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау! Неге ат ізін бір салмай кеттің? Өліп қалған шығарсың деп жүр едім!....

Басқа қонақтар мүгедек батырға еңкейіп сәлемдесе, Сәдір жер төсекте отырған шойнақтың қасына тізірленіп отыра кетіп екі қолын бірдей созып еді. Мүгедек батыр оны құшақтай алып, аймалап, арқасынан жұдырықтай отырып:

— Ит, ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің? — деп қайталай, қайталай айтып, ұзақ босатпай қойды. Екеуі де еңкілдесіп алды.

(*Ғабит Мүсірепов.*)

96-жаттығу. Төменде берілген оқшау сөздерді пайдала отырып сөйлем құрап жазындар.

Айналайып, ей, әй, Марат балам, көкешім, көгермегір, әкетай-ай, демек, қысқасы, дегенмен, қорыта айтқанда, ботақаным, қозым, ана-

шым, қызғалдағым, гүлім менің, шырыным, аппағым, томпағым, қырағым, өй, тәйт.

97-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден окшау сөздерді тауып, оның қай түрі екендігін анықтандар.

1. Әкем-ау, мұнда шынымен-ақ жоспардың бар болғаны ма? 2. Әй, қайдам, өзге тілді былай қойып, сен өзіңнің ана тілінді біле ме екенсің?! 3. Әп, бәрекедді, дұрыс істепсіз, Сареке! 4. Тәйт! Таптама! — деп, Сарекең оны ақырып қуып шықты. 5. «Е, әлгінің қызыл танау болып, жасап жүргендері осы екен ғой», — деп ойлады Тоқ молда. 6. Ауп, қане! — деп команда берсе, ала күшік жүгіріп келіп, тесіктен зып секіріп өтеді. 7. — Е, шырағым-ай, әкесіне аумай тартыпты. 8. Ойбай-ау, қамыт салынып көрмеген асау бие. 9. Ей, неғып отырсың? Шешең өліп қалды! — дегені. 10. «Ойбой, жеңеше-ау! Басием, ақылшым-ау!» — деп аңырағанда, үні көктегі құдайға жетеді.

(Бердібек Соқпақбаев.)



98-жаттығу. Төмендегі диалогқа құрылған мәтіннен окшау сөздерді табыңдар да, оны дәптерлеріңе көшіріңдер.

«Ойбуи...и» деп ашылды да, құрым киізі ішкі жағынан қапталған есік «барф» деп жабылмай қойды. Сәліңгірдей үш адам бірінен кейін бірі дүрс-дүріс етіп кіріп келді. Босағада сыйыспай, иін тіресіп тұр.

— Кеш жарық.

— Сәлем бердік, шеше!

Әжем аналарға ұмтылып, сығырайып қарады.

— Тәңірі жарылқасын. Жоғары шығындар.

Босағада үрпиіп кібіртіктеп тұрған үшеуге: «Ассалаумағалейкум», деп, әжем үйреткендей қос қолымды ала ұмтылдым.

Дастарқан табағымен қоса көтеріліп кетті. Ішім удай ашып, жалаңып қалдым. Наным сол қолымда жүр екен. Жалма-жан опырып, шайнай бастадым. Кісілер шешініп, төрге жайғасты.

— Шай қайнат.

Жеңешем есік жақтағы шелекті алып келіп, самаурынға су құюға оңтайланған, келген кісілердің екеуі бірдей жарыса сөйлеп кетті.

— Шеше, әуре болмаңыз. Асығыспыз.

— Кідірмей, жүріп кеткеніміз жақсы болар.

Төрде, екеуінің ортасында отырған шоқша сақалды, ернінің бір жағы жырық, шатынаған үлкен көздісі әлгілерді кешігіп барып қоштады.

— Құдағи, «Жол ақысы — жүрмек» деген. Бұйымтайымыз бітсе, кідірмегеніміз абзал. Ауылдың да арасы біраз жер. Таң қараңғысымен жұмысқа өретініміз тағы бар.

(Молдахмет Қаназов.)

Пысықтау жұмысы

1. Тест тапсырмаларын орындандар.

1. Идиом, фраза, мақал-мәтелдер — нені құрайды.

- А. Фразеологизмдерді.
- В. Синонимдерді.
- С. Қос сөздерді.
- Д. Көп мағыналы сөздерді.

2. Көнерген тұрақты сөз тіркесіне жататын мысалдар қатарын көрсет?

- А. Сегіз жұмақ, бауыздау құда, тоқал алу, кедей теңдігі.
- В. Жеті тамық, ит қорлық, денсаулық.
- С. Соқыр ішек, қызыл алаң, жеті қарақшы.
- Д. Шексіз бөлшек, квадрат, теңдеу.

3. Берілген мысал сөйлемнің қай түріне жатады? *Жолаушылар таң ата жүріп кетті.*

- А. Бұйрықты сөйлем.
- В. Сұраулы сөйлем
- С. Хабарлы сөйлем
- Д. Лепті сөйлем.

4. Сұраулы сөйлемге мысал болатын сөйлем қатарын көрсетіңіз.

- А. Сәкен бүгін ауылға барады ма.
- В. Бүгін жаңбыр жауады.
- С. Жолың болсын жан құрбым!
- Д. Сен сабақ оқып жүр едің.

5. Өлең шумағындағы анафоралық сөзді табыңыз: *Мен-мен едім, мен едім; Мен нарында жүргенде; Еңіреп жүрген ер едім (Махамбет).*

- А. Мен.
- В. Едім,
- С. Нарында
- Д. Ер.

6. Олар үлкен-үлкен теңдерді шешіп, қымбат кілем, әсем түс киіз, алаша, көрпелерді алады. Сөйлемдегі бірыңғай мүшелер дұрыс көрсетілген қатарды анықтаңыз..

- A. Қымбат кілем, әсем түс киіз, алаша, көрпе.
- B. Олар, үлкен, шешіп, қымбат.
- C. Әсем, қымбат, алаша, алды.
- D. Үлкен, теңдер, қымбат, түс киіз.

7. Толымсыз сөйлем құрамында сөйлем мүшесінің қайсысы қатыспайды?

- A. Ойға қатысты сөйлем мүшелері.
- B. Бастауыш.
- C. Анықтауыш.
- D. Толықтауыш.

8. Жай сөйлемнің қай түріне мысал болады? Мен ән сабағын жақсыкөремін.

- A. Жайылма сөйлем.
- B. Толымсыз сөйлем.
- C. Атаулы сөйлем.
- D. Жақсыз сөйлем.

9. Асты сызылған қандай сөз. Қайыржан, шамасы, бүгін келетін шығар.

- A. Қыстырма сөз.
- B. Қаратпа сөз.
- C. Одағай сөз.
- D. Көмекші сөз.

10. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері дегеніміз не?

- A. Сөйлемде бірдей қызмет атқарып, бірдей сұраққа жауап береді.
- B. Сөйлемде бірдей қызмет атқарады.
- C. Сөйлемде өзіндік грамматикалық мағанасы жоқ.
- D. Сөйлемде басқа сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұрады.

11. Көп нүктенің орнына лайықты сөзді көрсетіңіз: ... көріп қайттым.

- A. Өзін
- B. Өзінде.
- C. Өзге.
- D. Маратқа.

12. Сұраулы сөйлемге мысал болатын сөйлем қатарын көрсет.

- A. Бүгін жаңбыр жауады ма?
- B. Жолың болсын жан құрбым!
- C. Сен үйде отыр.
- D. Сәкен бүгін ауылға барады.

13. Синоним сөзді көрсетіңіз.

- A. Жайылым, өріс.
- B. Көр, жүр.
- C. Қой, түйе.
- D. Ал, бер.

14. Синонимдік қатары бар сөздерді көрсетіңіз.

- A. Әдемі, сұлу, көркем.
- B. Әзілкеш, тұйық, қуақы.
- C. Дөкей, мықты, осал.
- D. Епті, икемді, орашолоқ.

15. «Ең әуелі», «үшінші», «қысқасы» — қыстырма сөздерінің білдіретін мағынасын анықтаңыз.

- A. Ой тәртібін білдіреді.
- B. Аяушылықты білдіреді.
- C. Сенбестікті білдіреді.
- D. Алдыңғы жақта айтылған оймен байланысын білдіреді.

16. Диалект сөздер қай стильде жиі қолданылады?

- A. Ауызекі сөйлеу стилінде.
- B. Публицистика.
- C. Ғылыми.
- D. Іс қағаздары.

17. Сөз дегеніміз не?

- A. Зат не құбылыс атауы.
- B. Термин сөздерден туатын атау.
- C. Ғылым мен техниканың белгілі саласына тиелген термин.
- D. Белгілі бір ұғымға берілген лексикалық мағынасы бар атау.

18. Адам өмір тұтқасы, есіктің тұтқасы — сөйлемдегі ауыспалы және тура мағынада қолданылған сөзді тап?

- A. Тұтқасы
- B. Адам, өмір.
- C. Есіктің тұтқасы
- D. Өмір тұтқасы.

19. Жалпы халықтық сөзде ауыспалы мағына үш түрлі жолмен жасалады. Олар қайсылар?

- A. Барлық жауап дұрыс.
- B. Метафоралық.
- C. Метонимиялық
- D. Синекдохалық.

2. Берілген мақалдарды аяқтап, олардың тақырыбын анықтаңдар.

Жақсы сөз

Жылы-жылы сөйлесең,

Тіл тас жарады, тас жармаса,

Ойламай сөйлеген,

Басқа пәле -.....

Жақсының өзі өлсе де,

Ішімдегінің бәрі тілімде-

Бас кеспек болса да,

3. Төмендегі тіркестерді пайдаланып, берілген жоспар бойынша өз өмірбаяныңызды жазыңыз.

1. Аты -жөніңіз

2. Туған жылыңыз, жеріңіз

3. Ұлтыңыз

4. Әкеңіздің аты-жөні, қызметі, жұмыс орны

5. Шешеңіздің аты-жөні, қызметі, жұмыс орны.

6. Біліміңіз туралы

а) қабылдаған орта мектебіңіздің аты, қабылданған жылыңыз.

ә) мектептегі елеулі жетістіктеріңіз

б) қатысқан пәндеріңіз бойынша қосымша сабақтар

7. Отбасы жағдайыңыз

8. Мекен жайыңыз

9. Аты-жөніңіз, қолыңыз.

10. Құжат жазылған күн

4. Мәтіндердің стилін анықтап, олардағы «жапырақ» сөзінің мәнін түсіндіріп, қолдану айырмашылығын көрсетіңіз.

1. Экваторлық орманда биік ағаштардың жапырақтары қатты, тығыз болады, олардың үстіңгі жағы лакпен сырланғандай жалтырап тұрады; бұл жапырақты иектен тыс буланудан әрі ыстық күннің күйдіріп жіберуінен, күшті нөсерлердің соққысынан сақтайды.

(Оқулықтан.)

Жапырақ жүрек жас жас қайың!

Жанымды айырбастайын.

Сен адам бола бастасаң,

Мен қайың бола бастайын,

Келісесің бе, жас қайың?

(Мұқағали Мақатаев)





❧ РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАРЫ ❧

Ресми және жеке хаттар, олардың түрлері мен өзіндік ерекшеліктері

Қатынас құралының бұл түрлері де күнделікті өмір қажетінен туып, өз алдына орныққан бөлек жүйе болып саналады. Ресми іс қағаздар стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздар белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Кеңсе іс қағаздарының үлгілеріне арыз, өмірбаян, тіл хат, өтініш, сенім хат, қол хат, жедел хат, анықтама, мінездеме, шақыру хат, хабарландыру, күнделік, телефонограмма, хаттама, қатынас қағазы, акт, рапорт, шарт, міндеттеме, бұйрық, есеп, еңбек дәптері, марапаттау т.б. жатады. Іс қағаздарының әр қайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары, көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Мұндай қағаздарды жазу онша қиынға соқпайды. Ол алдын ала танысып жаттығу, дағдылану арқылы меңгеріледі.

Ресми стильдің көлем, мазмұны және жазылу формасы жағынан іс қағаздарының біраз ерекшелігі бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде, көбінесе, заң, устав, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, өкімет хабарлары жазылады.

Ресми іс қағаздар стилінің (кеңсе стилі) түрлері екіге бөлінеді: бірінші — жеке адам өміріне қатысты іс қағаздары; екінші — мекеме, ұйым жұмыстарына қатысты іс қағаздары.

Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздарына мыналар жатады: өмірбаян, өтініш, арыз, түсініктеме, сенімхат, қолхат, хат, жеделхат, күнделік т.б. Мекеме ұйым жұмыстарына қатысты іс қағаздары: хабарландыру, хабарнама, анықтама, кепілдеме, мәжілісхат, бұйрық, келісімшарттар.

Ресми іс қағаздарының негізгі міндеттері: барлық адамдарға практикалық маңызы бар мағлұматтарды хабарлау, нақты жөн көрсету. Сөйлеу қалыпты, дәстүрлі сөздер мен сөйлемдерден тұрады.

Өмірбаян

Өмірбаян — оқу орнына немесе жұмысқа орналасатын адамның жеке басының сапалық қасиетін, өміріндегі негізгі кезеңдерді нақты фактілермен көрсететін іс қағазы. Оның ерекшелігі — жеке адамға қатысатындылығында. Стильдік белгісі — қысқа да тұжырымды сөйлемдер қолданылады. Айғақтар нақты санмен көрсетіледі. Өмірбаянның саяси-қоғамдық өмірбаян, жай өмірбаян, автобиографиялық деген түрлері бар. Саяси-қоғамдық өмірбаян жаңа қызметке келген мемлекет қайраткерлерін және аты көпке танымал белгілі ғалым, ақын-жазушыларды таныстыру мақсатында жазылады. Азаматтың туған жылы, қайда жасағаны, еңбек жолын қайда және қалай бастағаны, қоғамдық қызметтегі белестері, жазған еңбектері жазылады. Отбасындағы басқа мүшелері туралы қысқа ғана айтылып өтіледі. Ғылыми дәрежелері, алған атақтары да анық көрсетіледі.

Жай өмірбаян да осыған ұқсас. Ол адам өзі құжат тапсырғалы отырған оқу орнына, не мекемеге орналасқанға дейінгі негізгі өмір жолы айтылады. Туған жылы, қайда оқығаны, қайда жұмыста болғаны (не қызметте болғаны), кейбір жағдайда қандай ұйымға мүше болғаны, білім дәрежесі, кәсіби деңгейі, мамандығы нақты цифрмен көрсетіледі. Бұл өмірбаянда азаматтың талап-тілегі де қысқаша баяндалып өтеді.

Автобиография — өмірбаянның ерекше түрі. Бұл өмірбаянды ақын, жазушы, ғалымдар өз өмір белестері жайлы көркем әдеби тілмен естелік ретінде баяндайды. Автобиографияның жалпы көпшілікке үлгі аларлық жағы басым болады. Автобиографияның автопортрет, мемуар атты түрлері де болады.

Өмірбаянды жазуда мына сұрақтарға жауап беріледі:

1. Аты-жөнің кім?
2. Қашан туылдың?
3. Ұлтың кім?
4. Әкеңнің аты-жөні.
5. Әкең кім болып, қайда істеген?
6. Анаңның аты-жөні.
7. Анаң қайда, кім болып жұмыс істейді?
8. Аға-інілерің бар ма?
9. Аға-інілерің немен шұғылданады?
10. Қарындас-әпкелерің бар ма?



11. Қарындас-әпкелерің немен айналысады?
12. Сен қай жылы мектепке бардың?
13. Мектепті қашан бітірдің?
14. Мектепте қандай пәндерді тереңдетіп оқисың?
15. Мектеп бітірген соң қандай мамандық иесі болғың келеді?
16. Қайда жұмыс жасағың келеді?

Өмірбаянды жаза білуге де үлкен шеберлік керек. «Өмірбаян жазу — ол оп-оңай, қашан, қайда, кімнен тудың дегенді айтсаң болды» деп түсінеді кейбіреулер. Шындығында олай емес. Өмірбаян жазу оқушыдан үлкен тіл шеберлігін, ой ұшқырлығын, тіл дәлдігін, жазу шеберлігін талап етеді.

Өмірбаян — адамның өз өмірі мен өсу жолдары туралы баяндауы. Өмірбаян — ресми құжат түріне жатады.

Үлгі: 1. Саяси-қоғамдық өмірбаян

Ісмет Кеңесбаев (1907—1997)

Ісмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев қазіргі Шымкент облысының Созақ ауданындағы Сызған аулында 1907 жылдың 15 ақпанында туылған. Алдымен ауылда мұсылманша хат танып, 1921—1922 жылдары Түркістан қаласындағы мектепте, 1922—1926 жылдары Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында оқиды. Үшінші курста Петербордағы Шығыстану институтының түркология бөлімшесіне ауысады.

1931 жылы оқуын бітіріп, Алматыдағы Қазақ педагогика институтында қазақ тілінің мұғалімі болып істейді. Кейін Қазақ мемлекеттік медицина институты тіл кафедрасының меңгерушісі, Ғылым академиясының ғылыми қызметкері болады. Ұзақ жылдар Тіл білімі институттарын басқарды.

Ісмет Кеңесбаев тіл білімінің фонетика, лексика, фразеологизм мәселелерімен шұғылданған. Алматы, Талдықорған, Түркістан қалаларының құрметті азаматы деген атақтары бар.

1997 жылы қайтыс болған.

*(«Ғалымның биік тұлғасы» кітабынан.
Алматы, «Ғылым». 1998 ж.)*

Үлгі: 2. Жай өмірбаян

Мен, Темірбаев Батырхан, 1997 жылы Ташкент облысы, Шыназ ауданы, Саидбұрхан Нахипов аулы, Ынтымақ көшесінде жұмысшы отбасында дүниеге келдім. Әкем — қарапайым жұмысшы, мақта пунктінде істейді, анам да сол жерде жұмыс атқарады. Отбасымызда: екі інім және бір қарындасым бар. Інім коллеждің үшінші курсына, қарындасым мектептің 9-сыныбында, ал кенжетай інім мектептің үшінші сыныбында оқиды.

Мен 2003 жылы 12-санды жалпы орта білім беретін мектебінің бірінші сыныбына қабылданып, 2012 жылы бітіріп шықтым. Сол жылы Шыназ ауданындағы аграр өнеркәсіптік коллежіне оқуға түсіп, 2015 жылы бітірдім. 2016 жылдан бастап Гүлістан мемлекеттік университетінің талапкерімін. Қазірде сол университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінде оқимын.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Өмірбаян қандай іс қағаз үлгісіне жатады?*
2. *Өмірбаянның қандай түрлері бар?*
3. *Саяси-қоғамдық өмірбаянның жай өмірбаяннан айырмашылығы неде?*
4. *Белгілі қоғам қайраткері, ақын-жазушылар, өнер адамдары жайлы жазылған өмірбаяндарды дәптерлеріңе жазып алыңдар.*
5. *Өздеріңнің не болмаса отбастарыңдағы жақын адамдарыңның біреуінің өмірбаянын жазыңдар. Оны мұғаліммен бірге мемуарлық шығармалардағы өмірбаян мәтінімен салыстырыңдар.*
6. *Мекембай Омарұлының саяси-қоғамдық өмірбаянын жазыңдар.*
7. *Өмірбаян стиліне сай өз өмірбаяндарыңды жазыңдар.*

Арыз

Арыз — ұйым басшысының, лауазымы жағынан жоғары тұрған адамның атына белгілі бір ақпаратты, өтінішті, мәліметті жеткізу мақсатында жазылатын іс қағазының бір түрі. Арыз көлемі жағынан шағын болады, 1—3 бет немесе 500—5000 белгі аралығында.

Арыз, көбінесе, жеке адам атынан жазылады. Іс жүзінде қойылған мәселе бірден бірнеше адамның немесе үлкен ұжымның мүддесін көздейтін ұжымдық арыз түрлері де кездеседі. Арыз белгілі бір себеппен ғана жазылады. Әдетте, онда бір ғана мәселе көтеріледі. Арыз онда айтылған мәселені шешуге құқы бар адам атына жазылады.

Арыздың бірнеше түрі бар: өтініш түрінде жазылатын арыз, шағым түрінде жазылатын арыз, түсініктеме түрінде жазылатын арыз, түсінік түрінде жазылатын арыз. Бұлардың әрқайсысы ондаған нұсқада жазы-

лады. Арыз жазу ережесі барынша қарапайым десе де болады. Арыздың өзіндік алты белгісі бар: кімге жолданғаны, кім жазғаны, құжат аты, мазмұны, қолы және датасы.

Арыз сиялы я шарикті қаламмен, таза, түзетулерсіз жазылуы керек. Компьютер немесе оргтехниканы қолдануға болады. А 4 форматты, кейде А 5 форматты қағазға жазылады.

Арыз құрылымы:

1. Құжат адресациясы (кімнің атына жазылғаны).
2. Құжат аты.
3. Негізгі мәтін.
4. Қосымша болса, оған сілтеме.
5. Жазылу мерзімі.
6. Қолы.
7. Арыз мазмұнымен келісушілер қолы.

Адресацияға лауазым иесінің, мекеме, ұйым басшысының ресми қызметінің толық аты, қажет жағдайда фамилиясы, аты-жөні кіреді. Адресация парактың оң жағына ала жазады. Егер арыз бірнеше лауазым иесіне бірден жазылып отырған болса, олардың барлығының ресми қызметі (қажет жағдайда фамилиясы, аты-жөні) адресацияда көрсетілуі қажет.

1. Арыздың қолдану аясы: жиын, жиналыстарда қаралады; алдын ала жазылған арызбен мекеме басшысы танысып, тіркеуге алады.

2. Сөйлеу міндеттері: қоғамдық істерге адамдардың дұрыс қатынасын қалыптастыру, жеке адамның іс-әрекетіне келіспеушілікке, басқа да қызмет тәртібінің бұзылуына байланысты жазылады.

3. Стилдік белгілері: келіспеушілік, жұмыс тәртібінің бұзылуы, т.с.с. жағдайлар нақты айғақтармен баяндалады.

4. Тіл тәсілдері: салыстырмалы пікірлер, айғақты оқиғалар баяндалған хабарлы сөйлемдер.

Арыздың жазылу стилі, өтініштің жазылу үлгісіндей болады. Арыз иесі, мекенжайы көрсетілмеген арыз түрі «домалақ арыз» деп аталады. Ондай арыздар ұйымның, көпшіліктің талқысына салынбайды.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Арыз қандай мақсатта жазылады?
2. Арыз бен өтініштің ерекшелігі неде?
3. «Домалақ арыз» туралы пікірлерің қандай?
4. Арыз жазуға не себеп болады деп ойлайсыңдар?
5. Спорт секцияларына, үйірмелерге қатысуға сұралатын өтініш жазыңдар.

Үлгі: Арыз (Өтініш)

Шыназ ауданына қарасты 12-санды жалпы орта білім беретін мектептің директоры Ахмедов Зафар Каримовичке осы мектептің 9-сыныбын бітіруші Қыдырқожа қызы Әйгерімнен

Арыз

Мені Өзіңіз басқарып отырған мектептің 10-сыныбына қабылдауыңызды өтінемін.

20 тамыз, 2017 жыл.

Ә. Қыдырқожа қызы

Сенімхат

Сенімхат — бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін адамға (сенім білдірген) берген жазбаша өкілдігін айтады. Сенімхатта сенім білдірген адамның өкілеттік шеңбері, мазмұны мен сипаты көрсетіледі.

Сенімхаттар бір жолғы, арнаулы және жалпы болып бөлінеді. Бір жолғы сенімхат бір әрекетті жасау үшін беріледі. (Ұйымның атына келген жүкті алу) Арнаулы — уақыттың белгілі бір кезеңінде бірыңғай әрекеттерді жасау үшін беріледі. (Мысалы, жыл бойы стансадан жүк алып тұру.)

Сенімхат мына жағдайларда тоқтатылады: оның мерзімі аяқталғанда, сенім беруші оның күшін өзі жойғанда, сенім арқылы оны орындаудан бас тарқанда, сенім алушы адам соның атынан әрекет етіп жүрген заңды ұйым жойылғанда, сенім беруші немесе сенім алушы өлгенде, егер олардың бірінің әрекет ету қабілеті толық болмаса яки олардың бірі — хабар-ошарсыз жоғалып кетсе.

Ал жалпы сенімхат өкілетті уәкілдің өкілеттігі шеңберінде әр түрлі қызметті іске асыру үшін, мысалы, заңды тұлғаның бөлімшесін басқару үшін беріледі.

Заң сенімхаттың қарапайым жазбаша және нотариалдық нысанын белгілейді. Сенімхаттың қарапайым жазбаша нысаны мемлекеттік ұйым атынан берілсе, онда оған басшының қолы қойылып, ұйымның мөрі соғылуы тиіс.

Азаматтың жеке меншігіндегі бұйымның екінші біреуге пайдалана тұруға бергенде, сенімхат арқылы жасалған құжат заңды деп табылады.

Сенімхат жеке тұлғаның қатысуымен ғана емес куәлар арқылы және заңды мекемелер арқылы да расталады.

Үлгі: Сенімхат

2017 жылдың қыркүйек айының 5-жұлдызынан бастап Бекжанов Әбдірахманның жеке меншігіндегі SAMSUNG маркалы компьютер аппараты Мырзахметова Рахиланың пайдалануына сеніп тапсырылады. Аппараттың қалыпты жұмыс істеуі мен техникалық сапасының дұрыс сақталуына азаматша Рахила Мырзахметова жауапты деп саналады.

Сенімхатты растаушы куәлар: _____

(аты-жөні, қолы)

Сенімхатты растаушы мекеменің

басшысы: _____

(аты-жөні, қолы)

Сенімхатқа мөр басылады. Белгілі мерзімі де көрсетіледі. Сенімхатты беруші де, қабылдаушы да заң алдында бірдей құқыққа ие.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сенімхат қандай мақсатта жазылады?
2. Сенімхатты жазудың пайдасы не?
3. Сенімхатты жазуда кімдер қатысады?
4. Әкеңнің не туыстарыңның жеке меншігіндегі автомашинаны екінші бір сенімді адамға сенімхат арқылы өткізіп беруге әрекет етіп көр.

МІНЕЗДЕМЕ

Мінездеме — түрлі мекеме, ұйым, бірлестік, оқу орындарында белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыдан жазбаша сипаттау мақсатында жиі жазылатын іс қағазының бір түрі.

Қызметтік мінездеме — мінездеменің айрықша кең тараған және әмбебап формасы. Қызметкерді объективті әрі нақты мінездеу қажет болған жағдайда жазылады. Қорытынды бөлімі еркін стильде жазылады және құжат мазмұнын түйіндейді.

Мінездеме қызметкерді басқа бір ваканцияға я болмаса оқу орнына ұсыну мақсатында да жазылады. Мұнда ұсынылған адамның аталған ваканцияға қажет деген мінез-қасиеттері, кәсіптік шеберлігі айтылады.

Аттестациялық мінездеме белгілі бір адамның атқарып отыратын қызмет орнына лайық, лайық еместігін тексеру мақсатында жүргізілетін аттестация қорытындысына орай жазылады. Мұндай мінездеме қорытындысында «атқарып отырған қызметіне лайық», «қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық» немесе «атқарып отырған қызмет орнына лайық емес» деген сияқты түйінді сөздер жазылады.

Жеке (функционалды) мінездемелер адамның жеке басының мінезін, білімін, шеберлігін, икемділігін т.б. сипаттай отырып жазылады. Қорытынды бөлімінде мінездеме не мақсатпен жазылғандығы атап көрсетіледі. Мысалы, «Еңбек келісімін ұзату...»

Мінездеме А4 форматты параққа жазылады. Көлемі 1 беттен аспауы керек. Мінездеме мәтіні компьютерде теріліп, кейін принтерден шығарылады. Тақырыпты өмірбаяндық мәліметтерді, қорытынды мен негізгі түйінді үлкендеу шрифтпен беруге болады.

Кейде мінездеме жоғары жағында мекеменің аты, логотипі, фирмалық белгісі көрсетілген арнайы бланкілерде де жазылады. Әр данасы есепте тұратын арнайы бланкілерге жазылған мінездемелер мінездеме беруші адамның және ұйым жетекшісінің қолымен расталады. Барлық мінездемелерге мекеме мөрі басылады.

Мінездеме ресми стильде, бейтарап тонмен жазылады. Мәтін баяндаушы ашық райлы етістікпен жасалады (беріледі, орындады, көріне білді, көрсетті)

Мінездеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- 1) тақырыбы;
- 2) мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет;
- 3) негізгі мәтін;
- 4) қорытынды;
- 5) мінездемені талап етуші ұйымның аты;
- 6) мінездеме берілген күн, ай, жыл;
- 7) мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы;
- 8) қосыша (егер болса).

Мінездеменің тақырыбы парактың жоғары жағын ала, орта тұсына қарай үлкен әріптермен жазылады.

Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәліметке мыналар кіреді:

Фамилиясы, аты-жөні, туған жылы, білімі, мекемедегі жұмыс стажы (-жылдан бастап қызмет етеді), қазіргі атқаратын қызметі. Басқа да кейбір мәліметтер қосымша берілуі мүмкін (мысалы, диплом бойынша мамандығы немесе білім түрі т.б.)

Негізгі мәтінде атқарып жүрген қызметін, өз мамандығын қаншалықты меңгертіндігі, кәсіптік білім деңгейі, біліктілігі, қызмет бабында жеткен жетістігі мен кемшілігі жазылады. Қысқаша әлеуметтік-психологиялық портреті беріледі. Әріптестерімен қарым-қатынас жағдайы, отбасы жағдайы, ұжымдағы орны, абыройы, сын көтеру қабілеті жазылады. Кей жағдайда (оқуға немесе іссапарға жіберу) денсаулық жағдайы да айтылады. Қажет деп табылған жағдайда негізгі мәтінге шетел сапарлары, зерттеу жұмыстары, өз бетімен жүргізген жұмыстары, жетекшілік, ұйымдастыру қабілеті де кіргізіледі.

Мәтін, көбіне, жай сөйлемдермен қалыптасқан сөз орамдары мен сөз тіркестерін, стандарт терминдерді қолдана отырып, басы артық қысқартуларсыз жазылады. Қорытынды негізгі мәтіннің түйінделген, жинақталған бөлігі болып табылады. Мұнда мінездеме беріліп отырған адамның перспективалық қызметіне байланысты бір-екі нақты ұсыныс енгізіледі. Негізгі мәтіннен кейін (қорытынды) сөзін азат жолдан, бас әріптермен жазып, негізгі түйінді немесе ұсынысты атап көрсетуге болады. Мысалы, Қорытынды: 1. Атқарып жүрген қызметіне лайық. 2. Кәсіптік дайындық деңгейін, басшылық қызметтегі тәжірибесін, ескере отырып Ж.Ү. Өтегеновті конкурстық негізде кафедраның аға оқытушы лауазымына ұсынуға болады.

Мінездемені талап етуші ұйымның аты толық, ресми түрде аталуына сәйкес жазылады. Кейде мінездеме не мақсатпен берілгені атап айтылады. Бұл қорытындыдан кейін 1 интервал жіберіліп барып жазылады. Мысалы, «Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің қабылдау комиссиясына тапсыру үшін берілді».

Мінездеме жазылған дата ұйым атынан кейін 1 интервал жіберіліп барып парактың сол жақ бөліміне жазылады. Ай аты жазбаша беріледі. Мысалы, 26 мамыр 1999 жыл.

Мінездеме беруші туралы мәліметке мінездеме берушінің ресми қызмет аты, қолы, фамилиясы, аты-жөні кіреді. Қосымша ретінде қажет деп табылған жағдайда:

- белгілі үлгідегі бірнеше фотосурет;
- білімі туралы құжат көшірмесі;
- бұрынғы мінездемелер көшірмесі я одан алынған үзінді;
- анықтамалар жіберіледі.

Егер мінездемеде қосымша болатын болса, ол жайында парактың соңында жазылады. Ал қосымша бірнешеу болатын болса жолдама хат дайындалып, сонда көрсетіледі. Мінездеменің жалпы құрылымы осындай. Кей жағдайда мінездеме алушы адам парактың соңына «мінез-

демемен таныстым» деп жазып қол қояды. Фамилиясын, танысқан күнін де жазады. Мінездеме 2 дана етіп дайындалады. Біреуі талап етуші мекемеге жіберіледі, екіншісі мінездеме иесінің жеке ісіне я мінездемелер тіркелетін іске тігіледі.

Мінездеме де жалпы тәртіп бойынша жіберіледі.

Жаппар Өтегенов Үсенұлы, 1960 жылы туған, ұлты – қазақ, білімі жоғары. Өзбекстан Республикасының азаматы.

Мінездеме

Жаппар Өтегенов Үсенұлы – 1960 жылғы қаңтар айының 18-інде Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы, Жоғары шыршық ауданы, Балта ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1978–1980 жылы Ресейдің Хабаровск қаласында екі жылдық мәжбүри әскери қызметте болып қайтты.

1980 жылы Ташкент қаласындағы темір-бетон құю зауытында қызмет атқарды. Ал, 1981–1985 жылдары Қазақстан Республикасы Қызылорда қаласындағы Гоголь атындағы мемлекеттік педагогика институтына оқуға түсіп, қазақ тілі және әдебиеті бөлімін үздік бітірді.

1985 жылы Жоғары шыршық ауданындағы жалпы білім беретін 18-орта мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша мұғалімдік қызметін атқарды.

2003 жылы Ташкент облысы мұғалімдер білім жетілдіру институтында аға оқытушы және аға әдіскер лауазымдарында жұмыс істеді.

2007 жылы Ташкент облысы мемлекеттік педагогика институтында қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі лауазымында қызмет атқарды.

2013 жылдан бастап қазіргі күнге дейін Сырдария облысындағы Гүлістан мемлекеттік университетінде оқытушы лауазымында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен студенттерге білім беріп келеді.

Ол бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Ж.Ү. Өтегеновтің «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиеті тарихы» деп аталатын оқу қолданбалар жазған. Ж.Ү. Өтегенов қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біледі, компьютермен жұмыс істей алады.

Ж.Ү. Өтегенов — студенттер мен әріптестерінің арасында беделді, үлгілі отбасы иесі.

Мінездеме аға оқытушылық лауазымына ұсыну үшін беріледі.

Кафедра меңгерушісі:

Д.Ф. Нұрмұхаммедова

28 маусым, 2017 жыл



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мінездеме қандай стильге жатады?
2. Мінездеме дегеніміз не?
3. Мінездеме не үшін қажет?
4. Мінездеменің қандай түрлері бар?
5. Мінездеменің жазылу тәртібі қандай?
6. Достарыңа мінездеме жазыңдар.

Қайталау

1. Берілген сұрақтарға толық жауап беріндер.

1. Қазақ тілінің синтаксис саласы нені зерттейді?
2. Сөз тіркестері дегеніміз не, оның зерттеу нысаны қандай?
3. Еркін сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестерінің қандай айырмашылықтары бар?
4. Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай қалай жасалады?
5. Хабарлы сөйлем дегеніміз не, олар қалай жасалады?
6. Бұйрықты сөйлем дегеніміз не?
7. Сұраулы сөйлемдер қалай жасалады?
8. Лепті сөйлем дегеніміз не, оларға мысалдар келтіріндер?
9. Лепті сөйлем мен бұйрықты сөйлемдердің қандай өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар екендігін айтыңдар.
10. Ресми іс қағаздарын қалай түсінесің?
11. Арыз бен өтініштің қандай ерекшеліктері бар?
12. Өмірбаян қалай жазылады, мысалдар келтіріндер?
13. Сенім хат қалай жазылады?
14. Өмірбаян қалай жазылады?
15. Мінездемеге түсінік беріндер.

2. Суретке қарап шағын әңгіме құрандар. Мәтін түзуде хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді пайдаланыңдар.



3. «Наурыз — жыл басы» деген тақырыпта суретке қарап мәтін құрастырыңдар және ауызша айтып беріндер.





ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. *С.М. Исаев*. Қазақ тілі. Алматы. Өнер баспасы. 2007, 207 бет.
2. *М.Б. Балақаев*. Қазақ әдеби тілі. Алматы. «Дайк-Ресс» баспасы. 2007, 470 бет.
3. *Ш.К. Бектұров*. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы. «Атамұра» баспасы. 2006, 334 бет.
4. *Н. Уәли, Ө. Қыдырбаев*. Қазақ тілі. 10-сынып. Алматы. «Мектеп» баспасы. 2006, 262 бет.
5. *Н. Оразақынова, Н.Әміреев, Н.Сапақова*. Қазақ тілі. 10-сынып. Алматы, «Мектеп» баспасы. 2006.
6. *Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, М.Темірбаева*. Қазақ тілі. 10-сынып. Өзбекстан» баспасы. Ташкент, 2005.
7. *М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томаов, Б.Манасбаев, Д.Айтбаев*. Қазақ тілі стилистикасы. Гүлістан. 2017.
8. *М.Әуезов*. Абай жолы. Төртінші басылым. Алматы. «Жазушы» баспасы. 2006.
9. *М.Мақатаев*. Аманат. Алматы, «Атамұра» баспасы. 2002.
10. *К.Оразалин*. Абай аулына саяхат. Алматы. «Жалын» баспасы, 1994.
11. *М.Мағауин*. Шақан — Шері. Алматы. «Атамұра» баспасы. 2005.
12. *Б.Соқпақбаев*. Менің атым Қожа. Алматы, «Жалын» баспасы, 1976.
13. *Т.Рыскелдиев*. Ұлы көш. Алматы, «Өлке» баспасы. 2001.
14. *Б. Майлин*. Екінші том. Пьесалар. Алматы, «Жазушы», 1987.
15. *К.Яшен*. Менің Бұхарам. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1980.
16. *Сейдін Бизақов*. Синонимдер сөздігі. Алматы. Арыс. 2007.
17. *І.Кеңесбаев*. Фразеологиялық сөздік. Алматы, Арыс 2007.
18. *Ғарифолла Әнес, Алмас Үдербаев*. Диалектологиялық сөздік. Алматы. Арыс. 2007.
19. *Тұрағұл Қоңыров*. Тұрақты тенеулер сөздігі. Алматы. Арыс. 2007.
20. *Қазақ афоризмдер*. Алматы. Кітап. 2009. 295 бет.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Бірінші қыркүйек — тәуелсіздік күні.....	6
Қазақ әдеби тілі	
Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.....	8
Қазақ тілі — көне тіл.....	9
Ұлттық тіл мен әдеби тіл.....	15
Қазақ әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрі.....	19
Тіл және стилистика	
Тіл және стиль.....	23
Стилистика туралы түсінік.....	26
Сөйлеу стилдері мен тілдік құралдар	30
Сөйлеу стильдерінің негізгі түрлері.....	33
Лексикалық құралдарды сөйлеу стилдерінде қолдану	
Мәндес сөздер стилистикасы	37
Омоним сөздер стилистикасы.....	40
Дөрекі сөздер стилистикасы	
Диалект сөздер, архаизм және историзмдер.....	44
Кокырсық және былапыт сөздер.....	47
Терминдер мен кәсіби сөздер лексикасы стилистикасы.....	51
Тұрақты сөз тіркестері стилистикасы.....	53
Пысықтау жұмысы.....	55
Морфологиялық құралдарды сөйлеу стилдерінде қолдану	
Көптік жалғау стилистикасы.....	61
Септік жалғау стилистикасы.....	64
Тәуелдік жалғау стилистикасы.....	68
Жіктік жалғау стилистикасы.....	71
Жұрнақтар стилистикасы.....	74
Көмекші сөздер стилистикасы.....	76
Синтаксистік құралдарды сөйлеу стилдерінде қолдану	
Синтаксистің стилистикалық қызметі.....	80
Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері стилистикасы.....	82
Сұраулы сөйлем және риторикалық сұраулы сөйлемдер стилистикасы.....	86
Қаратпа, қыстырма, одағайлар стилистикасы.....	89
Пысықтау жұмысы.....	90
Ресми іс қағаздары	
Ресми және жеке хаттар, олардың түрлері мен өзіндік ерекшеліктері	97
Өмірбаян.....	98
Арыз.....	100
Сенімхат.....	102
Мінездеме.....	103
Қайталау.....	107
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	109

**Dilshatqoja Temirbayevich AYTBAYEV,
Gulchexra Ermekbayevna AYTBAYEVA,
Gulbaxar Qhralbay qizi ABDURAIMOVA**

QOZOQ TILI

Oʻrta taʼlim muassasalarining 10-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

1-nashri

*Редакторы **Ж. Абдураимова***

*Тех. редакторы **Е. Толочко***

*Корректоры **Ж. Абдураимова***

*Компьютерде беттеген **Г. Азизова***

Лицензия нөмірі AI № 163. Басуға 2017 жыл 4 тамызда қол қойылды. Пішімі 70×90^{1/16}. Times KAZ гарнитурасы. Кегли 11. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 8,19. Есептік баспа табағы 6,24. Таралымы 5321 нұсқа. Келісім № 98—2017. Тапсырыс № 17-600.

Макетті әзірлеген Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің Чулпан атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.
Телефон: (371) 244-10-45. Факс: (371) 244-58-55.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «Oʻzbekiston» баспа-полиграфиялық шығармашылық үйінде басылды. 100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Айтбаев, Д.

А 32 Қазақ тілі — [текст]: 10-сыныбы үшін оқулық/Д. Айтбаев, Г. Айтбаева, Абдураимова. — Т.: Чулпан атындағы БПШҮ, 2017 — 112 б.
ISBN 978-9943-05-984-9

**УЎК 811.512.122(075)
КБК 81.2Қоз-922**

***Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте***

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

***Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда
қайтарып тапсырады.***

***Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау
мөлшері негізінде толтырады:***

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.